

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ
АКАДЕМИЯСЫ**

БАЗАРОВ МАДИ МАНСУРОВИЧ

Квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық мәселелері

«6M030300-құқық қорғау қызметі»

мамандығы бойынша заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері
кафедрасының меңгерушісі,
заң ғылымдарының кандидаты,
әділет аға кеңесшісі:

_____ Н.Ш. Жемпиисов

Магистрант:
_____ М.М. Базаров

Қосшы, 2020

Түйіндеме. Зерттеу жұмысы толық аяқталған, екі тарау, төрт бөлімнен, 94 беттен тұрады. Аз зерттелген, тың тақырыптардың бірі болып табылады. Бүгінде квазимемлекеттік сектор жемқорлығы дәстүрлі саналатын мемлекеттік саладағы жемқорлықтан артып түспесе кем түспеуде. Бұл өз кезегінде, елдің экономикалық тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Оған қарсы қабылданып жатқан шаралар нәтижелері төмен болып қалуда. Соған байланысты қылмыстық-құқықтық мәселелері зерттеліп, оларды заңнамалық тұрғыдағы жетілдіруге ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижелерінен шығарылған заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар құқықшығармашылық қызметте, тәжірибеде құқыққолданушылармен пайдалануы мүмкін. Квазимемлекеттік секторды сыбайлас жемқорлықтан сауықтыру негізінде елдің экономикалық дамуы артып, халықтың әл-ауқатын көтеруге септігін тигізуі мүмкіндігі зерттеудің тәжірибелік маңызын ашады.

Резюме. Исследовательская работа полностью завершена, состоит из двух глав, четырех разделов, 94 страниц. Является одной из немногих изученных тем. Сегодня коррупция квазигосударственного сектора не уступает коррупции в «традиционной» государственной сфере. Это, в свою очередь, наносит ущерб экономической стабильности и безопасности страны. Результаты принимаемых против него мер остаются низкими. В связи с этим были изучены уголовно-правовые проблемы, и даны рекомендации по их законодательному совершенствованию. Рекомендации по совершенствованию законодательства, вынесенные из результатов исследования, могут быть использованы в норматворческой деятельности, практике правоохранительными органами. Практическое значение исследования раскрывает возможность повышения экономического развития страны и повышения благосостояния населения на основе оздоровления квазигосударственного сектора от коррупции.

Summary. The research work is fully completed and consists of two chapters, four sections, and 94 pages. It is one of the few topics studied. Today, corruption in the quasi-public sector is not inferior to corruption in the traditional public sphere. This, in turn, damages the country's economic stability and security. The results of measures taken against it remain low. In this regard, criminal law problems and recommendations for their legislative improvement were studied. Recommendations for improving legislation made from the results of the study can be used in law-making activities and practice by law enforcement agencies. Practical value of the study reveals the possibility of increasing economic development and improving the welfare of the population through improvement of quasi-public sector from corruption.

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілеулер	4
Кіріспе	5
1. КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1.1 Квazимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың құқықтық негіздері	11
1.2 Квazимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың қылмыстық-құқықтық мәселелері	37
2. КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	
2.1 Квazимемлекеттік сектор субъектілері аспектісіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілігінің кейбір мәселелерін жетілдіру жолдары	55
2.2 Заңсыз баюдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетігі ретінде құқықтық мәселелері	75
Қорытынды	99
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	102

Қысқартулар мен белгілеулер

АҚ – Акционерлік қоғам

АҚШ – Америка құрама штаты

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ЕҚҰЫ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР ҰЭМ – Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі

РФ – Ресей федерациясы

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

ҚР АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

ҚР ӘҚБтК - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

ҚР ҚПК- Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексі

Қазақ КСР - Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ЭЫДҰ - Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы

СЖҚИ - Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Стратегиясы: сыбайлас жемқорлықты елдің ұлттық қауіпсіздіне тікелей қауіп-қатер қатарына жатқызып және мемлекет пен қоғамды осы теріс құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге басты бағыттаушы құжат ретінде айқындалған.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың маңызды мәселесінде бойынша негізді ұстанымын айқындайтын еліміздің негізгі стратегиялық құжаты, мемлекеттің алдағы жылдардағы оған қарсы саясатының негізі ретінде болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын төмендететін, мемлекеттік биліктің басқарудың тиімділігін, әлеуметтік-экономикалық дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Еліміз мемлекеттік егемендіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда тиімді, әлемдік қалыптарға сай институттары мен тетіктерін енгізу бағытымен, кезеңдеп жүйелі және мақсатты бағытталып келеді.

Әлемдік деңгейде түрлі сарапшылардың пайымдауынша, «дәстүрлі» болып саналатын мемлекеттік саладағы жемқорлық көлемдерінен артық болмаса кем түспейтін корпоративтік сектор жемқорлығы шешімін талап етуші өткір мәселелердің біріне айналған. Отандық экономикалық модель жағдайында негізгі корпоративтік сектор қатысушысы болып квазимемлекеттік сектор болып табылады.

Отандық экономиканың басым активтерін қолын шоғырландырған квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлық мәселесі бүгінде мемлекет, қоғам және кәсіпкерлік үшін өткір мәселеге айналған. Оның салдарының қауіптілігі елдің әлеуметтік-экономикалық егеменділігіне ауыр нұқсан келтіруде. Сонымен, қатар салауатты экономиканың іргетасы болып саналатын бәсекелестікті шайқап, «көлеңкелі экономикаға» қолайлы жағдайлар туғызуда.

Сондықтан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегиясында квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық мәселесіне үлкен мән берілген.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі әр жылда сайын мемлекет басшысының ел халқына Жолдауларында жарияланып тұрады, онда Еліміздің Президенті мемлекеттік органдардың алдына көрсетілген мәселелер бойынша қарсы іс-қимылды күшейту бойынша нақты міндеттер қойылуда.

Таңдалынып алған тақырып қазіргі заманда ең өзекті мәселелердің бірі, өйткені, сыбайлас жемқорлық барлық салада кең тарап, етек алған құқыққа қарсы қауіпті құбылыстардың біріне айналып барады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жалғыз біздің елімізде емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінде алдыңғы қатарда шешілетін мәселе болып отыр. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасының экономикалық-

әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қылмыстық топтардың әрекеттеріне тосқауыл қоятын шара ретінде танылған.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Нақты мәселеге арналған зерттеулер өте аз, тың тақырыптардың қатарына жатқызуға болады, квазимемлекеттік сектордың экономикалық табиғаты әртүрлі болуына байланысты оған мемлекеттік қызмет саласындағы жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін қолдану тиімділігін бермеуі мүмкін және осыған қатысты заңнамалық жетілдіруді талап етуде. Осыған орай, мәселенің құқықтық табиғатын, осы бағыттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында кешенді түрде мемлекеттік тілде зерттеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу тақырыбы төңірегінде зерттеу жұмыстары өте, отандық деңгейде тек М.Д. Каражанов, Ж.К. Каражанова, Д.А. Жампеисов сынды құқықтанушы зерттеушілерді атауға болады. Бұл зерттеу жұмысының маңызы мен қажеттілігін тағы да аша түспек.

Қазақстан Республикасының заң ғылымының дамуына қылмыстардың түрлі аспектілері бойынша алдын алу мәселелеріне байланысты өз үлестерін қосқан көптеген қазақстандық ғалымдардың: Алауханов Е.О., Абдрахманов С.З., Ағыбаев, Алпысов С.М., Ақылбай С.Б., Есипов В. В., Борчашвили И.Ш., Джандосова Ж.К., Б.А. Жетписбаева, Жукенов А.Т., Дулатбеков Н.О., Мауленов Г.С., Абдыкаримов О.А., Тұрғымбаев Е.З., Наумов А.В., Светлов А. Я., Рахметов С.М., Квициния А. К., Будатаров С.М., Никонов П. В., Хомутова А.В., Касаткин Ю. П., Молдабаев С. С., Кузнецов Ю.А., Силинский Ю.Р. сыбайлас жемқорлықтың құқықтық аспектілерін зерттегендігін атап өту қажет.

Зерттеудің мақсаты және міндеттері.

Жұмыстың мақсаты – квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетіктерін одан әрі дамыту мақсатында теориялық негіздер мен тәжірибелік ұсыныстарды жүйелендіру. Осы мақсаттарға сәйкес төмендегі міндеттерді шешу керек:

- квазимемлекеттік секторындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілігінің кейбір мәселелерін құқықтық жетілдіру;
- сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін корпоративтік секторға құқықтық салдар тетіктерін қалыптастыру;
- заңсыз баю институтының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы әлеуетін, оның шетелдік тәжірибелерде қолданылуын зерделеп, соның негізінде жемқорлыққа қарсы тиімді күрес жолдарын қарастыру негізінде құқықтық ұсыныстарды шығару.

Диссертацияның зерттеу объектісі. Диссертациялық зерттеудің объектісі ретінде квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ішіндегі қылмыстық-құқықтық аспектілерге негізделген қарым-қатынастар алынды.

Зерттеудің пәні ретінде, Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық аясындағы заңнама және басқа қағидалы актілерді қолдану тәжірибесі пайдаланылады.

Диссертацияны зерттеу заты – квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық бағытындағы мемлекеттік органдар мен іс-қимылдың өзге де субъектілерінің қызметі. 2017-2020 жылғы кезеңдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нәтижелеріне талдау, қабылданған заңнамалық, құқықтық нормаларды зерттеу кіреді.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасы заңнамасындағы белгіленген квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мәселелеріне жаңаша талдау жасалынып, қылмыстық-құқықтық құралдардың тек жемқорлық салдарымен күресуші ғана емес, оның алдын алу тетіктері ретінде мүмкіндіктерін қарастырған, осы тұрғыда заңдарды жетілдіруге ғылыми ұсыныстар жасау мәселелері жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасы тәжірибесіне қатысты өзекті мәселелерді халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып талдау жасалынды. Бұл зерттеуде Еуро Одақ, Ұлыбритания, АҚШ, Жапония, Дания, Швеция, Оңтүстік Кореяның осы бағыттағы тәжірибелері, ТМД мемлекеттері, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңгерлерінің еңбектері мен құқықтық тұжырымдамалар айрықша орын алды.

Зерттеудің әдестері мен әдіснамалық негіздері.

Зерттеудің әдіснамалық негізі-диалектика танымның жалпы ғылыми әдісі, жеке-ғылыми және арнайы әдістер: тарихи, салыстырмалы-құқықтық, логикалық-заңдық, статистикалық, салыстырмалы құқықтану әдісі, сондай-ақ талдау, синтез сияқты таным әдістері құрады.

Зерттеудің нормативтік және ақпараттық базасы Қазақстан Республикасы Конституциясының, халықаралық нормативтік құқықтық актілердің, Қылмыстық Кодекстің және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің және өзге де заңдардың, сондай-ақ, ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, зерттеу мәніне қатысты ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің, шет мемлекеттердің қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының ережелері болып табылады.

Зерттеудің эмпирикалық негізін: 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңдегі ресми құқықтық статистика деректері; сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша материалдық және іс жүргізу қылмыстық заңнамасының нормаларын қолдану тәжірибесі; ғылыми әдебиетте жарияланған әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері; зерттеу тақырыбы бойынша қылмыстық істердің материалдарын зерделеу барысында алынған деректер құрайды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық негізін жалпы құқық теориясы, криминология және заң ғылымының басқа салалары бойынша, сондай-ақ қылмыстық құқық және қылмыстық процесс саласындағы Ағыбаев А.Н., М.Д. Каражанов, Ж.К. Каражанова, Д.А. Жампеисов, Г.С. Мауленов, Д. Куаншалиев, Н.Н. Турецкий, Т. Ибраимов, В.Д. Адрианов, Филиппова Т.В. Авдеев В.А., Н.А. Подольный, Н.Н. Подольная, Клейнер Г.Б. Красноусов С.Д., Семькина О.И., Шаргородский М.Д., Даллакян М.С., К.А. Сыч, Дамаскин О.В., Волков А.Н., М.Н. Билинская, В.В. Моисеев, В.Ф. Ницевич, Драко Кос және т.б. ғалымдардың еңбектері құрады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында тың, аз зерттелген мәселелердің бірі болып саналатын тақырыпты ашуға өз үлесін қосуда. Квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық мәселелерін зерттеуге арналған кешенді ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады. Оның жаңалығы және құндылығы қаралатын мәселенің маңыздылығында, осы бағыттағы заңнаманы жетілдіру үшін нақты, құқықтық негізделген ұсыныстар берілген, ол сондай-ақ жұмыста баяндалған қорытындылар мен ережелерде байқалады.

Зерттеу нәтижесінен ұсынылатын құқықтық жетілдіру тетіктері жоғары латенттілікке ие квазимемлекеттік секторды сыбайлас жемқорлықтан сауықтыруға септігін тигізуі мүмкін. Алдағы уақытта басқа да ғылыми зерттеу жұмыстарында пайдалануы мүмкін.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1. Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық құқықтық тетіктерін жетілдіру және құқық қолданудағы қиындықтарды шешу мен заңнаманы жетілдіру мақсатында ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1 бабының 2-2 тармақшасына: «Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындауға жалдамалы нысанда қызмет ететін адам» деп толықтыру қажет. Ол мемлекеттік ұйымда, квазимемлекеттік секторда болсын сыбайлас жемқорлықпен күресте сырт қалатын «аутсорсинг» және «аутстаффинг» жағдайындағы тұлғаларға жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыруға мүмкіндік берер еді. Осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттырып, қылмысы үшін жазадан жалтарынбау жазасын одан әрі жетілдірудің көрінісі болады.

2. Заңды тұлға мүдделері үшін оның өкілімен сыбайлас жемқорлық қылмысына барған жағдайда, заңды тұлғаға қылмыстық-құқықтық емес нысандарда ықпал жасау тетіктерін енгізу мақсатында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабындағы кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары қатарына: «Кәсіпкерлік субъектісінің мүддесі үшін оның өкіліне қатысты сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық үшін айыптау үкімі немесе әкімшілік ісі бойынша қаулының күшіне енген жағдайда кәсіпкерлік субъектісіне қатысты заңнамада қарастырылған тәртіпте жауапкершілік туындайды» деп толықтыру қажет. Яғни, бұл бланкеттік норма болғандықтан, сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік сатып алулар туралы заңының 6-бабындағы мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер қатарына: «Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары бойынша заңды тұлға мүддесі үшін өкіліне қатысты немесе жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметінің мүддесіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуларға қатысу мүмкіндігі 3 жылға дейін шектеледі» деп толықтыру. Сонымен қатар,

тиісті норманы квазимемлекеттік секторлардағы тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуларға енгізу қажет.

Бұл кәсіпкерлік субъектілерінің сыбайлас жемқорлықсыз адал, бәсекелестік ортада әрекет етуіне, экономикамыздың сапалық тұрғыда дамып, нәтижесінде халықтың әл-ауқатының артуына септігін тигізеді.

3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының жоғары латенттілігіне ие болуына байланысты онымен тиімді күресте негізгі күшті оның пайдакүнемдік іргетасына бағыттау қажеттігі айқындалуда. Соның көрнекті нысаны ол «заңсыз баю» институты, сыбайлас жемқорлықтың тек салдарымен ғана емес, сондай-ақ, оның алдын алуға мүмкіндік берер еді. БҰҰ Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы конвенциясының 20-бабын және ҚР Конституциясының 39-бабын негіздерінде ҚР ҚК-нің 15 тарауына «заңсыз (негізсіз) баю» қылмыс құрамын келесідей мәтінде «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңында анықталған тұлғалардың заңды табыстарынан активтерінің елеулі түрде артып кетуін, ол заңды жолмен алынғанын негізделмеуі және/немесе өзге тұлғалар атына оны жасыру – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады. Баптың екінші бөлігін келесідей: « Мынадай: 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп енгізу қажет. Осы ұсынылып отырған бапқа ескертпе ретінде: «тұлғаның заңды табыстарынан активтерінің елеулі түрде артып кетуі деп 50 мың айлық есептік көрсеткіштен асуы танылады және активтер қатарына: ақша, мүліктік және мүліктік емес құқықтар, кез-келген материалдық құндылықтар, криптовалюталар жатқызылады.» деп қарастыру қажет.

Жұмыс нәжіжелерін апробациялау және ендіру.

Зерттеудің негізгі теориялық қағидалары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жаңындағы Құқық қорғау органдары академиясы арнайы заң пәндері кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланды. Диссертациялық жұмыстың негізгі ұсыныстары мен нәжіжелері ғылыми-теориялық конференцияларда талқыланды. Жариялымдар:

1. 2019 жылы 15 ақпанда Қарағанды қаласының «Болашақ» академиясымен өткізілген «Қазіргі замандағы ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 2019 жыл 15 ақпандағы шығарылым, 41-45 беттер;

Тақырыбы: «Квазимемлекеттік саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық мәселелері».

2. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты жаршысы. Ақтөбе қаласының 150 жылдығына және Жастар жылына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2019 жыл 7 маусымдағы шығарылым, 28-31 беттер;

Тақырыбы: «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кейбір мәселелері».

3. ҚР Бас прокуратурасы жанындағы құқыққорғау органдары Академиясыны мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ұйымдастырылған «Қазіргі заң ғылымдарының дамуына жас ғалымдардың қосқан үлесі атты магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарының жинағы» 2019 жыл мамырдағы шығарылым, 81-86 беттер.

Тақырыбы: «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың кейбір құқықтық мәселелері».

Сонымен қатар, зерттеу жұмысының нәтижелері Е.А. Бөкетов атындағы КарМУ-нің заң факультетінің қылмыстық-құқықтық пәндер қатарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәрістер материалдары ретінде енгізілді, ол туралы тиісті ендіру актісі қоса беріледі.

Зерттеу жұмысының құрылымы және көлемі зерттеудің мақсаттарына қол жеткізу үшін қарастырылған мәселелердің мазмұнымен анықталады.

Құрылымдық тұрғыдан диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Квazимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық-құқықтық іс-қимылдың құқықтық негіздері

ҚР Конституциясының 6-бабында Қазақстан Республикасында жеке меншік және мемлекеттік меншік танылады және бірдей қорғалады деген декларативті норма жеке меншік және мемлекеттік меншік институттарының елдегі құқықтық іргетасын анықтап берді. Оның негізінен осы саланы реттеуге арналған өзге нормативтік құқықтық актілер бастау алады.

Соның айқын көрінісі ретінде жеке меншік институтының басты құқықтық реттеуші күшіне айналған ҚР Азаматтық кодексін атасақ, мемлекеттік меншікке қатысты негізгі реттеуші нормативтік құқықтық акт «Мемлекеттік меншік туралы» ҚР 2011 жылы қабылданған заңы болып табылады. Сондай-ақ, квазимемлекеттік сектор бюджет қарым-қатынастардың қатысушысы жағдайында ҚР Бюджет кодексінің реттеу орбитасына кіреді. Сол себепті де, квазимемлекеттік сектор субъектілердің ұғымы ҚР бюджет кодексінің 3- бабының 31 тармақшасында оған – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, мемлекеттік кәсіпорындар, сондай -ақ, қатысушысы немесе акционері, мемлекет құрылтайшысы болып табылатын ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, сондай-ақ еншілес, ұлттық холдингтер, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен үлестес ретіндегі өзге де заңды тұлғалар енгізілген.

Бүгінгі таңда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны 6600-ден асып отыр. Елдегі ЖІӨ-нің 59,7 пайызын құрап, айналымындағы қаражат көлемі 33 триллион теңгеге жеткен [1].

Олардың нақты сандық жіктелуі келесі кестеден аңғаруға болады:

Кесте-№1 Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-құқықтық құрамы.

Аталуы	Саны
Мемлекеттік заңды тұлғалар	
Оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік заңды тұлғалар	4 311
Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар	1 202
Тәуелді мемлекеттік кәсіпорындар	8
Барлығы	5 521
Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалар	
Акционерлік қоғамдар	166
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер	379
Барлығы	545

Ұлттық холдингдер, ұлттық компаниялардың тәуелді ұйымдары	
Акционерлік қоғамдар	125
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер	472
Барлығы	597
<i>Жалпы:</i>	6 663

Өзінің құқықтық табиғатында квазимемлекеттік сектор заңды тұлға болғандықтан, ұйымдық-құқықтық нысандары келесідей жіктеуге болады:

- ұйымдық-құқытық құрылымы бойынша: акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, мемлекеттік кәсіпорындар;
- заңды тұлғаның құрылу мақсаты бойынша: коммерциялық және коммерциялық емес;
- меншікті басқару тәртібіне сәйкес: оралымды басқару немесе шаруашылық жүргізу;
- меншік иелігіне қатысты: толық немесе ішінара мемлекеттік меншікте;
- әрекет ету салалары бойынша: стратегиялық маңызды сала, жер қойнауын игеру, тас және темір жол, тау-кен салаларында шоғырланған.

Басымдығында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының салдарымен күресуге бағытталған негізгі нормативтік құқықтық құжат ҚР ҚК квазимемлекеттік сектордың нақты өзіне аранлған баптарды қамтымайды, алайда, сыбайлас жемқорлықтың арнайы субъектісі ретінде, ҚК-тің 3-баптың 28) тармағында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар қатарында – квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын орындайтын адам деп анықтаса, олардың толық тізімі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңында берілген.

Мемлекеттік қызметтің обасына айналған сыбайлас жемқорлық кеселі, мемлекеттік меншік және бюджет қарым-қатынастарының қатысушысы ретінде квазимемлекеттік саланы да айналып өтпеді.

Қылмыстық статистикаға жүгінсек, соңғы жылдары осы салада сыбайлас жемқорлық қылмыстарының артуын байқауға болады. Тек, 2019 жылы сала бойынша 132 сыбайлас жемқорлық қылмыс тергеліп, 103 сотта қаралған. Мәселен, 2016 жылы 137 қылмыс тергелген. Осы қылмыстардың басым бөлігі немесе 55 пайызы сатып алулар саласында жасалғанын атап өту қажет. Сондай-ақ, квазимемлекеттік саладағы сатып алулар деңгейі мемлекеттік сатып алулардан 6-8 есеге дейін жоғарылығымен сипатталуын ескерсек, бұл жағдайдың тек бір бұрышынан қауіптілігін айқындайды.

Осы тұста квазимемлекеттік саладағы сатып алуларға мемлекеттік сатып алулар туралы заңының таралмайтындығын айта кету керек, ондағы сатып алулар ұлттық басқарушы холдингтар, ұлттық холдингтар және компаниялар олармен аффилирленген заңды тұлғалар 2009 года 28 мамырдағы № 787 ҚР

Үкіметі қаулысымен бекітілген «Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алудың типтік ережелері» тәртібінде жүзеге асырылады.

«Самұрық-Қазына "ұлттық әл-ауқат қоры» және дауыс беруші акциялары (қатысу үлесі) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімді басқару құқығында" Самұрық - Қазына "ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелеріне сәйкес," (Самұрық-Қазына "ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен бекітілген) реттеледі.

Мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және жоғарыда көрсетілгендерді қоспағанда, олармен аффилирленген заңды тұлғалардағы сатып алулар "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңымен реттеледі.

Жоғарыда аталған сатып алулар туралы ережелердегі олқылықтар мен сатып алуға берілген заңнамалық еркіндіктер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттырып отыр, мәселен, алдында аталған жемқорлық қылмыстарының 55 пайызы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда жасалса, олардың 87 пайызы бір көзден сатып алу принципі негізінде жүзеге асырылған.

Жемқорлық тәуекелдерінің дәрежесін азайту мен жолын алуда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Заңында басты негіздер жасалған. Солардың қатарында 8-баптағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау тетігін квазимемлекеттік секторға енгізу первентивтік, яғни жемқорлық қылмыстылығының салдарымен емес, себептерімен күрес тетіктеріне басымдық берілген жағдайды түзеудегі басты қадам ретінде бағалануы қажет.

Оған сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау институтын заңшығарушы екі нысанда қарастырған, олар: (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу десе, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды деп қарастыру, негізгі мазмұнынан императивтік норма белгілерін қамтымайды яғни, сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайлары анықтау нәтижесі бойынша оларды жою немесе түзеуді міндеттеуші қатаң мазмұнды қажет етеді.

БҰҰ-ның 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы (ҚР 2008 жылы ратификациялаған) қатысушы мемлекеттердің осы қылмыс түріне қатысты қатынастарды реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актінің қажеттілігі белгілеген. Қазақстан бұл конвенцияға қосылмай тұрып, ТМД мемлекеттері арасында алғашқылардың бірі болып 1998 жылы Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңын қабылдаған болатын. Қоғамдағы қатынастардың дамуы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының ауқымын кеңейту сұранысы уақыт талабына мен мемлекет пен қоғамның мұқтаждығына айналып, 2015 жылы қарашада Қазақстан

Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жаңа заңы қабылданған болатын.

Сарапшы-ғалымдардың айтуы бойынша, соңғы заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда превентивтік теткітерге басымдық берілген. Сол себепті де онда, қуғындау шараларынан қарағанда алдын алу, жемқорлықты тудырушы негіздер мен себептерді жоюға бағытталған шаралар басымдыққа көшкен. Тіпті, заңдардың атауларының өзі «сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атауынан «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» деп өзгерген [2].

Жаңа заң превентивтік сипаттағы жаңа институттарды кеңінен қамтыған. Солардың қатарындағы негізгілер: сыбайлас жемқорлықтың сыртқы және ішкі тәуекелдерінің анализі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, қаржылық бақылау шаралары және тағы басқалар.

Алдыңғы сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы 1998 жылғы ҚР заңында (заңдық күші жойылған) аталмаған институттар қосылған. Бұған квазимемлекеттік сектордың өзі де кіріп отыр. Жемқорлықтың осы салада белең алуымен және одан келетін мемлекетке зиянның орасан зор болуы жаңа заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды арттыру қажеттігін талап ететін сала ретінде айқындалған. Оның деңгейі мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтан артып түспесе кем еместігі туралы стратегияда да аталған. Жаңа заңның жалпы мазмұнын талдасақ, квазимемлекеттік сектор бағытындағы іс-шаралардың басымдығы превентивтік тетіктерге берілгендігін аңғаруға болады. Ол квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және де квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау сынды бағыттардан байқауға болады. Яғни, заңшығарушы осы экономикамыздың маңызды саласындағы сыбайлас жемқорлықты туғызуға себепкер екі бағыт: біріншісі, сектордың қызметін реттейтін заңнамадағы жемқорлық тәуекелдері болса, екіншіден, ұйымдық – басқарушылық бағыттағы, көп жағдайда корпоративтік басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырушы тәуекелдерді анықтаған.

Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа сапалық өлшем-алдын алу, оны жасауға жағдай туғызушы факторларды жоюға бағытталған превентивтік тетіктерге басымдық берілгенінің нақты көрінісі болып табылады. Себептерін жоймай, тек салдармен күресу әлсіз құқық құралы екені анық.

Алайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кешенді, жүйелі құқықтық, әкімшілік, мәдени-элеуметтік шаралар жүйесін қажет ететіні мәлім. Осылардың арасында өзекті мәселелердің бірі ол – жария ақпаратқа қол жетімділікпен тығыз байланыстағы қоғамдық бақылау тетіктері болып табылады. Жемқорлықты құрықтай білген озық шетелдік тәжірибелер негізгі басымдықты осы құралдарға аудару нәтижесінде қол жеткізген. Белсенді азаматтық қоғамның негізі оның қызметінің құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету деңгейіне де тығыз байланысты. Осыған байланысты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңында бұған арнайы 23-бапты арнап жұртшылықтың

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысуы деп айқындап өткен. Онда жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде қолданатын шаралар қатарында, мемлекеттік органдардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұрату құқығы берілген. Біздің, ойымызша, осынша зор әлеуетке ие құралдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүмкіндіктерін барынша кең пайдалану қоғам мен уақыт талабына айналған. Себебі, жария ақпаратқа ие жеке және заңды тұлғалар қоғамдық бақылау тетіктері негізінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын хабарлап, оның нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастырады, жемқорлардың әрекетін әшкерелейді. Бюджет қаражаттарының тиімді және мақсатты жұмсалыуына мемлекеттік бақылаудан басқа, қоғамдық бақылау баламасы жағдайдың шынайылығын қамтамасыз етеді.

Осы ретте, ақпаратқа қолжетімділік құқығы өзінің өзектілігін аша отырып, құқықтық тұрғыда қамтамасыз етілуін негіздеуде. Бұл туралы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 13-бабында қатысушы мемлекеттер халықтың ақпаратқа тиімді қол жеткізуін қамтамасыз қажеттігін аталған.

Елімізде аталған мәселелерді жүзеге асыру мақсатында ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында (әрі қарай – стратегия) мемлекеттік аппарат жұмысының ашықтығын қамтамасыз етудің тағы да бір құралы «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заң болуы тиістігі аталған, ол жария ақпаратты алушылардың құқықтарын, оны беру, есепке алу және пайдалану тәртібін бекітеді деп айқындалып, алғаш рет ел тарихында 2015 жылы 16 қарашада «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР заңы қабылданған.

Жария ақпаратқа еркін қолжетімділік халықтың шенеуніктермен артық байланысы қажеттілігін болдырмайды. Бұл сыбайлас жемқорлықты тудырушы негізгі факторлардың біріне кезекті тосқауыл болады.

Сондай-ақ, стратегияда осыған байланысты сыбайлас жемқорлықпен табысты күрестің аса маңызды факторы азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігі болып табылатындығын тани отырып, бұған жергілікті өзін өзі басқарудың өкілеттіктерін кеңейтуді көздейтін заңның қабылдануы ықпал ететіндігі атаған.

Халыққа ең алдымен жергілікті өзін өзі басқарудың бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражаттың пайдаланылуына мониторинг пен бақылауға қатысу мүмкіндігін қарастырған.

Әркімнің ақпаратқа қол жеткізу құқығы- адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған және оның аумағында әрекет ететін Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде бекітілген Азаматтық және саяси құқықтар мен бостандықтардың бір бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы 20-бапта әркімнің ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез

келген тәсілмен еркін алу және тарату құқығына кепілдік береді. Қазақстан БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның жоғары саяси деңгейдегі толыққанды қатысушысы ретінде ақпарат бостандығына құқықты қоса алғанда, азаматтық және саяси құқықтарды іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенді. Қорғау кепілдіктері және іске асыру тетіктері ақпарат бостандығына құқық заңнамалық деңгейде, арнайы заңдарда қабылдануы тиіс, олар «ақпарат бостандығы туралы» немесе «ақпаратқа қол жеткізу туралы» деп аталады.

Ақпарат бостандығына құқықты іске асыру туралы әңгіме болғанда, біз осы құқықтық қатынастардың екі субъектісі туралы айтамыз: ақпарат алуға құқығы бар және осы ақпаратты беруге міндетті субъектілер. Бірінші жағдайда біздің әрқайсымыз – азаматтар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, біздің бірлестіктер туралы, ал екіншісі – мемлекеттік басқару институттары мен органдары, жергілікті әкімшіліктер, өзін-өзі басқару органдары, соттар, құқық қорғау жүйесі туралы әңгіме болып отырғанын болжау қиын емес. Демократиялық мемлекеттердегі қазіргі заманғы мемлекеттік басқару барынша тиімді болуға ұмтылады. Тиімді мемлекеттік басқару тұжырымдамасы бірқатар негізгі талаптарды ескереді, оның ішінде: мемлекеттік институттардың ашықтығы мен есептілігі негізгілерінің қатарында орналасқан.

Айқындылық пен есеп берудің қатар болуы мемлекеттік басқару сапасы проблемасын шешудің алдын алу шарты болып табылады және мемлекеттік басқарудың негізгі құндылықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ашықтық азаматтардың мемлекет ақпаратына қол жеткізуін қамтамасыз ету есебінен, есептілік — ашылатын ақпаратты мемлекеттік есепке алу шеңберінде ресми мәртебе беру, сондай-ақ мемлекеттік есепке алу және ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету талаптарын іске асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік ақпараттық жүйелердің аудиті есебінен қамтамасыз етіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді төтеп берген мемлекеттерде ашықтық пен есептілік негізінде тиімді мемлекеттік басқару сыбайлас жемқорлыққа аз ұшырайтындығы соған айғақ болуда. Қоғамның қатысуынсыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тиімді тетіктерін құру мүмкін еместігі аксиомаға айналуы әбден орынды. Қазақстан да көптеген басқа елдердің қатарында БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі конвенциясына 2008 жылы қосылды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі реформаларды жүзеге асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде міндеттемелер қабылдады. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру және қорғау кепілдіктері сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардың нәтижелілігіне әсер етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды табысты ілгерілету және қоғамды осы процеске тарту үшін жеке заңда бекітілген ақпарат бостандығына құқықтың күшті кепілдіктері талап етіледі.

Осылайша, ақпаратқа қол жеткізудің маңыздылығы кем дегенде үш аспектімен негізделген:

- адам құқықтары бар жағдаймен, ақпарат бостандығы құқығын қамтамасыз ету, құрметтеу, көтермелеу және қорғау қажеттілігімен;
- мемлекеттік басқаруды реформалаумен, мемлекеттің ашықтығы мен есеп беруіне қол жеткізу қажеттілігімен;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар жүргізу, қоғамды осы процеске тарту қажеттілігі.

Сонымен, еркіндік/ақпаратқа қол жеткізу әсері орасан зор, келесі негізгі тұстарын атап өту жөн болады:

- үкіметтердің, жергілікті әкімшіліктердің, соттардың және құқық қорғау органдарының ашықтығы мен есеп беруіне ықпал етеді, мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігіне оң және мультипликативтік әсер етеді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және мемлекеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды жүргізуге ықпал етеді;

- мемлекеттік басқару сапасын, бизнесті жүргізу үшін экономикалық жағдайларды, сыбайлас жемқорлықты қабылдау мен демократиялық институттарды дамытуды бағалайтын бірқатар халықаралық рейтингтерде мемлекеттің ұстанымын күшейтеді;

- біздің әрқайсымыздың азаматтық және саяси құқықтарын іске асыруға ықпал етеді;

- инвестициялық климатқа және іскерлік белсенділікке әсер етеді;

- мемлекеттегі азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдеседі [3].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған халықаралық нормативтік құқықтық актілерде ақпаратқа қол жеткізу құқық институтының маңыздылығына байланысты арнайы аталады. Солардың қатарындағы БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 13-бабында әрбір қатысушы мемлекет мүмкіндіктеріне сәйкес және өзінің ішкі заңнамасында негізді қағидаларға сәйкес бірлестіктер негізінде қызмет атқаратын азаматтық қоғаммен, үкіметтік емес ұйымдар сияқты жария сектордан тыс жекелеген адамдар мен топтардың белсенді нысанда қатысуларына жәрдемдесу үшін, сыбайлас жемқорлық пен онымен күрестің алдын алуда және қоғамның сыбайлас жемқорлықтың себептері мен зардап сипатын, сондай-ақ одан төнетін қауіп-қатерлерді түсінуді тереңдету үшін тиісті әрекеттер қатарында азаматтардың ақпаратқа жеңіл қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселесі анықталған.

Аталған Конвенция ҚР 2008 жылы ратификацияланғанмен тек 2015 жылы 16 қарашада ақпаратқа қол жеткізу туралы заңды қабылдаған [4]. Қазақстан 2015 жылы ақпаратқа қол жеткізу туралы көптен күткен заңды қабылдап, тек сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында ғана емес, сондай-ақ жалпы азаматтық қоғам мен жауапты үкіметті қабырғастыруда маңызды қадам жасады және де оны іске асыруды бастаған. Бұл ҚР тарихында ақпаратқа қол жеткізу туралы бірінші заң екендігін атап өту қажет. Дегенмен заң бар бірқатар оң нормалар қамтығанмен, ол негізгі халықаралық стандарттар мен озық стандарттарға сәйкес келмейді және мүмкіндігінше тезірек түзетілуі тиіс. Заң әлі толық жұмыс істемейді, оның сақталуына тиімді бақылау жоқ. Осыған байланысты есеп рөлі мен өкілеттіктерін кеңейту жөніндегі комиссияның ақпаратқа қол жеткізу туралы заңды өзгертіп, оның мәртебесі мен қамтамасыз ете отырып, оның автономиясы атқарушы билік органдарынан дербес болуы міндеттелуі тиіс.

Ақпаратқа қолжеткізу институты әлемнің көптеген мемлекеттерінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын алудың тиімді құралы ретінде

қатыптасып жетілдіруде. Бұл тұста көп қырлы оң қасиеттерін де аталады, солардың қатарында:

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоғары латенттілігіне ие болуына байланысты, бұл фактілерді жасыру, бұрмалау, жоққа шығару жиі орын алуы ашық, айқын, шынайы ақпараттарды зерттелеу мен тергеуде объективті шындыққа жету жолы ретінде;

- бюджет қаражаттарының тиімді, мақсатты, шынайы баға мен сапада жұмсалуды бақылаудың оңтайлы тетігіне айналуы, әсіресе, жария /мемлекеттік/ сатып алулар салаларында: кімге, қанша, не мақсатқа, қандай бағамен деген сияқты ақпаратқа қол жеткізу қоғам тарапынан бақылау тетіктерін туғызуда;

- үкіметтік уәкілетті органдар тарапынан жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау ғана емес сондай-ақ, оларға баламалы, үкіметтік ұйымдармен салыстырғанда көп жағдайда шынайы ақпараттың қайнар көзі ретінде қарастырылады, себебі, үкіметтік ұйымдар үкіметке тәуелді болуына байланысты шынайы ақпаратты бұрмалау мен жалтаруға жол береді;

- қоғамдық назарға түсу қаупінен қылмысқа баруға алдын алу шарасы, оған тосқауыл факторы ретінде, алдағы жемқорларға сабақ болуы, сондай-ақ масқаралануға ұшырау қаупімен байланысты;

- қылмысы үшін жазадан жалтару және де заң үстемдігі сияқты институттарды іс жүзінде көріну жағдайы, жалпы мемлекеттік билікке деген сенімді нығайту жағдайы;

- қылмыстық қудалау органдарының, соттардың, мемлекеттік айыптаудың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде, қудалауда заңсыз әрекеттер мен әрекетсіздіктерге баруға кедергі факторы ретінде, бұқаралық ақпарат құралдарына қоғамдық негізді айыптауларға ұшырау қаупінен үрейлену жағдайы ондай әрекеттерден бөгеуші фактор ретінде;

- шынайы ақпараттың негізінде Үкімет пен халық арасында теріс байланыстың орнауы нәтижесінде, қоғамдағы маңызды құбылыстарға тиісінше әсер ету жағдайында, оңтайлы шешімдер қабылдау мүмкіндігі. Мәселен: сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стамбұлдық жоспардың 4 раунд мониторингінің аралық баяндамасында көрсетілгендей бұл бағытта ҚР-на «Open Government Partnership» халықаралық бастамасына қосылу ұсынылған. [5].

- ақпаратқа қол жетімділік құқығы институтының сыбайлас жемқорлық қылмыстарының салдары мен ғана емес олардың алдын алу шаралары ретінде де әлеуеті зор. Мысалы: бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған қандай да бір сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы ақпарат негізінде сотқа дейінгі бірыңғай тіркеу реестріне қылмыстарды тіркеп, ол бойынша сотқа дейінгі тергеу және жедел-іздістіру шараларын жүргізу нәтижесі бойынша айыптау сот үкімдері орын алып жатса, екінші жағынан превентивті тетік ретінде ресми интернет ресурстарда мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алулары туралы ақпараттардың жариялануы бюджет қаражаттарының тиімді жұмсалудына қоғам тарапынан бақылауды күшейтеді, бұны біз әсіресе бюджет қаражаттары есебінен мемлекеттік сатып алуда «бағасын асыра көтеру» арқылы бюджет қаражаттарын жымқыру фактілеріне тиімді тосқауыл болар еді.

Соңғы аталған ақпаратқа қол жетімділік институтының тиімді бағыты ҚР 2015 жылғы «Ақпаратқа қол жетімділік туралы заңының 16-бабында бекітілгенімен, іс жүзінде басқа жағдайды аңғаруға болады. Мысалы: аталған баптың бюджет қаражаттарының мемлекеттік органдары мен мемлекеттік сатып алулар бойынша және де аудиторлық тексерістердің нәтижелерінің жариялануы міндеттелгенімен, бүгінгі таңда оның толық орындалмайтындығын аңғаруға болады. Бұл аталған заңның тиімділігін азайтып қана қоймай, мемлекеттік билікке деген халық, қоғам тарапынан сенімсіздігін арттыратыны анық.

Жоғарыда аталған баптағы жариялануы тиіс ақпараттардың мемлекеттік органдарға ғана міндеттелуі сыбайлас жемқорлыққа іс-шаралардың ауқымын азайтып, экономикалық қауіптілігі мемлекеттік сектордан бірнеше есе асып түсетін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жариялау міндеті жүктелмеген.

Сондай-ақ, тек мемлекеттік сатып алулар туралы ақпаратта лоттар мен олардың сомалары туралы ғана емес, сонымен бірге осы лоттардың жеңімпаздарын қоса жариялау қажет. Бұл қадам мемлекеттік сатып алулардағы аффилирленген заңды тұлғалардың іздерін анықтауға, олардың биліктегі «қамқоршыларын» ашуға мүмкіндіктер берер еді. Мәселен, бюджет қаражаты есебінен өткізілген лоттың жеңімпаздары туралы ақпарат отандық соттық тәжірибе коммерциялық құпия қатарына жатқызылып, бұқаралық ақпарат құралдарына бұл ақпаратқа қол жеткізуде мемлекеттік органмен орынды бас тартылды деген соттың шешімі сынды жәйттері қауіпті тәжірибені қалыптастыруда. [6].

Осы тұста «коммерциялық құпия» ұғымының бюджет қаражаттарының қарым қатынастарында қолданылуындағы құқық олданду тәжірибесі қандай? Ақпаратқа қол жетімділік туралы заңның 6-бабы 9-10 тармақтары, 8-бап 4-тармақтарында мемлекеттік құпияларды қамтитын ақпараттарды қоспағанда, жергілікті және республикалық бюджеттер қаражатының құрылуымен олардың игерілуі туралы ақпаратқа қол жеткізуге еш шектеу қойылмайтын мәліметтер санатына енгізілген [7].

Алайда, іс жүзінде соттармен құқыққолдану тәжірибесі жоғарыда аталған баптарды коммерциялық құпия деп танып, осы санаттағы заңмен кепілдік берген ақпаратты шектеулі деп, ақпарат сұраушыға оны ұсынуда бас тарту жағдайын заңды деп тануы сыбайлас жемқорлықпен күресте кері тәжірибе қалыптастыруда [8].

Осы жағдайда «коммерциялық құпия» ақпаратын ашу орынды болмақ, ол 2015 жылы қабылданған Кәсіпкерлік туралы ҚР Заңының 28-бабында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғау құқықтық негізі анықталған. Бапқа сәйкес, ақпаратқа қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын кәсіпкерлік субъектісі айқындайды [9].

Баяндалғанның негізінде, «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» заң мен «Кәсіпкерлік кодексінің» арақатынасында коммерциялық құпия ұғымы бюджет қарым қатынастарынан туындаған жағдайда құқық қолдану тәжірибесі сыбайлас жемқорлықпен күресте маңызды үлеске ие. Себебі, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары басым бөлігінде бюджет қарым-қатынастарынан туындап

отыр, соның қатарындағы мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алулары қоса қамтылады.

Ақпаратқа қолжетімділік туралы 2015 жылы қабылданған ҚР Заңының халықаралық стандарттарға сәйкес еместігі туралы сарапшылық ортада жиі айтылуда. Солардың қатарында: қолжетімділігі шектеулі ақпарат тізімінің кең ауқыммен алынуы әр түрлі талқылауға жол ашатындығы, аталған заңды бұзуға жол берілген жағдайда санкциясының жұмсақтығы, осы саладағы нақты жауапты органның анықталмауы сынды мәселелер көтерілуде [10].

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын алу шаралары ретінде жоғары аталған институт өз әлеуетін толық аша алмауда. Ақпаратқа қолжетімділік құқығын бюджет қарым-қатынастары жағдайында шектеу соның бір себебі. Ал егер, отандық экономиканың 60 пайызы тек квазимемлекеттік секторға тиесілігін ескерсек, яғни, олардың бюджет қарым-қатынастарының қатысушы ретінде танылуы жағдайды одан әрі тығырыққа тіреуде.

Бір жағынан, квазимемлекеттік сектор субъектісі кәсіпкерлік бірлігі ретінде құрылып заңнамаға сәйкес «коммерциялық құпияға» өзі жатқызатын ақпаратты қалыптастыру құқығына ие болса, екінші жағынан бюджет қаражаттарының жұмсалуды, игерілуіне қатысты ақпараттың қолжетімділігінде шектеуге жатқызылмайтын нормалар арақатынасындағы құқықтық олқылықтар жоғарыда аталғандай, соттық кері тәжірибені аңғартады.

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау осы саладағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі негізінде «коммерциялық құпия» тізімін кәсіпкермен қалыптастыру құқығына ерік беруі әрине орынды, алайда, бюджет қаражаттарын игеруге қатысу шеңберіне кәсіпкер енген жағдайда, оны коммерциялық құпия негізінде ақпарат беруден жалтару мемлекеттің өзіне зиянды болуымен айқындалады. Себебі: алдында атап өткендей, көп жағдайда бюджет қарым-қатынастарынан туындайтын сыбайлас жемқорлық қылмыстары қолсұғушылық объектілеріне байланысты бірінші кезекте мемлекеттік қызмет пен басқару мүдделеріне қарсы бағыталуымен сипатталады. Яғни, мемлекет бір қолымен кәсіпкерлікті бюджет қаражатымен қолдап, дамытып жатса, кәсіпкерлік өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тетіктері арқылы, оған тиісінше салық төлеуден жалтару, заңсыз алынған мүлікті жасыру сияқты кері жауабымен тығырыққа апаруда.

Осы жағдайда, Қазақстанның экономикалық моделін, оның ішінде квазимемлекеттік сектордың басым болуын ескере отырып, бюджет қаражаттарының игерілуіне қатысты, заңмен құпия деп танылған жағдайдалрдан басқасында, ақпаратқа қолжетімділікте қандай да бір шектеу болмауды қажет деп табамыз. Себебі: квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрылтайшылары, акция ұстаушылары, заңды тұлғадағы бөлігінің иесі болсын – ҚР Үкіметі деп танылады [11].

Бюджет қаражаттарының, мемлекеттік сатып алулардағы жеңімпаздар туралы ақпаратты сұраушыға ұсынбаудың алдын алу үшін ҚР ақпаратқа қолжетімділік туралы заңының 6-бабына келесі мазмұнда ескертпе қажет: «бюджет

қаражаттарын игеруге қатысты, оның ішінде мемлекеттік сатып алулар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, қызметтерді, жұмыстарды сатып алулар бойынша ақпарат, егер мемлекеттік құпияларды қамтыйтын ақпараттарды қоспағанда, ақпарат сұраушыға оны ұсынуда шектелуге жатпайды».

Ұсынылып отырған өзгеріс жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың себептері мен де салдарыменде күресте тиімді құқықтық негіз болмақ. Бюджет қаражаттарын жымқыру мен заңсыз иеленуге елеулі тосқауыл туғызатыны анық.

Ақпараттық технологиялардың қоғамда кең етек алуына байланысты ақпараттық ашықтық мәселесі алдағы жылдары өткір және шешуді талап ететін сұраққа айналуы әбден негізді болады [12].

Ақпараттық ашықтық тетіктерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда озық тәжірибелерді қалыптастырған мемлекеттер қатарында Оңтүстік Корея мен Жапония және Израиль мемлекеттеріне тоқталсақ, мәселен, Оңтүстік Кореяда қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін рұқсат алу үшін Үкіметтік «OPEN» жүйесінен онлайн нысанда 54 қызмет түрін алудың бірден-бір тәртібі қалыптастырылған. Мемлекеттік қызметші мен қызмет алушының байланысы жоққа жеткізілген. Бұл жүйе өзінің негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды негіздейді. [13].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда кешенді жүйе құрылған мемлекеттердік бірі – Жапонияда «Ақпаратты жариялау туралы» арнайы заңы қабылданып, ақпаратты ұсынуда шектеулер болған жағдайда, кез-келген азамат осы мәселе бойынша, үкімет ақпаратты ұсынудан бас тартқан жағдайда және белсенділерге жемқорлық әрекеттерін жариялауға мүмкіндік беретін болса, ақпаратты ұсынуды бақылау кеңесіне шағымдануға құқығы бекітілген.

АҚШ-ның Сауда министрлігі 2000 жылы өзінің интернет желісіндегі адресінде тікелей байланыс арнасын ашқан болатын. Бұл арнаның басты міндеттерінің қатарында американдық кәсіпкерлерді халықаралық деңгейде қорғау мақсатында және шынайы бәсекелестікті арттыру үшін құрып, оған кез келген фирма халықаралық контрактілерде пара беру арқылы жеңген бәсекелестері туралы хабарлауға мүмкіндік қарастырылған. Осы жағдайға себеп болған 1996 жылы американдық фирмалар халықаралық шарттарға бәсекелестерінің пара беру арқылы тиісті шарттарға қол қоюы салдарынан 11 миллиард АҚШ доллар шығын келтірілген [14].

Ал, қарастырылып отырылған заңның қылмыстық құқықтық мазмұнына келсек, мұнда сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілер шеңбері кеңейтілген. Бұл сот-тергеу тәжірибесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстарының әрекеттерін жасап, алайда қылмыс субъектісіне жатпайтындықтан, қылмыстық жауапкершілікке тартылмау салдарынан туындаған қажеттілік еді. Әсіресе, резонанстық жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыстық қудалаудан босап шыққан тұлғалар бойынша қоғамда бір жақты емес әсер қалдырған істерде көрініс тапқан. Бұндай құқықтық олқылықтар іс жүзінде қылмыстық қудалау

органдарының қолып шектеп, жемқорлыққа қарсы іс-шаралар кешені нәтижелерін тежеген.

Сонымен қатар, 2014 жылы желтоқсан айында еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күресте кешендік жоспарлаушы құжат – «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» болып табылады. Алдағы 10 жылға арналған осы бағыттағы құқықтық саясаттың негізгі бағыттарын қамтып отыр. Солардың негізгілерін тоқтап өтсек:

- мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басты назарға алынған. Өте негізді қадам, мемлекеттік қызмет жемқорлық мәселесімен тығыз байланысты болатыны ешкімге құпия емес ол әрқашан өзекті болған және солай қала бермек. Алдында қабылданған шаралар сандық көрсеткіштер бойынша жақсы нәтижелер бергенмен, сапалық тұрғыда жағдай мәз емес екендігін мойындауымыз керек. Халық даналығы: «Сын түзелмей – мін түзелмейді» деп, түзелем десең, сын-пікірді қабылдап, дұрыс, оң шешімдер қабылдау қажеттігін меңзеген. Осы іс-шаралардың басты мақсаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңда нақты анықталғандай, жемқорлықты қоғамда жою болып табылады. Осы ретте, бұл көрсеткіш мемлекетпен қабылданып жатқан шаралар нәтижесінің негізгі де басты өлшемі болуы қажет. Әрине, жемқорлықты толығымен жою екі талай, сондықтан бұл абстрактілі, декларативті үндеу болып көрінуі мүмкін, осы мақсатта мемлекеттік органдар статистикалық көрсеткіштерке байлану тенденциясына өткен. Оған баламалы, тәуелсіз зерттеулер мен қоғамдық бақылау институты мен жариялық пен ашықтық тетіктері негізінде тепе-теңдік пен тежемелік арақатынасында дамыту оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер туғызар еді. Осы ретте, қоғамдық бақылау институты зор әлеуетке ие болмақ, алдында айтып өткендей, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоғары латенттілікке ие болуы, қоғамның белсенділігін қажет етеді. Әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдары жариялықты қамтамасыз ету арқылы, сыбайлас жемқорлықтың жасырын сипатын әшкере етіп, бюджет қаражатының үйлестірілуі мен игерілуіне қатысты мәліметтерді бұқараға жеткізіп, билік пен қоғам арасындағы көпірге айналмақ.

Стратегияда қоғамдық бақылау институтына назарды күшейткен. Жемқорлықпен күресте озық тәжірибелерді қалыптастырған мемлекеттердің басым бөлігінде қоғамдық бақылау тетіктерін жетілдіргендігін аңғарамыз. Олсыз қандай-да бір ірі жетістіктерге ие болу мүмкін емес. Қоғамдық бақылаудың басты элементтерінің бірі азаматтық қоғам институттары: партия, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңестер және тағы сол сияқтылар. Мемлекеттің және квазимемлекеттік сектордың қатынастарына терең қоғам тарапынан еніп: құқық шығармашылық, шешімдерді қабылдауда, оларды орындауда бақылау тетіктерін нақты нормативтік құқықтық актілермен бекіту оның тиімділігін арттырады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың әлеуетті тетігі қоғамдық бақылау болып саналады.

Мұндай бақылау жүйесін енгізу азаматтық қоғамның институттарын жаңғырту ғана емес, тиісті құқықтық реттеуді де қажет етеді.

«Қоғамдық бақылау туралы» заңның қабылдануы азамат пен қоғамның бақылауды қалыптастыру мен әрекетке асырудың негізгі қағидаттарын нормативтік құқықтық нысанда бекіту негізінде алғашқы рет оның толық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік жасар еді.

Осы заңдағы институттар билік беделін нығайтуға, сонымен қатар, мемлекеттік аппарат қызметінң сапасын көтеруге жәрдем беретін азаматтық қоғамды әрі қарай дамытуда шешуші маңызды атқаруға бағытталған.

Азаматтардың құқықтары мен олардың заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерге қатысты қоғамдық тыңдаулар, билік органдарының шешімдеріне қоғамдық сараптама өткізу мақсатында басшылардың халық алдындағы есептерін тыңдау, сондай-ақ, азаматтардың алқалы органдардың қызметіне қатысуға құқықтық қамтамасыз ету болады.

Бұл заң сыбайлас жемқорлыққа төтеп беру міндеттерінің өзін де, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің өзге де әлеуметтік маңызға ие мәселелерін реттеуге де ықпал жасайды.

Осыған байланысты, қоғамдық бақылау тетігінің ел Конституциясының ережеліне сәйкес мемлекеттің бақылау функцияларымен қатынасы нақты бөлінуі талап етіледі [15].

Стратегиядағы келесі жаңа құбылыс бұл квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық мәселесіне назар күшейтілген. Осы екі саладағы жемқорлықтың көлемі мен зардабы «дәстүрлі» болып саналатын мемлекеттік, жария билік саласындағы сыбайлас жемқорлықпен толық салыстыруға болатындығы оның стратегияда көрініс табуына негіз болған.

Осы мәселенің отандық экономикамыздағы орын алуы әлемнің басқа мемлекеттерінен қарағанда зор ерекшелікке ие, ол квазимемлекеттік сектордың 27,5 триллион немесе ЖІӨ-дегі үлесі 60 пайызға ие болуы, бұл ел экономикасының осы секторға тәуелділігін айқындайды [16].

Квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың мемлекеттік сатып алулар көлемдерінен еселеп асып кететін бюджет қаражаты кезінде сырт көзге сыбайлас жемқорлық мәселесінің соншалықты өткір еместігін аңғартуы мүмкін. Алайда қазіргі жағдай бұл саладағы ашықтықтың тиісті деңгейде еместігін айғақтайды. Сондықтан осы саладағы есеп берушілікті, қадағалауда болуды және шешімдер қабылдау үрдісінің ашықтығын айғақтайтын ұйымдық-құқықтық тетіктер керек.

Қазақстанның дүниенің неғұрлым дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуі іскерлік этика мен кәсіпкерлікті адал жүргізудің қазіргі заманауи қағидаттарын сақтау жағдайында ғана іске асуы болады.

Әрекеттегі Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ел кәсіпкерлігінің мүдделерін қорғаумен қатар оның жариялылығы мен адалдығы үшін жауаптылықта өз үлесін алуда және корпоративтік саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға әрекет етуде.

Бұл бағытта алғашқы қадам болған – бизнестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы хартиясы қабылданған. Онда Қазақстанның сыбайлас жемқорлықтан тыс

ұстайтын жеке кәсіпкерлігінің негізгі принциптері мен постулаттары айқындалған.

Қаржылық және шаруашылық жұмыстың түрлі салаларында алдағы кезеңде бірқатар өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді шараларды қабылдау қажет болуда.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік және жекеше сала қатысушыларының азаматтарға қызметтер көрсеткен кезде жариялықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау үшін шаралар қабылданады.

Бұл, оның ішінде банктік қызметтер саласында электрондық технологияларды пайдалануды арттыру, табиғи монополиялар субъектілері саласындағы тарифтерді анықтау үшін нақты талаптарды белгілеу, мемлекеттің құрылыс саласы мен экономиканың өзге де салаларында қатысу үлесін қысқарту болып саналады.

Сонымен қатар жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес ол инвестициялық жағдайды нашарлатуға және кәсіпкерлер үшін тәуекелдерді арттыруға әкеп соқпайтындай жағдайда жүргізілуі қажеттігі стратегияда қарастырылған. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» 2014 жылғы 26 желтоқсандағы ел Президентінің № 986 Жарлығында олар тиісті көрінісін тапқан.

Квазимемлекеттік сектордағы орын алған сыбайлас жемқорлық мәселелері құқықтық ортада жиі талқыланатын тақырып болғаны мен жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелері тың тақырыптардың бірі деп атауға болады. Іс жүзінде жеке сектордағы жемқорлық жағдайының шешімін таппағанда, арты өткір сұрақтардың біріне айналуы мүмкіндігі туралы сарапшы-мамандар деңгейінде көтеріліп отырған [17].

Бұл тұрғыдан қарағанда, стратегияның бұл мәселені мемлекеттік тұрғыда көтеру қалыптасқан жағдайдың мәнісін түсінуден туындап отып, алайда оны жүзеге асыру құқықтық, әкімшілік, қаржылық кешенді де жүйелі шараларды қажет ететіндігі анық.

Тәуелсіз Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі күрделі жүйелілік өзгерістермен қатар жүрді. Кеңестік социалистік шаруашылық нысанынан жаңа нарықтық-капиталистік форматқа өту экономикада меншік құқығына негізделген жаңа институттарды әкелді. Солардың қатарындағы заңды тұлғалар, оның ішінде коммерциялық заңды тұлғалар ерекше орын алды. Нарықтық экономиканың басты реттеушісі ретінде мемлекет те, өзінің шаруашылық қызметін осы нұсқаға өткізді. Соның айқын көрінісі мемлекеттік кәсіпорындардың пайда болуы еді. Олардың қызметін құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында 1995 жылы «Мемлекеттік кәсіпорындар туралы» ҚР заңы қабылданды [18].

Осы заңға сәйкес кейбір мемлекеттік міндеттермен байланысты қызмет түрлері солардың ішінде, мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басты міндет-мақсаты мемлекет пен қоғамның қажетіне қарай анықталатын келесі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу болып саналады:

1) елдің қорғаныс әлеуетін материалдық жағынан қамту және қоғам мүддесін қорғау;

2) экономиканың жеке меншік саласы қамту немесе жеткілікті деңгейде қамтымаған қоғамдық өндірістің салалары мен бірінші қажеттіліктегі тауарларды шығару (жұмыстар жасау, қызметтерді көрсету);

3) мемлекеттік монополияға жататын немесе қадағалау мен функцияларын қоса алмағанда, мемлекеттің тікелей функциясы болып табылатын сектордағы қызметті жүзеге асыру деп айқындалған.

Бұл кәсіпорындардың орталық және жергілікті филиалдары құрылып қызмет еткен. Мемлекеттік мүлік негізінде құрылған кәсіпорындарда мүлік мен қаражаттарды жымқыру, басшылары тарапынан қызметтік өкілеттіліктерін теріс немесе асыра пайдалану салдарынан мемлекеттің экономикалық мүддесі зиян шегуіне байланысты мемлекеттік тұрғыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес осы салаға да тарала бастады.

Ол бірінші кезекте, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері қатарына мемлекеттік міндеттер атқаруға теңестірілген тұлғаларды жатқызумен басталды. Осы заңда жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесінің деңгейі елу пайыздан артық болатын ұйымдарда және мемлекеттік ұйымдарда, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, акционері мемлекет болып табылатын, ұлттық холдингтерде, олардың дауыс беретін акцияларының (үлестері) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар болып көрсетілген ұйымдарда тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адамдар танылады деп анықталған, сондай-ақ, ұйымдастырушылық-әкімшілік міндеттер деп адамдардың заңнамада және ұйымның атқарушы органының құрылтай құжаттарында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру жөніндегі қызметі түсініледі. Бұл міндеттерге ұжымға жалпы басшылық жасау, кадрларды орналастыру және іріктеу, бағынышты адамдардың жұмысын ұйымдастыру және бақылау, көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану шараларын қолдану арқылы еңбек тәртібін сақтау жатқызылғын. Ал, әкімшілік-шаруашылық міндеттер деп толық материалдық жауаптылық жүктелген тұлғалардың берілген өкілеттіктердің шегінде мүлікті, соның ішінде ұйымның балансындағы және банк шоттарындағы ақшаны басқару және оларға билік ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруы түсініледі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте бұл заңның әлеуеті зор болды. 2015 жылы қараша айында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заңның қабылдануымен алдыңғы заң өз заңдық күшін жойды. Алайда, мемлекеттік міндеттер атқаруға теңестірілген тұлғаларды арнайы субъект ретінде анықтауда бірізділік болғанымен, бұл субъектілердің қызметі әр түрлі нормативтік құқықтық актілерімен реттелген. Мәселен, мемлекеттік кәсіпорындар үшін жоғарыда аталған заң болса, өзге заңды тұлғалар үшін

«Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» «ҚР Бюджет кодексі» және т.б.

Кейіннен, 2010 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі заңымен жоғарыда аталған заңды тұлғалар жиынтығы шоғырландырған ортақ ұғым ретінде квазимемлекеттік сектор субъектілері ҚР Бюджет кодексінің 3-бабына өзгерістер енгізілді [19].

Заңшығарушымен экономикамыздың ерекше субъектісі ретінде ортақ ұғым бұл заңды тұлғаларға берілгенмен, олардың қызмет етуі мен реттелуі әр түрлі нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілермен реттеледі. Мәселен, мемлекеттік кәсіпорындардың тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу қатынастары ҚР Мемлекеттік сатып алулар туралы заңымен реттелсе, квазимемлекеттік сектордың өзге субъектілері өздерінің ішкі ережелерімен реттеледі. Осы сатып алулардың ашықтығы мен жариялылығына қатысты мәселелері жиі көтерілуде. Себебі, біріншіден, аталған заңды тұлғалардың сатып алулардағы ішкі ережелері нормативтік құқықтық актілері ретінде танылмаған, тиісінше нормативтік құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингін өтпейді, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланбайды, олар бойынша шешім қабылдау ашықтығы болмайды. Егер, осындағы сатып алулар көлемінің мемлекеттік сектордағы сатып алулар көлемінен 5 есеге дейін артық екенін ескерсек, бұл өткір мәселеге барынша тиянақты кірісу қажеттігін айқындайды [20].

Мемлекеттік сатып алулар туралы заңының аясында мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты қоғамдық бақылау тетіктерінің болуы және оларға мемлекеттік аудиттің таралуы осы бағыттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын квазимемлекеттік сектордың өзге субъектілерінен қарағанда артық анықтауға мүмкіндік беруде. Бұл бірінші кезекте, Мемлекеттік сатып алулар туралы заңының мемлекеттік кәсіпорындарынан басқа өзге квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне таралмауынан.

Сондай-ақ, квазимемлекеттік сектор субъектілері «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 1-бабы 7-тармақшасына сәйкес – квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің квазимемлекеттік саладағы жоғары болуымен байланысты оның мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне айналуы орынды. Енді бұл институттардың мәніне тоқталсақ, қаржылық бақылау – мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған қызмет болса, мемлекеттік аудит – тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген, бюджеттік қаражатты, мемлекет, мемлекеттік аудит объектілерінің активтерін, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты басқа қызметпен

тартылатын қарыздарды басқару және пайдалану тиімділігін талдау, бағалау және тексеру үрдісі.

Аталған салаға мемлекеттік аудит жүргізу арнайы нормативтік құқықтық акт - «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ нормативтік қаулысымен» көзделген негіздермен тәртіпте жүзеге асырылады.

Бұл арнайы мақсаттағы аудит қатарына келесілер жатқызылған:

- 1) қарыздар (мемлекетпен кепілдік берілген және мемлекеттік қарыздар, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі арқылы тартылатын заемдар);
- 2) бюджеттік кредиттер;
- 3) бюджеттік инвестициялар (заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын құру және (немесе) көбейту, бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы мемлекет активтерін қалыптастыру және (немесе) ұлғайту);
- 4) мемлекеттің концессия негізіндегі міндеттемелері;
- 5) байланысты гранттың сатылар;
- 6) мемлекеттік тапсырма мен мемлекеттік тапсырыс жағдайындағы бюджет қаражатын игерген жағдайда арнайы мақсаттағы аудит бюджет қаражатының әрекетін бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бастаумен, бюджет қаражатын соңғы алушыға дейін аудиторлық есепте көрсетіле отырып, әр жыл сайын міндетті нысанда жүргізіледі. Сонымен қатар, қорғаныстық тапсырысты жүзеге асыратын ұйымдарды айтылған арнайы аудит объектісі тізіміне кіргізілмеген.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының барлығы дерлік бюджет қарым-қатынастарынан туындайтындықтан, осы тұста Бюджет кодексінің кейбір тұстарын атап өту қажет. Бюджет кодексінің 4-бабына сәйкес бюджет жүйесінің принциптері қатарында тиімділік, жауапкершілік, негізділік, бюджет қаражаттарын мақсатты пайдалану көрсетілген. Алайда, іс жүзінде квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бюджет қаражаттарын пайдалану, игеру қатынастарында көптеген сұрақтар туындауда. Мәселен, бүгінде секторға салынған қаражаттарының 11 пайызы деңгейіндегі дивиденттер жағдайында, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру туралы Комитеттің статистикалық мәліметтеріне сәйкес ұлттық компаниялардың рентабельдігі – 4,5 пайыз (минус, теріс) [21].

Өзінің құрылу мақсатында коммерциялық заңды тұлға болған – ұлттық компаниялардың тиімділігінің теріс болуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғарылығын көрсетсе керек. Осы тұста ҚР Азаматтық кодексімен, Кәсіпкерлік кодексімен анықталған кәсіпкерлік қызметінің тәуекелдермен ұштасуы жемқорлық әрекеттерін бүркеу жағдайы өткір болуда. Сондай-ақ, осы жерде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрылу мақсаттарының тек коммерциялық бағытта емес, коммерциялық емес бағытта болуы да, олардың қызметінің тиімділігіне қатысты жалпылама теріс теңгерімде болуы барлық субъектілерге тексеруге қатысты ортақ ережелердің қолданылуынан және бұл

жағдайды өзгерту қажеттігін сарапшылардың ортасында көтерілуде, себебі осы «тиімділік» ұғымында жемқорлық белгілері сіңісіп, бітісіп кеткен. Оның аражігін ашпай салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-шараларды жүргізу қиынға соғары анық [22].

Квазимемлекеттік сектордағы тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алулар қатынастары басым бөлігінде ішкі ережелерімен реттелгенімен мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беруші акцияларының елу және одан көп, жарғылық капиталында қатысу үлесі мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилирленген заңды тұлғаларға қатысты сатып алулар ҚР Мемлекеттік сатып алулар туралы Заңымен реттеледі.

Сатып алулар қатынастарын реттеуде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысы біркелкі, бірізді құқықтық реттеу тетіктерінің болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыруы мүмкін.

Сонымен қатар, өзіне көптеген арттықшылықтарды қолына шоғырландырған квазимемлекеттік сектор, салауатты, бәсекелестік кәсіпкерлік ортаны қалыптастыруда үлкен тосқауылға айналуға, әрине, бұл бүгінгі таңдағы кәсіпкерлік даму тенденцияларына қарама-қайшы.

Бюджет қаражаты болсын, өзге азаматтық-құқықтық айналымның объектісі болсын мемлекеттік мүлік мазмұнынан туындайтын болғандықтан квазимемлекеттік сектор қызметін құқықтық реттеуде өзіндік орынға ие ҚР Мемлекеттік мүлік туралы заңында, осыған қатысты арнайы ережелер қарастырылған. Солардың қатарында, мемлекеттік кәсіпорындар қызметін реттеуге арналған.

Сарапшылық ортада квазимемлекеттік саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қадамдар қатарында құқықтық реттелуі басқалармен салыстырғанда аздықтанды ашықтыққа ие мемлекеттік кәсіпорындар үлгісінде, жарғылық капиталы 100 пайызға мемлекетке тиесілі ЖШС пен АҚ-дарды мемлекеттік кәсіпорындарға айналдыру ұзақ мерзімде жемқорлыққа қарсы тиімділігін көрсетеді. Бұл ҚР-да мемлекетке қатысты ЖШС пен АҚ-дардың 3/1 қатысты болмақ, тек ЖШС саны 913 жетіп отыр [23].

Бұл шаралар «бұлыңғыр» мемлекеттік ЖШС-тің қаржы-шаруашылық қызметін ашықтығын арттырып, ал мемлекеттік АҚ-саласында басқарушылық құрылымдарын ұстап қажеттігінен үлкен шығындарға ие болуда. Мәселен, «Медициналық әлеуметтік сақтандыру Қоры» АҚ корпоративтік басқаруына 7 директор кірсе, олар ай сайын қорға түсетін активтердің 5 пайызы көлемінде сыйақы алады. Тек 2019 жылдың қыркүйегінде, қордың мәліметтері бойынша 9 млрд. теңге түсімдер мен төлемдер жасалған, яғни тиісінше аталған 7 мүшеге 450 млн. теңге ие. Қордың сайтында сатып алулардың жоспары мен олар бойынша есептер ресми интернет-ресурсында жоқ, сол сияқты ірі холдингтер мен компанияларда ұқсас жағдайы. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің «жылыжайына», қолайлы ортасына жағдай жасап отырған құқықтық, әкімшілік сынды кешенді себептерді жою қажеттігін айғақтайды.

Жоғарыда аталғандардан мемлекеттік сатып алулар, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сатып алулар сыбайлас жемқорлық қылмыстарының басым бөлігінде осы бағытта жасалуына байланысты, оған қарсы іс-қимыл

шараларының қылмыстық-құқықтық тетіктері де өзіндік тиімділігіне ие болуы, оның қажеттілігін де негіздеуде. Мәселен, 2018 жылы наурызда РФ-ның Президенті қол қойған № 99-ФЗ Федералды Заңына сәйкес, РФ ҚК-нің 200.4 және 200.5 баптарына сәйкес, мемлекеттік және муниципалды мұқтаждар үшін тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алулар саласында асыра пайдалану және контрактілік қызмет жұмыскерін, контрактілік басқарушыны және сатып алулар бойынша комиссия мүшесін сатып алу қылмыс құрамы болып танылды. Сонымен қатар, осы сынды баптар Еуро Одақ мемлекеттерінің арнайы Директиваларында, Канада, АҚШ, Әзірбайжан, Грузия, Эстония ҚК-де көрініс тапқан. Бұл тенденция мемлекеттік атып алулар саласындағы қаржы-шаруашылық қатынастарының криминализациялануын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кешенінің тиімділігін арттырудың сатысы ретінде Ресейлік криминолог-ғалым О.И. Семькинамен бағаланып отыр [24].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 10 жылға бағытын негізгі анықтаушы акті ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия туралы ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын (әрі қарай – стратегия) маңызды рөлге ие. Бұл құжаттың 4.3 тарауы квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға арналған. Стратегияда квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы көлемнен артық болмаса, кем еместігі көрсетіліп, оған негізгі себептерде ккрсете отырып оған қарсы негізгі іс-шаралардың бағыттары анықталған. Мәселен, квазимемлекеттік секторда мемлекеттік сатып алулардың көлемдерінен жиі асып кететін бюджет кезінде сырт көзге сыбайлас жемқорлық проблемасы соншалықты өткір емес. Алайда қазіргі ахуал бұл сектордағы ашықтықтың жеткіліксіз екендігін айғақтайды. Сондықтан осы сектордағы есеп берушілікті, бақылауда болуды және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктер қажет.

Сонымен қатар, қаржылық-шаруашылық қызметтің түрлі салаларында алдағы уақытта бірқатар басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау керектігі көрсетілген.

Жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес ол инвестициялық ахуалды нашарлатуға және кәсіпкерлер үшін тәуекелдерді көбейтуге әкеп соқпайтындай етіп жүргізілуі қажеттігі назарда болатындығын қоса атаған.

Стратегияданың жоғары аталған 4.3 тарауында осы бағытағы түбегейлі маңызды жаңа беталыстар аталған, мәселен квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық мәселесі стратегиялық құжатта аталып салада жемқорлыққа қарсы-іс қимыл қажеттігі анықталған.

Криминолог-ғалым В.А. Авдеевтің пікірі бойынша мемлекеттіліктің бүгінгі даму сатысында сыбайлас жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыспен күресті ұлттың қылмыстық-құқықтық саясаттың басым бағыты ретінде мойындауымен сипатталады [25].

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жүйелі іс-әрекеттердің қажеттігін ұғыну Қазақстанда 2014 жылы Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегияның қабылдануымен басталды.

Бүгінгі күні осы нормативтік құқықтық акт қолданыстағы заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларымен қанықтыру және жаңа фундаменталды құжатқа айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия бірінші кезекте халықаралық міндеттемелерді іске асыру мақсатында шетелдік тәжірибені пайдалана отырып, Қазақстан заңнамасын жетілдіруге бағытталған.

Көптеген жылдар бойы қалыптасқан пікір бойынша «сыбайлас жемқорлық» термині тек мемлекеттік сектормен, жеке сектормен де байланыстрыу көлеңкеде қалып отырды. Ол тіптен көптеген халықаралық актілердің өзінде сыбайлас жемқорлық экономиканың тек мемлекеттік секторымен ғана байланысты қарастырылған.

Осы бағыттағы негізгі халықаралық құжат, Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы 31 қазандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы болып табылады. Қазақстан 2008 жылғы 4 мамырда Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялаған [26].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияның 12-бабына сәйкес әрбір қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес сыбайлас жемқорлықтың жекеше сектордағы алдын алу бойынша шаралар, жеке сектордағы аудит және бухгалтерлік есеп стандарттарын дамыту, сондай-ақ, тиісінші деңгейде осы ашараларды сақтамағаны үшін тең, теңгерімді қатынастағы азаматтық құқықтық, әкімшілік немес қылмыстық санкцияларды тиімді қарастыруды нұқсап отыр.

Отандық қылмыстық-құқықтық жүйеде жеке сектордағы коммерциялық сатып алу қылмысын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатарына жатқызбаған. Бұл, сондай-ақ әрекеттегі ҚК-тың 3-бабындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізімінен де көрінісін таппаған.

Алайда, БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының мазмұнындағы жекеше сектор ұғымы мен стратегиядағы квазимемлекеттік сектор және жеке сектор, сондай-ақ ҚК-тегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ара-қатынасы мен байланысын ашып, оларды толықтыру бүгінгі таңда өзекті құқықтық мәселеге айнарудың алғышарттарын аңғаруға болады.

Бұл құбылыс алдағы уақытта ҚР ҚК-мен қарастырылған сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатары жеке сектор субъектілеріндегі қызметтік құзыреттілікпен байланысты қылмыс құрамдарымен толығыуы мүмкін. Осы бағыттағы қылмыстардың арту тенденциясы мен одан экономикалық ортаға келтірілген шығын, залалдар деңгейінің өсуі осы санаттағы қылмыстармен күресті күшейту қажеттілігін туындатады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігі оның кешенділігі мен ауқымдылығына байланысты болады. Осы ретте БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында корпоративтік мәселесі немесе жеке сектордағы жемқорлық мәселесі өте орынды көтеріліп отыр. ҚР Аталмыш конвенцияны 2008 жылы 4 мамырда арнайы заңмен ратификациялаған. Осы

Конвенциядан туындайтын жеке сектордағы жемқорлықпен күресу міндеттемесі, сондай-ақ, ел экономикасының дамуына кедергі фактор ретінде оған қарсы күресу уақыт талабына айналып отыр. Себебі, сарапшы-мамандардың түсіндірілуі бойынша корпоративтік сыбайлас жемқорлық көлеңкелі экономиканы арттырып, сапалы, адал да бәсекелі кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіріп, салықтар мен міндетті төлемдерді жасанды түрде кемітіп, елдің бюджеттік түсімдерін кемітіп, мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттерін орындауға тосқауыл болып, халықтың наразылығын тудыруда [27].

Бұл туралы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының 4.3 тарауы квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған. Әрине, бұл осы саладағы қауіп-қатердің артуынан туындаған қажеттілік болуда. Оған уақытылы кері шараларды қолданбау еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жалпы тиімділігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан, мемлекеттің бұл шешімі өте орынды, алайда, бұл жеке сектордағы жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін негіздейтін алғашқы құжат емес екендігін атап өту керек, бұл туралы Қазақстан Республикасына арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың Стамбұлдық жоспарында сарапшы-топтың ҚР Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі шаралар туралы» Жарлығында «корпоративтік жемқорлыққа» қарсы шараларды құрастыру туралы айтылғанын назарға алған [28].

Алайда, жеке сектордағы немесе корпоративтік сектордағы жемқорлық ұғымы ұлттық заңнамамызда көрініс таппаған. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының санаттары берілген ҚР ҚК-нің 3-бабының 29-тармағында қамтылмаған. Яғни, осы мәселенің саяси шешімі болғанымен, бастапқы құқықтық негізі анықталмағанын атау қажет. Осыған байланысты бірінше ретте осы құбылыстың құқықтық табиғатын ашу өзекті болады.

Корпоративтік жемқорлық ұғымын ашуда оны «ақ жағалылар» жемқорлығымен салыстыру ішінара орынды сипатталған [29]. «Ақ жағалылар» мен корпоративтік жемқорлығы өзара ұқсас, екі ұғымда субъектілері негізінде арнайы құзыреттілікке ие тұлға төңірегінде шоғырланған. Тек бір белгісі бойынша анықтау дұрыс болмайтыны анық нәрсе, соған байланысты алғашқыда осы ұғымның қалыптасуында өткен ғасырдың 80 жылдары сын пікірлерге тап болған. Алайда, бұндағы маңызды белгі бұл «ақ жағалыларға» қатысты жемқорлық деп танылғандардың корпоративтік жемқорлыққа таралуында болған [30].

Бұл тізімге лауазымды тұлғалармен жасалатын 53 қылмыс құрамы жатқызылған. Осы қылмыстар қатарына бірінші кезекті әртүрлі нысандағы алаяқтық, жалған банкроттық, өнеркәсіптік шпионаж, салық төлеуден жалтару және өзге де қылмыстар қамтылған [31].

Жемқорлық қылмыстарын анықтайтын талаптар, аталған қылмыстарға да таралады. Олардың барлығы арнайы субъектімен пайдакүнемдік мақсатта арнайы құзыреттіліктерін пайдалану немесе қасағана әрекетсіздік арқылы жасалады. Осы ретте, өзге жемқорлық қылмыстарынан ерекшелетін белгі – бұл

оның әрекет ету қатынастар саласында, яғни экономикалық секторда болуда. Алайда, бұл экономика саласындағы барлық қылмыс түрлеріне «корпоративтік жемқорлық» ұғымын тарату деген ойды білдірмейді. Алайда, ол коммерциялық параға сатып алу ғана емес, одан кең ауқымдағы қылмыс құрамдарын қамтиды. Әртүрлі нысандағы алаяқтық, инсайдерлік ақпаратты заңсыз алу, коммерциялық параға сатып алу және басқалардан өзге, бұл санатқа заңды тұлғаның экономикалық мүдделеріне қарсы бағытталған барлық қылмыстарды жатқызуға болады [32].

1939 жылы криминолог және социолог Э. Сатерленд бұл қылмыстарды «ақ жағалылар» қылмыстары деп атап, пайдакүнемдік мақсатта жасалып қоғамның әлеуметтік құндылықтарын бұзатындығын алға тартқан. Негізінен алаяқтық, парақорлық, жалған банкроттық сынды қылмыстарды қоғамдық мәртебелері жоғарылар жасайды [33].

Ресейлік ғалым С.Д. Красноусовтың пікірінше, жеке сектордағы жемқорлық параға коммерциялық сатып алу және лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану нысандарында өтеді [34].

Осыған қатысты, П.И. Левченко, параға коммерциялық сатып алу үшін құқықтық жауакершілікті белгілейтін нормалар, коммерциялық ұйымдағы қызмет тәртібін бұзады, оларға мүліктік зиян келтіреді, жария-құқықтық саладағы қылмыстарды жасаудың алдын алады [35].

Параға коммерциялық сатып алудың қоғамдық қауіптілігінің мәні оның салдарының жеке және жария секторға таралуында. Сондай-ақ, мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары сынды, жоғары латенттілікке ие. Басымдылығын олардың латенттілігі өте жоғары сипатта болады. Себебі, коммерциялық сипаттағы заңды тұлғалардың қызметі қомақты қаржы айналымымен алмасуда, тараптардың арасындағы «мәмілелік» сипаттағы қарым-сипаттары ұзақ, жүйелік сипатқа ие. Мәселен, егер тұрмыстық деңгейдегі сыбайлас жемқорлық басым бөлігінде азаматтар «мәжбүрлік», яғни пара алушы мәжбүрлеу арқылы бір реттік сипаттада жүзеге асырса, корпоративтік секторда бұл өзгеше нысанда орын алады. Салдарында, мемлекеттің экономикалық, қаржы-фискалды әлеуеті зиян шегіп, артын әлеуметтік мәселелерге айналуға негіздер жасайды.

2014 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық кодексте 9 тарау «Коммерциялық және өзге ұйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» атты тарау пайда болып, өзіне 5 бапты қамтыды. Олар: өкілеттіктерді теріс пайдалану, жеке нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы, параға коммерциялық сатып алу, міндеттеріне адал қарамау, жеке күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалану баптары. Шын мәнінде көрсетілген қылмыстар жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықты қылмыстандырады, алайда, заңшығарушымен сыбайлас жемқорлық қылмыстары қатарына жатқызылмаған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мемлекеттік-жария сектордың жекешелендірілуі немесе осы сынды «концессиялық» сипатындағы шаралар

арқылы тиімді болатындығы туралы отандық ғалымдар мен сарапшылар жиі көтеруде. Әсіресе, бұл квазимемлекеттік секторға байланысты айтылуда. Дүниежүзілік банк мәліметтеріне сәйкес, тиімсіз басқару салдарынан бұл саланың қарыздық ауыртпалығы 19,7 миллиард АҚШ долларына жеткен [36].

Осындай жағдайдың қауіптілігі еліміздің егемендігімізге нұқсан келтіруі мүмкіндігі туралы да ғалымдар мен мамандармен айтылуда, себебі квазимемлекеттік сектордың басым бөлігінде ҚР Үкіметі құрылтайшысы немесе қатысушысы мен акция ұстаушысы болып табылатындықтан қарыздық міндетемелер бойынша субсидиарлық немесе солидарлық жауапкершілікте болуымен түсіндіріледі [37].

Квазимемлекеттік сектордың жекешелендірілуі осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының тиімді тетіктерінің бірі ретінде қарастыру бірнеше өткір мәселені шешуі мүмкін. Олар:

- бюджет қаржыландыру көздерінен айыру арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою;

- тиімділігі төмен мемлекеттік басқарудан тиімді менеджмент ие болу;

- салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруға мүмкін туғызады.

Себебі, басым бөлігінде квазимемлекеттік сектор субъектілері нарықта монополиялық сипаттағы басымдықтарға ие, сол арқылы саланы дамытуда әкімшілік сипаттағы кедергілер мен тосқауылдар туғызуда.

- Қызметтер, жұмыстар мен тауарларды сатып алу саласында ашықтық пен жариялық тетіктерінің орын алуы;

- Қызмет пен тауарлар өндірісінде сапалық көрсеткіштердің артуы;

- Сыртқы және ішкі инвестицияларға жаңа бағыттардың ашылу мүмкіндіктері.

Байқағанымыздай, квазимемлекеттік секторды жекешелендіру арқылы мультипликативті сапалық көрсеткіштерге ие болу әлеуеті зор болмақ. Алайда, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық көріністері бұл бағыттан жаңа жекеше, копоративтік секторға өтуі қауіп бар екенін атап өту қажет. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегиясы болжамдық тұрғыдан өте орынды болуда. Себебі, жекеше сектордағы жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігі алдағы алдағы уақытта бүгінгіден қарағанда өткір сұрақтарға айналуы әбден мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың жалғасы жеке сектормен жалғасып кету ықтималдығын болжауға болады.

Квазимемлекеттік сектор кәсіпкерлік субъектісі ретінде өзінің қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында жария және жеке түрлі сипаттағы құқықтық қарым-қатынастарға түсуде. Солардың қатарындағы еңбек және корпоративтік басқару саласындағы аутсорсинг және аутстаффинг институттарына назар аудару қажет. Себебі, квазимемлекеттік сектор саласындағы жасалынып жатқан сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі ретінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына сәйкес 2 санаттағы тұлғалар жатқызылған, олар:

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам;

Сондай-ақ, заңшығарушы аталған субъектілердің белгілерінің мазмұндық мәнін келесі дей ашып отыр:

1) әкімшілік-шаруашылық функциялар мазмұны ол – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық

2) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар мазмұны бұл – қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық.

Алайда, квазимемлекеттік сектордағы аутсорсинг және аутстаффинг қатынастарында жоғарыда аталған субъектілерге оларды жатқызу мәселесі құқықтық қиындықтар туғызады. Мәселені ашу үшін алдымен, бұл институттардың мазмұнын зерделеу қажет. Алдымен, «аутсорсинг» ұғымына тоқталсақ, ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 1-бап 2-17-тармақшасына сәйкес орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингі деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын шарттар жасасу арқылы жүзеге асыру үшін оларды бәсекелес ортаға беру түсініледі деп анықталған [38].

Алайда, осы заңнан туындайтын нормативтік құқықтық акт ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №70 «Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға берудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес аутсорсер ұғымы келесідей анықталған – мемлекеттік орган функцияларының жекелеген түрлері аутсорсинг арқылы орындауға берілетін кәсіпкерлік субъектілері мен оның бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар. [39].

Байқағанымыздай, аутсорсинг ұғымы отандық құқықтық жүйеде мемлекеттік сектор және оның функциясынан туындайтын қатынастарда реттеліп анықталып жатса, квазимемлекеттік секторда бұл институт нақты бір нормативтік құқықтық актімен реттелмеген. Алайда, азаматтық құқықтық қатынастарды негізгі реттеуші Азаматтық кодекспен реттеледі жалпы негіздерінде реттеледі. Яғни шарттық негізде квазимемлекеттік сектор субъектісі өзінің қаржы-шаруашылық қызметінің қандай-да бір бөлігін аутсорсингке немесе аутстаффингке (қызметкерлер санатынан шығару) беру жағдайында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының арнайы субъектісі ретінде саралана ма деген құқықтық сипаттағы мәселеге қатысты келесідей көзқарасымызды негіздеуді жөн санаймыз.

Біріншіден, аутсорсинг және аутсофтинг ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңындағы квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамға немесе мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамға да жатпайды. Алайда, шарттық негізде квазимемлекеттік сектордың субъектісінің кейбір қаржы-шаруашылық қызметінің функцияларын орындау барысында әкімшілік-шаруашылық функцияларды іс-жүзінде атқарғанмен, ҚР ҚК және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңында аталған субъектілер ұғымына жатқызу қиын себебі бұл тұста құқықтық олқылыққа жол берілген. Мәселен, аутсорсинг және аутсофтинг квазимемлекеттік сектор субъектісімен азаматтық құқықтық сипаттағы екі жақты шарт ҚР Азаматтық кодексі мен өзге де нормативтік құқықтық актілер негізде жасалады. Яғни, әкімшілік -шаруашылық функциялар мазмұнынан туындайтын ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық ұғымы заң шығарушымен заңмен анықталған тәртіпте деп тым тар ауқымда анықтауы іс жүзіндегі жағдайға келіспейді. Осы құқықтық олқылықты жою мақсатында ҚР ҚК-нің және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңында әкімшілік-шаруашылық функциялары ұғымын – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық деп анықтау қажет. Бұл ұсынылып отырған өзгерту сыбайлас жемқорлық қылмыстарын қудалау барысында аутсорсинг компания тұлғаларының сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі ретінде саралауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ҚР Қылмыстық кодексте бекітілген қылмыс үшін жазаның бұлтарпастығы қағидасына үлеседі.

Осы тұста, алдағы уақытта мемлекеттік секторда аутсорсинг институтының кең етек алатынын ескерсек, ұсынылып отырған өзгерту сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының алдын алудағы сипатқа ие тетіктердің бірі болады [40].

Бұл сонымен қатар, бүгінгі таңда квазимемлекеттік және корпоративтік сектордағы кең пайдаланылып отырған «аутстаффинг» немесе «қызметкер санатынан шығару» («outstaffing» ағылшын тілінде - жұмыскер ретінде сыртқа шығару деген мағынада) тетігіне де қатысты болмақ. Бұнда компания қызметінің бір бөлігін басқа жалдамалы заңды тұлғаға емес, негізгі компания қосымша мердігерді сырттан тартпай, компания ішіндегі қызметкерді өзін жеке дара белгілі бір қызмет түрін атқаруға жалдайды.

Осы жағдайда, сыбайлас жемқорлықпен күресте жаңа олқылықтар туындауы мүмкін. Мәселен, квазимемлекеттік сектордың субъектісінің тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу қызметінде жеке дара қызмет шартымен жалданған тұлға сыбайлас жемқорлық қылмыстарына барып, әшкере болып жатқанда, қылмыстың саралануында құқықтық қиыншылықтар туындауы мүмкін. Себебі, «аутстаффингпен» жалданған тұлға ҚР ҚК-не сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі болып табылмайды, яғни оның әрекетінде сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамы болмауы мүмкін. Оның

әрекеттері заңды тұлғаның мүдделеріне қарсы бағытталған қылмыстар санатында саралануы мүмкін. Бұл санаттағы қылмыстар үшін тағайындалуы мүмкін санкциялардың төмендігін ескеру қажет. Егер, бұл тұлғаның квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларға ие тұлғамен сөз байласқан жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмыстары жасалған жағдайда, бұл әбден мүмкін, олардың әрекетін саралауда сөз байласу белгісі болмайды, себебі, ҚР Жоғарғы сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 13-тармағына сәйкес: пара алу субъектісі болып табылмайтын адаммен сөз байласып адамның пара алуға байланысты жасаған әрекеттері адамдар тобымен алдын ала сөз байласуымен пара алуы ретінде бағаланбайды деп анықталған [41].

Байқағанымыздай, квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары құқықтық негіздермен жеткілікті деңгейде қамтылған. Ол заңнамалық және заңға тәуелді актілерден көрініс тапқан. Мемлекеттік деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы он жылға арналған стратегиялық құжат қабылданып әрекет етуде. Еліміздегі жемқорлықтың жай-күйі мен оған қарсы жасалып жатқан шаралардың және негізгі бағыттарын қамтыған сыбайлас жемқорлық туралы Ұлттық баяндама жылда жариялануда. ТМД елдері арасындағы алғашқылардың бірі болып «Ақпаратқа қол жетімділік туралы» заң қабылданып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жаңа сатыға көтерді. Сонымен қатар, осы бағытта өзге де құқықтық негіздері қалануда. Жалпы бұл нормативтік құқықтық актілердің негізгі бағыты сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын-алу, оған негіздер тудырушы себептер мен факторларды жоюға бағытталғандығын айтуға болады. Тіптен, осы саладағы негізгі заңнамалық актілердің бірі 2015 жылы қабалданған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңы, оған дейінгі әрекет еткен 1998 жылы қабылданған Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңы атауларының өзінде жемқорлық салдарымен күрестен оның себептерімен күрес сатысына өтуін аңғартады.

Сонымен, қатар еліміздің экономикалық негізін құраушы квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық мәселесі бүгінгі таңда өткір, шешуін талап ететін мәселеге айналууда. Оның зардабы тек сол салаға ғана емес, мемлекет пен қоғамның көптеген аспектілеріне тиюде. Соған байланысты ондай қылмыстардың мәнін ашу арқылы оларға тиімді төтеп беруде құқықтық тұрғыда заңнамадағы олқылықтарды жою және оларға толықтырулар мен өзгертулерді енгізу негізінде мүмкін болмақ. Осылар жайлы зерттеу жұмысының келесі бөлімдерінде тоқталып, оған қатысты өз ұстанымдарымыз бен ұсыныстарымыз жайлы баяндалады.

1.2 Квзимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлықтың кейбір мәселелері

Осындай мемлекет пен қоғамға маңызды саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының динамикасына қатысты құқықтық статистика да, дабыл қағуда. Мәселен, 2016 жылы 137 қылмыс тіркелсе, 2018 жылдың 51-ге жеткен немесе 1,5 есе өсім көрсеткен. 2018-2019 жылдары бұл көрсеткіш 130-150 шамасында қалған. Осы қылмыстардың басым бөлігі немесе 55 пайызы сатып алулар саласында жасалған. Сондай-ақ, квазимемлекеттік саладағы сатып алулар деңгейі мемлекеттік сатып алулардан 6-8 есеге дейін жоғарылығымен сипатталуын ескерсек, бұл саланы сыбайлас жемқорлықтың «саябағы» деп атауға толық негіз береді [43].

Осындай қатерлі сипатқа ие жағдайдың құқықтық, институционалдық, экономикалық қырларын терең ашу және оларды шешуде оңтайлы бағыттардың уақытылы құқықтық тетіктер негізінде жүзеге асырылуы саланы тығырықтан шығаруы мүмкін.

Корпоративтік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күресу мемлекеттік деңгейде басты назарға алынуда, мәселен Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» және 2015 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы мазмұны жағынан сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын себептерді жоюға және оның алдын алуға бағытталған шараларды қамтуды басты назарға алған .

ҚР заңының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда оның салдарымен күресте емес, оған «қолайлы» жағдай туғызатын, себептерді жою мәселесі басымдықты қажет етуде, соған қатысты кешенді, жүйелі шаралар қабылдап, оны тиімді жүзеге асыру тетіктерін енгізу – мақсатқа жетудің басты құралы болуы заңды уақыт талабы.

Сот-тергеулік тәжірибеге сүйенсек, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары негізінен тауарлар мен қызметтерді сатып алулар үрдісінде жасалуда. Мәселен, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ 2016 жылғы қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анализі негізінде қормен жүзеге асырылған жалпы сатып алулардың 94% бір қайнар көз тәсілімен жүргізілгендігі анықталған. Бұл бәсекелестік ортаның жоқтығы салдарынан сатып алынып отырған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің бағасын жасанды арттыру сияқты себептерге соқтыру жемқорлық тәуекелдеріне соқтыруда.

Қалыптасқан жағдайдың бірінше кезектегі себептері олар: сатып алулар барысындағы тиісінші деңгейдегі ашықтық мен ортақ шаралардың жоқтығы, саладағы заңды тұлғалардың қызметіне қоғамдық бақылау тетіктерінің болмауы.

Құқықтық тұрғыдағы олқылықтар тәжірибеде қылмыстық қудалау органдарына оларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік бермейді, бұл жазадан құтылмау қағидасына қайшы болуда. Соған байланысты, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілерін кеңейту қажет.

Бүгінгі күні квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыратын сатып алуды атқарушы органдарға бағынатын және қандай да бір құқықтық жауапкершілікте болмайтын олардың құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

Саладағы қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектілерінің шеңберін ұйым басшыларының орынбасарларына, департамент басшыларына, бухгалтерлерге, заңгерлерге және сатып алу мен материалдық-қаржылық ресурстармен байланысты басқа да тұлғаларға дейін кеңейту қажет.

Алайда, осы адамдардың кейбіреулері ақылы қызмет көрсету (аутсорсинг) шарты негізінде қызметті жүзеге асыра алатынын және осындай ұйымдардың тікелей қызметкерлері болмайтынын ескеру қажет, осыған байланысты осы ереже одан әрі зерттеуді талап етеді. Осылайша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері сатып алу мен материалдық-қаржылық ресурстармен байланысты құрылымдық бөлімшелердің басшыларын айқындау орынды болар еді.

Бұл ретте бұл тұлғалар қатарына сатып алумен, материалдық-техникалық және қаржы ресурстарымен байланысты департаменттердің басшыларын қосу орынды болмақ.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың белең алуына жағдай жасайтын себептердің қатарында қаржы-шаруашылық қызметіндегі ашықтықтың жоқтығын айта кету керек. Бұл тұста, сыбайлас жемқорлықпен күрестегі шетелдік тәжірибелерде азаматтық қоғамның қоғамдық бақылау институтының тетіктері негізінде оңтайлы модельдердің заңнамалық тұрғыда қамтылып, тиімді әрекет ету тенденцияларын байқауға болады. Мәселен, РФ 2013 жылғы «Мемлекеттік және муниципалдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу саласындағы келісім-шарт жүйесі туралы» Федералдық заңы 102-бапта азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер мен заңды тұлғалар бірлестіктерінің РФ Заңнамасының және сатып алу саласындағы келісім-шарт жүйесі туралы өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін бекітеді. Бұл ретте мұндай мүмкіндікті мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ, 1999 жылғы Оңтүстік Кореяда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған «Ореп» бағдарламасы, ол бойынша мемлекеттік органмен кез келген қабылданатын шешімнің азаматқа ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету Үкіметке міндеттелген [44].

2019 жылы квазимемлекеттік секторда 324 сыбайлас жемқорлық қылмыстары анықталып, олар бойынша 160 сотталған.

Экономикамыздағы квазимемлекеттік сектордың басым болуы және ондағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні анық. Бұл санаттағы ұылмыстардың артуының көрсеткіштерін жоғарыда берілген мәліметтерден байқауға болады. Әрине бұл тек анықталып, қылмыстық қудаланып жатқан жәйттер. Осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жағдай жасайтын келесі себептерді атауға болады:

- Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу саласында жасалуы, барлық сатып алулар көлемінің басым бөлігі «бір қайнар көзден сатып алу» тәсілімен жүзеге асырылуда;

- сатып алулар мен басқа да қаржы шаруашылық қызметінде ашықтықтың жоқтығы, бұл қатынастардың «Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР заңымен емес өздерінің нормативтік емес сипаттағы ішкі ережелері мен реттелуі. Тек мемлекеттік кәсіпорындардың сатып алу үрдістері аталған заңмен реттеледі;

- қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігінің төмен болуы салдарынан бюджет қаражаттарының тиімді игерілмеуі сыбайлас жемқорлыққа негіздерді туындатады;

- «көлеңкелі экономикаға» негіздерді жасап, сыртқа капиталдарды шығаруға жағдайлар туғызады;

- нарықтағы қатысушыларға қарағанда, әкімшілік-қаржылық артықшылықтарға ие болып, бәсекелестік орта қалыптасуға кедергілерді туғызуда және т.б.

Сондай-ақ, квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерімен жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының сот-тергеу тәжірибесін қылмыстық құқықтық сипаттағы олқылықтарды анықтауда. Солардың қатарындағы өзекті болып отырған тұстардың бірі квазимемлекеттік сектордағы жемқорлық қылмыстарының субъектілері мәселесі. ҚР ҚК-не және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына бұл саладағы аранайы субъектілердің келесі сипаттары заңшығарушымен анықталған, олар: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам қатарында – квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын орындайтын адам жатқызылған. Заңның квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілерін тар шеңберде анықтаған. Осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тек басқару функцияларына ие тұлғалар ғана емес ондай құқыққа ие емес тұлғалармен жасалатыны жиі анықталуда, бұл әсіресе, жоғарыда аталғандай сатып алулар үрдісінде орын алуда.

Алайда, құзырлы органмен қылмыстық істерді тергеуде құқыққолданушылар квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі басқару функцияларына ие емес тұлғаларға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін күдікті ретінде саралап, заңды қудалау мүмкіндіктері болмаған. Бұл жағдай қылмыстық қудалау органдарының сыбайлас жемқорлықпен күресте құқықтық мүмкіндіктерін шектеп, ҚР ҚК-де белгіленген қылмыс үшін жазаның қайтарылмауы қағидасына қарсы еді.

Қылмыстық Заң басқарушылық функциялар мазмұнын ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар арқылы ашып кеткен, бұл - қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық ретінде айқындалған. Заң шығарушымен бұндай тар мағынадағы квазимемлекеттік сектор субъектілері

қызметкерлерімен жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері ретінде анықтау құқыққолданушыға ғана қиындықтарды тәжірибеде туғызумен шектелмей, саладағы сыбайлас жемқорлықпен күресте жалпы тиімділікті тежеген.

Осындай құқықтық олқылықтар қылмыстық құқықтық әсер етуден квазимемлекеттік сектор саласындағы басқарушылық, ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларға ие емес, әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқарушы тұлғаларды жасаған сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін болмады. Мәселен, квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар үрдісіндегі жемқорлық жағдайларында әкімшілік-шаруашылық функцияларға ие бухгалтерлер, сатып алулар менеджерлері, тауар-материалдық құндылықтармен тығыз жұмыстағы тұлғалардың баруда.

Назар аударатын тұстардың бірі, ол квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі әкімшілік-ұйымдастыру, басқарушылық қызметтеріндегі жалақы мен қызметтік қосымша үстеме ақылардың мемлекеттік сектордан бірнеше есе кей жағдайларда ондаған есе жоғары болуы жемқорлық қылмыстарынан бөгет етуші фактор ретінде тиімділігін төмендігін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының негізгі себептерінің қатарына мамандар мемлекеттік қызметтегі жалақының төмендігін атауда. Алайда, жоғарыда аталғандай квазимемлекеттік секторда бұл мәселе өзгеше. Біздің ойымызша, ол бірінші кезекте квазимемлекеттік сектордағы қаржы-шаруашылық айналымдағы қаражат айналымының мемлекеттік сектордан 6-8 есеге дейін артық болуы. Яғни, тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тым жоғары болуы, солардың негізгілері:

- сатып алулардағы шешім қабылдау үрдісінің ашықсыздығы;
- бір қайнар көзден сатып алу тәсілінің жоғары болуы;
- сатып алу жеңімпазымен негізгі контрактіге қосымша келісімдерінің

жалғаса беруі;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 2019 жылы 26-қарашадағы №273 Заңы негізінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1-бабы 2-тармағы 2-1 пунктiмен "2-1) мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетiлген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкiмдiк немесе әкiмшiлiк-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкiлеттiк бойынша орындайтын адам;" мәтiнiмен толықтырылып квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күресте жаңа белеске шықты.

Бұл өзгеріс алдындағы құқықтық олқылықты толтырып, құқыққорғау органдарына квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күресте тыс қалып отырған әкімшілік-шаруашылық функцияларына ие тұлғаларды да сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, ҚР Президентімен 2019 жылы 3-шілдеде жаңадан құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы уәкілетті органның

ішінде квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша бөлек департаменттің құрылуы бұл санаттағы қылмыстардың қауіптілігін түсінуден туындап отыр.

Сыбайлас жемқорлық басым елде дамыған экономиканы құру мүмкін еместігі алтын аксиомаға айналуын уақыт дәлелдеп отыр. Солардың жарқын мысалы: Сингапур, Оңтүстік Корея, Швеция, Норвегия мемлекеттері. Экономикалық дамуға тек ашық, әділ бәсеке негізінде жетуге болатындығын жетік, толық, терең саяси тұрғыда ұғыну және оны құқықтық-ұйымдастырушылық кешенде толыққанды қамтамасыз ету сонымен қатар, ел экономикасына инвестицияларды тартуға қомақты септігін тигізген [45].

Отандық экономикалық құрылымының өзіндік ершелігін түсінбей, саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарына тиімді тосқауыл қою мүмкін болмайтындығын ескере отырып, соның ішінде бірінші кезекте квазимемлекеттік сектордың экономикалық үлесі 60 пайыз деңгейіне жетуін алға тарта отырып, сарапшылық ортада бұл жағдай экономикалық дамуға бөгеттерді туғызатын жағдайда. Солардың кейбіреуіне тоқталып өтсек:

- шынайы бәсекелестік ортаның төмен деңгейде қалуы;
- қалған бәсекелестеріне қарағанда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің теңсіз артықшылықтары; /бюджет қаражаттары көзінен қаржыландыру, тұрақты тапсырыстардың болуы және т.с.с./
- заңнамалық тұрғыда айрықша құқыққа ие болуы / бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, әр салалардағы негізгі ұлттық операторлар т.с.с./
- баға, құн қалыптастыруда теңсіз басымдықтарға ие болуы арқылы «дэмпинг» бару мүмкіндігі.

Аталғандардың салдары ретінде сарапшылар келесі кері байланысты алға тартуда: Әлеуметтік экономикалық даму Ұйымының құрамындағы мысалында елдердің көрсеткішінде экономикада мемлекеттік шығындар көлемінің жоғары болуы ІЖӨ өсім көрсеткіші төмен болуына тікелей әсер етеді. Мәселен, ұлттық холдингтердің үлесі жылдан жалға өсіп отыр, 2008 жылы бұл көрсеткіш 47 пайызда ІЖӨ -7,5 трлн теңге болса, бүгінде 59,7 пайызда ІЖӨ-27,5 трлн теңге жеткен [46].

Тығырықтан шығатын жол осы квазимемлекеттік сектор деген алып экономикалық құрылымды қысқарту және де жекешелендіру сынды саяси шешім қабылданды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте алдын алу шараларының дәрменсіздігі жағдайында қылмыстық-құқықтық шараларының тиімділігі тек латентті қылмыстардың жиі ашылуы жағдайында маңызды болуы мүмкін.

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Стамбұлдық жоспарына негізіндегі Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардың мониторингі бойынша 4- раунд ұсыныстары бойынша Қазақстан сыбайлас жемқорлық қылмыстарын, оның ішінде биліктің жоғары сатысындағы лауазымды тұлғаларға да қатысты қылмыстық қудалауда жоғары деңгейін көрсеткен. Сонымен қатар, жаза тағайындауда пара мөлшері мен айыппұл сомасына қатыстылығын байланыстыру, жария қызметтерге қайта жұмысқа

орналасуға міндетті түрдегі тыйым, шартты түрдегі сотталу мен осы санаттағы қылмыстар бойынша ескіру мерзімінің қолданылмауы жақсы бағаланған. Алайда, ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазаларын тағайындау орнына қаржылық санкцияларға басымдық беру қобалжытуда, себебі, бұл қаржылық санкция жеткілікті деңгейде жемқорлық қылмыстарын жасауға алдын алу шарасы ретінде жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан, Стамбұлдық есеп Қазақстанға сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін әрекеттілігі мен әділеттігі қамтамасыз ету мақсатында қайта қарастыруды, соның ішінде аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасын қарастыруды ұсынған [47].

Егер де, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоғары латенттілігін ескерсек, қылмыстық-құқықтық сипаттағы айыппұл нысанындағы қаржылай санкциялар жемқорлықпен күресте келесі негіздер бойынша тиімділігі төмен болады:

- көп жағдайда қылмыстық қудалау органы пара алу жағдайында бір ғана эпизод бойынша күдіктіні әшкерелеп ұстайды. Мысалы: мемлекеттік қызмет түрін көрсету анықтама үшін 20 мың теңге алған жағдайда ұсталған жағдайда, жазасы пара көлемінен 20 еселенген сомада тағайындалады, бәлкім бұл жемқордың күнделікті алып жүрген пара сомасы болуы мүмкін ондай жағдайда, тағайындалған жаза шартты түрде жемқордың «бір айлық» қосымша табысына да жетпейді. Біздің ойымызша, бұл «тұрмыстық» жемқорлыққа жол ашады, себебі алдыңғы ҚК сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша нақты бас бостандығынан айыру жазасын басымдыққа қойған және де бұл жемқорлыққа баруда тежеуші фактордың бірі болатын;

- жүйелілік тұрмыстық жемқорлық қылмыстары бойынша да айыппұл жазасы өзінің тиімсіздігін айқындайды. Мәселен, ҚР Ішкі істер министрлігінің жол-патрульдік полиция қызметін алсақ, себебі осы сала тұрмыстық жемқорлыққа белшесінен батқандығы баршаға мәлім, тергеу материалдарынан жол-патрульдік полиция қызметкерлері арасында шартты түрде өзіндік «қара жинақ» қалыптасқан, ол бойынша әріптестерінің бірі пара алу фактісімен құрықталған жағдайда, тағайындалған айыппұл алдында аталған «қара жинақтан» төленеді екен, бұл жазаның қылмысқа баруда тежеуші фактор ретінде дәрменсіздігін көрсетуде. Ұйымдасудың бұндай сипаты кейінен қылмыстық құрылымдық сипатқа ие болуға толық негіздері мен алғышарттарды қалыптастырады;

- пара сомасы ірі көлемде болған жағдайларда, ірі айыппұл жазаларын тағайындауда, сотталушымен оны төлеп шығуы, біраз сұрақтарды туғызады, солардың қатарында: төлеуге қаражат қайдан алынды, олардың заңдылығы, негізділігі және т.с.с.;

- ҚР Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес жаза қолданудың мақсаттары аталған, солардың қатарына келесілер жатқызылған:

- жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;
- сотталған адамды түзеу;
- сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу;

Байқағанымыздай, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қаржылық нысандағы санкция айыппұл салу ҚР ҚК 39 бабының 2-бөлігіндегі көзделген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бере ме деген орынды сұрақтар туындайды. Мәселен, 2016-2019 жылдар аралығында сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін 1315 адам жалпы сомасы 9 млрд. 642 млн. теңге айыппұлға жазаланған. Олардың ішінде аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін 5 адам 1,9 млрд. теңге айыппұлға сотталған. Соның қатарындағы аса ірі көлемде 627 млн. пара бергені үшін (ҚР ҚК-нің 367 бабының 4-бөлігі) «Baiterek Development» АҚ тұлғалары 1,9 млрд теңге айыппұлға сотталған.

Солардың ішінде осы санаттағы қылмыстар бойынша сотталғандардың 10-нан астам адамға үкіммен тағайындалған айыппұлды төлей алмауынан бас бостандығынан айыруға ауыстырылған [48].

Байқағанымыздай, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жаза тағайындауда айыппұл салу барлық ауырлық санаттағы қылмыстар бойынша қолдана беріледі, оған қандай да бір шектеу ҚР ҚК-те белгіленбеген.

Сонымен қатар, 2019 жылғы тергелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының 541 іс 7 млрд. теңге зардабымен – ауыр қылмыс қатарында болса, аса ауыр қылмыстар – 7 іс 26,6 млн. теңгеге, орташа ауырлық санаттағылар – 167 іс 10,9 млн. теңге, онша ауыр емес қылмыстар саны – 149 іс 279,4 млн. теңгені құраған.

Аталғандардың ішінде ең жиі жасалатын қылмыс құрамы бұл пара алу, алайда, ең жоғары зардап лауазымды өкілеттіктерді теріс пайдаланудан болған.

Байқағанымыздай, еліміздегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының 60 пайыздам астам ауыр санаттағы қылмыстар қатарында, аса ауыр саннатағысы 1 пайызға да жетпейді.

Ауыр санаттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының параның еселенген мөлшеріндегі айыппұл төлеп босауы ҚР Жоғары сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының талаптары ескерілмейтін сынды. Оған сәйкес, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек деп анықталған [49].

Жоғарыда айтылғандай, жаза тағайындаудағы мақсаттарға қол жеткізу және сыбайлас жемқорлықпен күресте тиімділікті арттыру үшін ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін айыппұл жазасын тағайындауды құқықтық тұрғыда тоқтату қажет және де бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, осы жазаның 2/3 мерзімін өтегеннен кейін қалған мерзімін айыппұлға ауыстыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл өзгерістер жаза тағайындаудағы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, соның ішінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталған адамды түзеуге, сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға да негіздер туғызады. Ұсынылып отырған ұсыныс

АҚШ-да кең таралған, яғни жемқорлық қылмыстары бойынша тағайындалатын жаза айыппұлды да, сонымен қатар бас бостандығынан айыру жазасын да қоса қамтуы мүмкін. Сондай-ақ, АҚШ-да ЕО елдеріне қарағанда сыбайлас жемқорлық қылмыстары кең қамтылғанын да айтып өткен жөн [50].

Жазаның аса маңызды аспектілерінің бірі ол адамдарды қылмысқа барудан бөгеу, яғни превентивтік сипаты жалпы қылмыстылықпен, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстылықпен күресте тиімді институт ретінде қарастырылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына тағайындалатын жазаны превентивтік тетік ретінде қарастыру өзекті мәселелердің бірі ретінде заңшығарушымен әлеуеті толық ашылмауда.

Бұны сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басым бөлігінде айыппұл тағайындау жоғарыда аталған жаза тағайындаудағы мақсатқа қол жеткізілмей жатқандығын байқауға болады. Мәселен, 2016 жылы параның орташа көрсеткіші 61 мың теңге болса, үш жылда бұл 3 еседен аса өсіп, 193 мың теңгеге жеткен [51].

Біздің ойымызша, бұл пара алуға тағайындалып жатқан айыппұл жазасымен тікелей байланысты, парақор алдағы уақытта пара алумен құрықталып, айыппұл тағайындалуға алдын ала «дайындалу мақсатында» өзіне «арнайы жинақ» жинау мақсатында пара мөлшерін асырып отырады. Бұл тенденцияның квазимемлекеттік сектордағы зардабы арта түспек, себебі, бұл саладағы қатысушылар негізінен коммерциялық шаруашылық субъектілер болғандықтан қаражат айналымы тиісінше жоғары болады, және де ондағы сатып алулар мөлшері мемлекеттік сатып алулардан 6-8 есеге дейін артық болуы жағдайды ушықтыра түсетіні анық.

Сондай-ақ, квазимемлекеттік сектордағы және мемлекеттік сектордағы парақорлық мәселесінде жаза тағайындауда бірыңғайлық ұстаным негізсіздігін аңғаруға болады. Мысалы, ҚР-да пара алумен ұсталып жатқандардың 75 пайызы ол орта және төменгі деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер болуын, жалақының төмендігімен, орташа алғанда 80-120 мың теңге түсіндірілуде. Олай болған жағдайда, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін ұсталынып жатқандардың жалақысы 3-8 есеге дейін мемлекеттік сектордан жоғары бола тұра қылмысқа баруды қалай түсіндіруге болады. Бұл ол саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуымен түсіндіріледі. Солардың айқын көрінісін сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органмен «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері туралы есептен байқауға болады. Ондағы жемқорлық тәуекелдеріне келесілер жатқызылған:

- тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алулардағы шешім қабылдаудағы ашықтықтың төмен болуы; ішкі ережемен жүзеге асырылуы;
- тендерлік комиссия қызметінің жетік реттелмеуі;
- оның құрамын бекіту жөнінде шешім қабылдаудың шарттары, тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген. Комиссия құрамына қандай да бір мүшені қабылдаудың өлшемдері мен негіздері жоқ.
- комиссияның нақты құрамы тапсырыс беруші басшысының қалауы бойынша қалыптастырылады.

- тендерлік комиссия мүшелерінің, сондай-ақ тендерлік құжаттаманы дайындау мен орналастыруға жауапты тұлғалардың өз мүдделерін мәлімдеу ахуалын және практикасының болмауын қиындатады. Бұл, әрине, белгілі бір конкурсқа қатысушыларға мүдделер қақтығысы мен артықшылық беру үшін жағдай жасайды. Жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сондай-ақ бақылау функциялары да ұшырайды.

- компания мердігердің сапасын бақылау қызметтеріне, техникалық және авторлық қадағалау қызметтеріне, аумақтық бөлімшелерге инспекциялық тексерулер жүргізеді. Бұл ретте тексерулер тиісті құқықтық және әдістемелік базасыз жүргізіледі, бұл өңірлердегі әртүрлі практикаға әкелуде [52].

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қатарында мемлекеттік қызметкерлердің жалақы мөлшерінің төмендігі де аталуда. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан мемлекеттік қызметтерді сандық форматтау, мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру, кешенді превентивті және қудалау шаралары, осы тұста мемлекеттік қызметкерлердің жалақысының төмендігі сыбайлас жемқорлықты төмендету үрдісін тежеуде.

Сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен мемлекеттерде (Сингапур, Гонконг, ЕО елдері) қызметкерлердің жалақысын радикалды түрде көтеру осы бағыттағы негізгі шаралардың бірі болғанын айта кету керек.

Қазақстанда соңғы бес жылда сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандардың 75 пайызы бұл орта және төменгі сатыдағы мемлекеттік қызметкерлер, сонымен қатар, атқарушылық лауазымдағы 20 жыл қызметтік өтілімі бар мемлекеттік қызметкердің жалақысы елдегі орташа жалақыдан төмен екендігі де айтылуда. Бұдан халық арасындағы «басшылар параны ашкөздіктен алса, қарапайым маман мұқтаждықтан алады» деген сөздердің шығуында да негізді екенін де аңғарамыз.

Жоғарыда аталып өткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кешенді шаралардың сапалы жүзеге асырылуы нәтижесінде ғана құрықтауға болады, солардың қатарындағылардың бірі ол – сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілерінің жалақы мәселесі, яғни оның төменгі деңгейде қалуы. Бұл мәселе мемлекеттік қызмет аясында өткір тұрса, квазимемлекеттік секторда жағдай жақсы, кей жағдайларда, топ менеджерлерге қатысты жоғары жалақының негізсіздігіне байланысты бұқаралық құралдарда сынға түсуде [53].

Тек, «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің жалақы фонды 2019 жылы 24 млрд. теңгені құрап отыр салыстырмалы түрде 170 мың халқы бар Екібастұз қаласының бір жылдық бюджеті 21 млрд. теңгені құраған. Сондай-ақ, міндетті медициналық сақтандыру қорының 2019 жылдың қыркүйек айындағы 7 басқарушы директорларының жалақысы 450 миллион теңгені құраған [54].

Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектордағы жалақының жоғары болуы сыбайлас жемқорлыққа кедергі болмай жатқанын атап өту қажет, яғни әлемнің осы саладағы озық тәжірибеге ие мемлекеттердегі жалақыны көтеру арқылы жемқорлықты күрт азайту нақты біздің жағдайда тиімсіз болу мүмкіндігін болжаймыз. Оған құқықтық статистика куә, мәселен, судьялардың жалақысын көтеріп, әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз еткенмен сыбайлас жемқорлық

бұл маңызды салада ілгерілеу байқалмауда, тек 2019 жылы 11 судья пара алумен ұсталған, оның 7 сотталған.

Біздің ойымызша, жауапты мемлекеттік қызмет лауазымындағылар және квазимемлекеттік сектордағы басқарушыларға сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны арттыру қажет, себебі, мемлекет пен халық алдында жоғары сенім тапсырылып қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-қаржылық қамтамасыз етіліп жатса да, жемқорлыққа барып мемлекет мүддесі үшін орын толмас зардапқа соғуда. Әсіресе, сот жүйесіне деген сенім жойылады, бұл деген құқықтық мемлекеттің іргетасы болып саналатын, құқықтың үстемдігі қағидасына балта шабумен тең. Дана халқымыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дәл анықтаған.

Аталған ұсыныс сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда оң тәжірибелерге ие мемлекеттерде қолданылуда. Мысалы: Ұлыбританияның 1916 жылы «Жемқорлықтың алдын алу және оған толықтырулар туралы» Заңы, Италия тіптен бөлек қылмыс құрамы ретінде «соттағы паракорлық» деп атаса, Германия судья және сот қызметкерлеріне паракорлық үшін жазаны қатардағы жемқорлық емес, ауыр санкциясымен бекіткен [55].

Яғни, сыбайлас жемқорлық қылмыстары субъектілерінің лауазымына қарай жаза тағайындау тәжірибесін жіктеу өзекті болып қалып отыр. Алайда, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы мен ҚР ҚК-де бұндай арнайы субъектілер жіктелімі болғанымен оларға қатысты жаза тағайындау тәжірибесінде жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жаза тағайындауда ерекше көзге түсетін Қытай халық Республикасы тек мемлекеттік қызметшілерге ғана емес, сондай-ақ ірі мемлекеттік корпорациялар басшыларына ату арқылы өлім жазасын тағайындауда. Біздің елдегі квазимемлекеттік сектор қытайдағы мемлекеттік корпорациялардың деңгейіндегі қаржы-шаруашылық институттар екенін ескерген жөн.

Әлемдік деңгейде сыбайлас жемқорлықпен күресте қаржы-экономикалық саладағы ережелері күшейту тенденциялары байқалуда. Осы бағытқа басымдық берудің келесі негіздерін атауға болады:

- Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жоғары латенттілікке ие болуына байланысты, жасалып жатқан барлық қылмыстарын қылмыстық қудалау мүмкін болмауына байланысты, олардан алынған материалдық игіліктерді тәркілеу;

- Қаржы-экономикалық салаларын, оның ішінде бухгалтерлік есеп және аудит саларын реттейтін нормативтік құқық актілеріде пруденциялық нормалардың артуы;

- Мемлекеттік немесе жария мүдделердегі тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу саласындағы ашықтық пен құқықтық жауапкершілікті арттыру;

- Жеке сектор саласындағы жемқорлық және басқа да қылмыстық жолмен табылған табыстарды жылыстатуға қарсы бағытында шаралардың күшеюі;

- Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құрамдарын арттыру сынды бағыттар (заңсыз баю, заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі, параға алдын-ала сөз беру т.б.).

Жоғарыда аталғандардың қатарындағы бағыттардың ішінде жария мүдделер үшін жасалатын сатып алу үрдісі басты назарға ілінген. Мәселен, тек мемлекеттік сектордағы сатып алу көлемі Қазақстанда 4,4 трлн теңгеге жеткен, оның 75 пайызы яғни 3,3, трлн. теңгеге бәсекесіз бір қайнар көзден сатып алу әдісі бойынша жүргізілген. Ал енді, квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар көлемін мемлекеттік сектордан 6-8 есеге дейін артық екенін ескерсек, бұл саланы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің «жылыжайы» деп атауға болады.

Мемлекеттік сатып алулар болсын, квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар болсын, байқағанымыздай бір қайнар көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырудың тым жоғары көрсеткіші, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сабақтасып жатыр. Бұл дегеніміз сапасыз құрылыстар, тауарлар, әлеуметтік нысандардың салынбауы, мемлекеттік бағдарламалардың орындалмауы, инфрақұрылымдық жобалардың кенжеленуі, қорғаныс саласының әлсіреуі түбінде мемлекеттің егемендігіне қауіп төндіретін құбылыс. Сол себепті де, мемлекеттік деңгейде осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды арттыруда. Мәселен, Президенттің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығымен бекітілген Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 64-тармағымен Қаржы министрлігіне квазимемлекеттік секторды мемлекеттік сатып алу және сатып алу мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу тапсырылды. Заң жобасын әзірлеу қажеттігі туралы осыған ұқсас тапсырма Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі отырысының 2019 жылғы 24 мамырдағы хаттамасының 1.7-тармағында көзделген [56].

Сонымен қатар 2019 жылғы 20 мамырдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет Басшысы Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары - Қаржы министрі Ә. Ә. Смайыловқа бюджеттік мекемелердің басшыларын оларды өткізуден босата отырып, мемлекеттік сатып алуды орталықтандыруды, сондай-ақ мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік сатып алуды жүргізуге араласуын болдырмайтын тетіктерді енгізуді тапсырылды.

Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды орындау үшін, сондай-ақ квазимемлекеттік секторды мемлекеттік сатып алу және сатып алу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында заң мынадай нормалар қамтылды: өтінімді заңсыз жіберу мемлекеттік сатып алу саласындағы негізгі бұзушылықтардың бірі болып табылатынына қарамастан, аталған іс-әрекеттер үшін әкімшілік жауапкершілік жоқ.

Бұл ретте, өтінімді заңсыз жіберуден басқа, негізгі бұзушылықтарға өтінімдерді негізсіз қабылдамау және әкімшілік жауапкершілік көзделген жоғары талаптарды белгілеу болып табылады.

Бұдан басқа, іс жүзінде тапсырыс берушілер сот жосықсыз сатып алуға қатысушылар деп таныған әлеуетті өнім берушілерді жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу процесін қасақана созатын фактілер бар

болғандықтан. Осыған байланысты, сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу үшін мұндай өнім берушілер туралы мәліметтерді уәкілетті органға жібермегені немесе уақытынан бұрын жібермегені үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін оңайлату мақсатында мемлекеттік сатып алу процесін айтарлықтай жеделдетуге мүмкіндік беретін «негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс» сатып алудың жаңа тәсілін енгізілді. Осылайша, Еуропалық Одақ елдерінде бұл әдіс кеңінен қолданылуда [57].

Бұдан басқа, сатып алудың осы тәсілі БҰҰ-ның сатып алу туралы үлгі Заңында (ЮНСИТРАЛ) көзделген. Әдетте, негіздемелік келісімдер қарапайым, стандартты тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді орталықтандырылған сатып алу кезінде пайдаланылады [58].

Электрондық коммерцияны дамыту жағдайында электрондық дүкен арқылы сатып алудың жаңа тәсілі енгізілді. Бұл тауарларды сатып алуды айтарлықтай жеңілдетуге және олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін растайтын және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша дұрыс емес ақпарат беру проблемасы бар.

Байқағанымыздай, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданып жатқан құқықтық шаралардың жыл сайын артуы көзделген мақсатқа жетуде заңның тиімділігін атай алмаймыз. Себебі, заңды бұзуға адамның ішкі дүниесі итермелесе, ендеше соны тузеген дұрыс болар. 19 ғасырдың 70 жылдары қырыққа тарта ұсақ феодалдық мемлекеттерге бөлінген неміс халықтарын біріктірген «темір канцлер» Отто фон Бисмарк: «әлсіз заңдармен елді басқаруға болады, алайда, тәртіпсіз шенеуліктермен елді басқаруға болмайды» деп өте орынды атаған. [59].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының «жәбірленушісі» ретінде классикалық тұрғыда мемлекет қарастырылғанымен, криминология ғылымында «жанама жәбірленушісі» ретінде кәсіпкерлік субъектіліктің фундаменталды негізі болып саналатын – бәсекелестік институтын бүгінгі таңда қылмыстық қудалау шеңберінде қорғау мәселесі өткір сұраққа айналууда. Мәселен, бұл құбылыс мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы тауарлар мен қызметтер және жұмыстарды сатып алулар кезінде анық аңғаруға болады, бұл ретте, заңды тұлға мүддесі үшін оның өкілімен «тиімді контракті» үшін конкурсты, тендерді ұйымдастырушыға пара арқылы қол жеткізілген жағдайда, отандық қылмыстық қудалау аппараты пара беруші және параны алушымен және оған делдал субъектілерін құрықтаумен көп жағдайдарда шектеліп қалуда. Осы тұста, пара берген заңды тұлға өкілі қандай мақсатта, яғни заңды тұлғаның мүддесі үшін сыбайлас жемқорлық қылмысы жасалатындығы ескерілмей қалуда. Алайда, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 113-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қатарында адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері жатқызылған. Егер де, жоғарыда аталған жағдайда жасалған іс-әрекеттің себептерін анықтайтын болсақ, онда пара беруші өзінің мүддесі үшін емес заңды

тұлғаның мүддесі үшін сыбайлас жемқорлық қылмысына барған болса, заңды тұлға қылмыстық қудалаудан тысқары қалуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда тежеуші факторға айналуы мүмкін. Сондай-ақ, бұл бизнестің локомативі саналатын бәсекелестік институтына балта шабууда, себебі, адал бәсекеде тендерді, жеңуі екі талай екендігін заңды тұлға басшысы біле отыра, сапа мен бағаны жетілдіруден оған тиімді болатын, бәсекелестерді айналып өту құралына айналған параға жүгіну тиімді болуда. Отандық құқық ғылымында заңды тұлғаға қылмыстық жауапкершілік институтына қатысты қызу пікір-таластардың кең етек жайғанын ескере отырып, оған терең үңілмейміз.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған жағдайды жою мақсатында, яғни «ережеге қарсы ойнаушы» заңды тұлғаларды пара бергені үшін алдағы уақытта мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор сатып алуларынан шектеу арқылы адал бәсекелестік ортаны қалыптастыра арқылы кәсіпкерлік саланы сапалы дамытуға тетіктер қалыптастырылады, себебі одан экономиканың 60 пайызы квазимемлекеттік секторда шоғырланса, мемлекеттік сектордағы сатып алулар мөлшері 3,3 триллон теңгеге жетіп отыр, ал егер квазимемлекеттік сектор сатып алулары мемлекеттік сектор сатып алуларынан 6-8 есе артық екенін ескерсек, бұл өзгерістер мультипликативті әсер беруі айдан анық. Аталғандандардың негізінде келесідей ұсынысты орынды деп табамыз: қылмыстық қудалау органы немесе бәсекелестікті қорғауға уәкілетті орган аталған фактілер бойынша заңды тұлғаны сатып алулардағы бәсекелестікті пара беру арқылы бұзғаны үшін соттың шешімі негізінде алдағы екі жылға барлық сатып алулардан (мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың) шеттету қажет.

БҰҰ-ның сатып алу туралы үлгі Заңы, ДСҰ-ның Мемлекеттік сатып алу жөніндегі келісіміне сәйкес, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына іліккен компаниялардың озық халықаралық тәжірибесіне сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді. Байқағанымыздай, аталмыш тетік кең таралған озық тәжірибе ретінде қарастыруды қажет етеді.

Бұл жағдай, яғни жария сатып алулардағы қаржы-шаруашылық қызметтің «қылмыстандырылуы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы-іс-қимылдың жаңа бағытын таратуда [60].

Әлемнің көптеген мемлекеттерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үрдістері қосымша құралдармен толықтырылуда. Солардың қатарындағы қылмыстық құқықтық тетігі өзіндік дербес құқықтық табиғатқа ие. Осы тұста, әр түрлі құқықтық жүйелер, өздеріне дәстүрлі түрдегі тән емес институттарды енгізуде, солардың қатарындағы қылмыстық әрекеттің «маманданырылуы» тенденциясын анық байқауға болады.

Солардың қатарындағы сыбайлас жемқорлықтың «жылыжай орталығына» айналған мемлекеттік, квазимемлекеттік секторлардағы сатып алулар немесе халықаралық нормативтік құқықтық актілерде жария сатып алулар деп анықталған институтқа назар аударуды қажет етуде.

Бірінші кезекте, ЕО мемлекеттерінің жария сатып алулар ережелерінің реттеушімен қорғаудағы қылмыстық-құқықтық тетіктерінің өзгерістерге ұшырағанын атап өту керек. Бұл жария сатып алулардың қылмыстық-құқықтық табиғатын ашумен тығыз байланысты саяси тұрғыда мойындаудан бастау алып

құқық шығармашылық үрдістен жүзеге асырудан тұрады. Сондай-ақ, бұл тенденция дәстүрлі қылмыстық құқық тетіктерінің осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығына тиісті деңгейдегі дәрменсіздігін аңғартады. Себебі, жария сатып алулардағы қылмыстық бағытта пайдалану әрекеттерді саралау әр түрлі қылмыс құрамдарымен жүзеге асырылу мәселелері күмән туғызбайды, мәселен, алаяқтық (190-бап), кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу (ҚР ҚК-нің 364-бап), пара беру, апара алу оған делдал болу, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, салғырттық, қызметтік жалғандық жасау қылмыс құрамдары әлеуеті зор болғанымен осы саладағы шетел озық тәжірибелері жария сатып алуларға арнайы қылмыс құрамы ретінде жеке шығаруда. Бұл бірінші кезекте, алдында аталғандай осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуымен және де саланың мемлекет пен қоғам мүддесі үшін аса маңызға ие екендігімен негізделеді.

Енді осы бағыттағы шетел кейбір тәжірибелерін талдасақ, мәселен, ЕО-тың 2014 жылғы 26 ақпанда қабылданған 3 жаңа Директивасы: 1) ЕО-тың 2014/23 концессиялық келісімдерді жасасу туралы Директивасы; 2) ЕО-тың 2014/24 жария сатып алулар туралы (2004/18/ЕС Директивасы орнына); 3) ЕО-тың 2014/25 сумен, энегетикамен, көлікпен және почта байланысымен қамтамасыз ету салаларындағы жария сатып алулар (2004/17/ЕС Директивасының орнына) [61].

Жоғарыда аталған ЕО директивалары негізінде Эстония өзінің ұлттық заңнамасына тиісті өзгерістер енгізген. Сонымен, 2017 жылы 14 маусымда жаңадан қабылданған «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңында қылмыстық-құқықтық санкциялармен қатар жария сатып алулардың қатысушыларына өзінің шаруашылық қызметіне байланысты жалған әрекеттері үшін қаржылық жауапкершілік тетіктері қарастырылған.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуларға немесе халықаралық тәжірибедегі жария сатып алулар институтының қылмыстандырылуына қатысты негізгі екі бағыттағы тенденцияларды атауға болады: біріншісі, жоғарыда атағандай бұні қылмыстандыру қажет деп тапса, екіншілері, сатып алуларды қылмыстандыру қажет емес деген ұстанымда. Соңғылары осы бағыттағы жемқорлық қылмыстылығымен күресте қолданыстағы қылмыстық құқықтық нормалардың жеткіліктілігін алға тартуда.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының салдарымен күресу оны жоюға жеткізетін жол емес екені анық болған сайын, превентивтік тетіктердің өзектілігі арта түспек. Осыған байланысты, қылмыстық қудалау бұл қылмыстық құқықтың жалпы ерекшеліктерінің салдары, ол туралы 1909 жылы ресейлік құқықтанушы және құқық философы Н.М. Коркунов былай деп жазған: "қылмыстық жазалау қоғам мен материалдық және адамгершілік жағынан өте қымбат, сонымен қатар қылмыстық жаза өзі жасалған құқық бұзушылықты жоймайды, өзі алынған құқықты қалпына келтірмейді, қылмыскер келтірген зиянды өтемейді. Құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылдың басқа тәсілдері жоқ немесе бұл тәсілдер жеткіліксіз, заңға қарсы қол сұғушылықтың ауырлығына сәйкес келмеген кезде жазалау шараларына жүгінуге тура келеді. Осыған байланысты жазалау санкциясы бар заңдар шикі жасалған заңдар деп аталады деп атап кеткен [62].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзіне превентивтік және «репрессивтік» элементтерді қамтыған құқықтық тетіктер осы ретте өзектілігін негіздеуде. Солардың қатарындағы «заңсыз баю» институтына қатысты бір жақты ұстанымдар қалыптаспаған. Ол мәні бойынша сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күресу құралы деп жиі аталып жатса да, жемқорлықтың алдын алу тетігі ретінде де қомақты маңызға ие болуда. Әсіресе, бұл қаржылық және шаруашылық қызметінің ашықтығы мен жариялылығы аз, бюджеттік қарым-қатынастарының қатысушысы болып табылатын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты болмақ.

Квазимемлекеттік сектордың ел экономикасының 60 пайыз бөлігін өз қолында шоғырландырылғанмен, бюджеттік көздердермен қатар сыртқы заемдардан қаржыландырылып жатқанмен нақты қызметінің экономикаға тиімділігі төмен болып қалуда, кейде тіптен шығынды болып саналуда. Осыған байланысты сарапшылар мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын Есеп комитетінен сынға жиі түсуде. Мәселен, Есеп комитетінің квазимемлекеттік экономика секторын сынына байланысты жағдай үлкен өзгерістерге ұшырамаған. Мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың үлесі 2013 жылмен салыстырғанда 17 пайызға төмендесе де, кей салаларды мемлекеттік қатысу әлі де басымдықта қалуда, олар: өндірісте - 69,7 пайыз, көлікте – 13,8 пайыз, білім және денсаулық сақтау саласында – 6,4 пайыз. Сонымен қатар, Есеп комитетінің мәліметтеріне сәйкес, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің қызметінде активтерді басқару тиімділігінің төмендеу динамикасы соңғы 5 жыл бойы жалғасуда. Нақтыланатын болсақ, «Самұрық-қазына Ұлттық Әл-ауқат қорының» активтерінің рентабельділігі 2,7 есеге немесе 2012 жылы 7 пайыздан 2016 жылы 2,6 пайызға дейін төмендеген. «ҚазАгро ҰБХ» өзіндік капиталының рентабельділігі 2,8 есеге немесе 15 пайыздан 5,4 пайызға дейін төмендеген. Ал «Бәйтерек» ҰБХ көрсеткіштері 2,5 пайыздан 6,3 пайызға дейін өскен, сонымен қатар онда «заемдардың үлесінің артқанын» (77 пайыз), инфляциялық табыстардың барлық табыстарының (20 пайыз) құраған. Есеп комитеті квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқарудағы қызметінің төмендігін операциялық жұмыстарына жұмсайтын шығындардың тым жоғарылығымен және кәсіби емес активтердің болуымен түсіндіріледі. Жалпылай айтқанда, жыл пайдамен қорытындылығын кәсіпорындар саны 19,1 пайызға жеткен. Бұл өз кезегінде бюджетке деген түсімдерді 22 пайызға немесе 10,1 миллиард теңгеге төмендеген. Сандық көрсеткіштер бюджетпен квазимемлекеттік секторға бөлінген қаражаттардан мол пайда таппағанын көрсетуде. Тек соңғы 3 жылда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ұлғайтуға 948,5 миллиард теңге бөлінсе, ал олардан түскен бюджеттік түсімдер 102,6 миллиард немесе алғашқы салымнан 11 пайыз ғана болған. Сонымен қатар, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудан үнемделген қаражаттарды бюджетке қайтарылмауда, тіптен юбюджеттен бөлінген қаражаттардың толығымен игерілмеген жағдайында да, қосымша қаражаттар бөлінген. Тек, 2016 жылы осындай қалдық сомалар 132,2 миллиард теңге болған, соған қарамастан, жарғылық капиталдарын ұлғайту мақсатында республикалық бюджеттен қосымша 304,8 миллиард теңге бөлінген.

Аудиторлық тексерістердің қорытындаларына сәйкес, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің екінші деңгейлі банктерінің есеп шоттарында ірі көлемдегі «уақытша бос қаражаттардың» бірнеше жыл бойы жатқанын анықтаған, алайда бұл қаражаттар тиісті экономиканың дамуына бағытталмаған. Сондай-ақ, бюджеттік қаражаттардың тиімсіз пайдалану салдарынан 1,4 миллиард теңге болып, мемлекетпен қойылған мақсаттарға қол жеткізілмеген [63].

бюджет қаражаттарының игерілуіне байланысты әр жылғы есеп қорытындыларында бұндай қаражаттардың «тиімсіз пайдалануы» деген сөз тіркесіне тап боламыз. Бұндай сөз тіркесінің астарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жатуы мүмкін. Мәселен, ҚР Бюджет кодексінің 3-бабының 12-4 тармағында бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану деп анықталса, осы баптың 14-2 тармағында бюджеттік бағдарламаларды тиімсіз атқару – бюджеттік жүйенің мынадай: нәтижелілік, негізділік, тиімділік, жауапкершілік, бюджет қаражатының атаулылығы мен нысаналы сипаты қағидаттарына сәйкес келмейтін бюджет қаражаттарының жұмсалуды деп толықтырылып өткен.

Кодекстің 97-бабына сәйкес, бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландырылатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы ағымдағы жылы жарғылық капиталды қалыптастыруға (толтыруға) бөлінген және есепті кезеңнің соңында пайдаланылмай қалған қаражат қалдықтары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы жылы пайдаланылмаған қаражаты болып табылады және бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуына деп танылады.

Бюджет қаражаттарының тиімсіз пайдалану мен бағдарламалардың тиімсіз атқарылуына байланысты құқықтық жауапкершілік терінде құқықтық салдар туғызады. Аталған әрекеттері үшін ҚР БК-нің 104-1-бабында бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлағаны және (немесе) тиімсіз пайдаланғаны үшін келесілері үшін жауаптылық қарастырылған:

- бекітілген заттай нормалардан асырудан;
- Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген құжаттардың (техникалық-экономикалық негіздеме, қаржылық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама) және (немесе) олар бойынша тиісті органдар және (немесе) ұйымдар шешімдерінің (қорытындыларының) болмауынан;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің балансында есепте тұрмайтын объектілерді күтіп-ұстауға арналған бюджет қаражатын жұмсаудан;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға берілмеген объектілерді күтіп-ұстауға арналған бюджет қаражатын жұмсаудан;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлағаны және (немесе) тиімсіз

пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Сонымен қатар, жоғарыда талған әрекеттер үшін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты арнайы жауапкершілің ҚР Бюджет кодексінің 105-бабында қарастырылған. Оған сәйкес, мемлекеттің қатысуы арқылы олардың жарғылық капиталдарына салынатын бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемеде көзделген нәтижелеріне қол жеткізбегені үшін, оның ішінде бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде, республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшылары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады [64].

Жоғарыда аталған құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік бланкеттік нормаларды қарастырған, ол бойынша жауапкершілік ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексінің 234-1-бабында Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану үшін лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған. Сондай-ақ, осы баптың мақсаттары үшін лауазымды адамдар деп бюджеттік бағдарламалар әкімшісі – орталық мемлекеттік органның бірінші басшысын, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі – жергілікті атқарушы органның бірінші басшысын, бюджеттік бағдарламаның басшысын, квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы түсініледі [65].

Квазимемлекеттік сектордағы бюджет қаражаттарын тиімсіз игеру сомалардың арақатынасы мен оған қолданылатын жазаның мөлшері тым аз екенін аңғарамыз. Алайда, нақты осы саладан сыртқа қайтарымсыз қаражаттар шығарылуда, басым бөлігі сыбайлас жемқорлық тетіктері арқылы жүзеге асырылуда. Мәселен, 2016 жылы мемлекеттің квазимемлекеттік сектор арқылы экономикадағы қатысуы 72 пайызға жетіп, одан сыртқа шығарылған қаражат көлемі ЖІӨ-нің 25 пайызын құраса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 21 пайызға жеткен. 2016 жылы сандық эквивалентте шығарылған капитал 34,5 АҚШ доллары болса, оның 19,8 миллиард АҚШ доллары немесе квазимемлекеттік сектордың сыбайлас жемқорлық тетіктері арқылы алынған сомасының 20 пайызы болған, ал 2018 жылы сыртқа шығарылған капитал мөлшері 29,6 пайыз болса, оның 17,2 пайызы квазимемлекеттік сектордың «көлеңкелі әрекеттерінің» үлесіне тең болған [66].

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан келтірілген залал мөлшері мемлекеттік бюджет түсімдерінің 201906, 204109, 204112 бюджеттік сыныптамаларына сәйкес 2016 жылы орнына толтырылған залал мөлшері 4,5 миллиард немесе сыртқа шығарылған капиталдың 0,09 пайызына тең. Бұл сыртқа шығарылған әрбір 1000 АҚШ долларынан тек 2 доллары кері қайтады деген сөз [67].

Байқағанымыздай, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруші ірі фактордың бірі болып қалуда. Бюджет қаражаттарын тиімсіз игереді, «көлеңкелі экономиканы» қалыптастырады, экономикамыздың басым активтерін қолына шоғырландыра

отырып, бәсекелестік ортаны қалыптастырмайды, сатып алуларында бір көзден сатып алу тәсілімен 80 пайызға жуығы жүзеге асырылады және ең бастысы сыртқа капиталды қайтарымсыз шығарушылардың үздігіне бүгін айналған квазимемлекеттік сектор түбегейлі реформаларды қажет етуде. Олсыз сыбайлас жемқорлықпен күресте ірі оң өзгерістерге жету мүмкін емес екендігін мойындауымыз керек. Тек, бір мысал ретінде бұл сектордағы сатып алулар көлемі мемлекеттік сектордан 5-8 есеге дейін артық екенін алға салсақ болғаны.

Осы ретте, квазимемлекеттік сектордан сыртқа шығарылып жатқан капиталдардың нақты сыбайлас жемқорлық қылмыстары нәтижесінде алынғанын дәлелдеудің мүмкіндігі төмен екенін түсіну қажет. Шыны керек, бұндай сатыдағы жемқорлықтың себептері мен салдарындағы себепті байланысты дәлелдеу тым төмен екенін мойындауымыз керек. Оған саладағы «корпоративтік байланыстардың» жоғары латенттілігі мен тым үлкен қаражаттардың айналуы себепкер. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің нәтижелілігі кешенді ұйымдық, құқықтық шаралардың қатаң және жүйелі түрде жүзеге асырылуына байланысты. Әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік билікті ғана емес, мемлекеттің шаруашылық тірегі болып саналатын экономикалық құрылымдарын құрту әлеуетіне ие екенін көреміз. Ал егер, Қазақстандағы экономиканың 60 пайызы квазимемлекеттік секторда шоғырланғанын ескерсек, негізгі шараларды осы бағытта күшейту қажет. Және де бұл сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тудырушы себептердің алдын алу және оның салдарымен күресу тетіктері арқылы жүзеге асырылуы керек. Жемқорлықпен күресуді тиімді жүзеге асыру үшін бірінші кезекте, жемқордың қылмысқа баруындағы негізгі қозғаушы күші пайдакүнемдік мақсатына тосқауыл қою қажет. Бұл мәселені отандық және шетелдік құқықтанушылар да жиі көтеруде, соған қарамастан, бұл сұраққа әлі күнге дейін тиісінше мемлекеттік дейгейде зейін салынбауда.

Жоғары латенттілікке ие болғандықтан, кем дегенде жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының жартысын құрықтау мүмкін емес екенін түсініп барлық мемлекеттер шарасыздығын мойындауда. Алайда, осы қылмыс түріне адамды пайдакүнемдік мақсаты қозғайтынын біле отырып, неге сол пайдакүнемдік тірегіне негізгі күшті бағыттамасқа, осыған байланысты «заңсыз баю» немесе «негізсіз баю» мәселелері күн тәртібінің өзекті тақырыптарының бірі болуы толық негізді.

Осы бірегей институттың халықаралық тәжірибедегі мәні мен мағынасын және түрлерін ашу негізінде отандық құқықтық жүйе ерекшеліктерін ескерумен оны енгізу мүмкіндіктері туралы алдағы тарауда қарастырылады.

2. КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Квазимемлекеттік сектор субъектілері аспектісіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілігінің кейбір мәселелерін жетілдіру жолдары

Бүгінгі күні сарапшылар қауымдастығы сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық дамуға ықпал етеді деген бірыңғай көзқарасты қолдайды. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дамыған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл экономикалық өсуді қамтамасыз етудің, инновациялық әлеуетті қалыптастырудың, инвестициялық тартымдылықты арттырудың, бәсекелестікті дамытудың және «көлеңкелі» экономиканы қысқартудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Бұл Оңтүстік Шығыс Азия және Скандинавия түбегі елдерінің тәжірибесімен дәлелденген. Онда сыбайлас жемқорлық минималды, ал өмір сапасы – әлемдегі ең жоғары деңгейде. Халықаралық валюта қорының деректері бойынша, сыбайлас жемқорлықтың салдарынан әлемдік ЖІӨ жыл сайын шамамен 2%-ды жоғалтады, бұл 1,5-2 триллион АҚШ долларына парапар [68].

Егер Қазақстан мысалында осындай есептеулер жүргізсек, онда жыл сайынғы әлеуетті шығындар 3,8 млрд АҚШ долларын құрайды. Есептеулер кезінде ЖІӨ көрсеткіштерін және 2019 жылға доллардың теңгеге шаққандағы орташа жылдық бағамын қолдана отырып, экстраполяция әдісі қолданылды.

Шын мәнінде, аталған сандық көрсеткіштер мұхиттағы мұздықтар сияқты басым бөлігі судың астында жатқан алып мәселелердің бірі болып қалуда. Оған қарсы көптеген реформалар жасалып, ірі қаржы көлемдері бөлінуде. Олардың нәтижелілігі мен тиімділігіне қатысты да сұрақтар жиі көтерілуде. Солардың бір бағыттарының бірі құқықтық тұрғыдағы мәселелер болып табылады. Соның ішіндегі қылмыстық-құқықтық сұрақтар өз шешімін талап ететін бағыттардың бірі болып қалуда. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық контекстіндегі «дәстүрлі емес» болып саналатын квазимемлекеттік сектор мәселелері жаңа, тың бағыт болып табылады. Бұл саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуы мемлекет тарапынан оған ерекше назарды қажет етуде. Бұл ел экономикасына маңызды сектордың сыбайлас жемқорлық мәселелері ауқымды да, күрделі құқықтық, әкімшілік, экономикалық реформаларды қажет ететіні сөзсіз. Осылардың ішіндегі қылмыстық-құқықтық кейбір мәселелерге қатысты негізді ұсыныстар туралы ары қарай талқыланбақ.

Отандық құқықтанушы-ғалым А.Н. Ағыбаевтың пікірі бойынша сыбайлас жемқорлықтың нақты қылмыстық – құқықтық көрініс нысандары ретінде қызмет өкілеттігін теріс пайдалану мен пара алуды айтады. Оның пікірі бойынша кез келген лауазымдық қылмыс сыбайлас жемқорлық болып табылмайды, бірақ кез келген сыбайлас жемқорлық қылмыс лауазымдық қылмысқа жатады [69].

Осы ретте сыбайлас жемқорлық қылмыстарының өзегі оның арнайы субъектілерінде жатқандығын анықтауға болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерімен жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының сот-тергеу тәжірибесін қылмыстық құқықтық сипаттағы олқылықтарды анықталуда. Солардың қатарындағы өзекті болып отырған тұстардың бірі квазимемлекеттік сектордағы жемқорлық қылмыстарының субъектілері мәселесі. ҚР ҚК-не және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына бұл саладағы аранайы субъектілердің келесі сипаттары заңшығарушымен анықталған, олар: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам қатарында – квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын орындайтын адам жатқызылған. Заңның квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілерін тар шеңберде анықтаған. Осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тек басқару функцияларына ие тұлғалар ғана емес ондай құқыққа ие емес тұлғалармен жасалатыны жиі анықталуда, бұл әсіресе, жоғарыда аталғандай сатып алулар үрдісінде орын алуда.

Заңнаманың жетілдірілмеуі квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тағы бір мәселесі болып табылады. Сонымен, Қылмыстық кодекске (3 бап) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (1 бап) сәйкес сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілеріне ұлттық холдингтерде және компанияларда басқарушылық функциясын атқаратын тұлғалар жатқызылды (бірінші басшылар).

Квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің кейбір категориялары (сатып алулармен, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырумен және метариалдық-техникалық ресурстармен байланысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, есепшілер, заңгерлер және басқа да тұлғалар) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілерінің тізіміне жатпайды. Тәжірибедегі заңнамалық олқылықтар қылмыстық қудалау органдарын сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша жауапкершілікке тарту мүмкіндігінен айырады, бұл болмай қоймайтын жазалаудың қағидаларына қарсы келеді.

Алайда, құзырлы органмен қылмыстық істерді тергеуде құқыққолданушылар квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі басқару функцияларына ие емес тұлғаларға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін күдікті ретінде саралап, заңды қудалау мүмкіндіктері болмаған. Бұл жағдай қылмыстық қудалау органдарының сыбайлас жемқорлықпен күресте құқықтық мүмкіндіктерін шектеп, ҚР ҚК-де белгіленген қылмыс үшін жазаның қайтарылмауы қағидасына қарсы еді.

Қылмыстық заң басқарушылық функциялар мазмұнын ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар арқылы ашып кеткен, бұл - қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық ретінде айқындалған. Заң шығарушымен бұндай тар мағынадағы квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерімен жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері ретінде анықтау құқыққолданушыға ғана қиындықтарды

тәжірибеде туғызумен шектелмей, саладағы сыбайлас жемқорлықпен күресте жалпы тиімділікті тежеген.

Осындай құқықтық олқылықтар қылмыстық құқықтық әсер етуден квазимемлекеттік сектор саласындағы басқарушылық, ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларға ие емес, әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқарушы тұлғаларды жасаған сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін болмады. Мәселен, квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар үрдісіндегі жемқорлық жағдайларында әкімшілік-шаруашылық функцияларға ие бухгалтерлер, сатып алулар менеджерлері, тауар-материалдық құндылықтармен тығыз жұмыстағы тұлғалардың баруда.

Қылмыстық және әкімшілік заңнамасының сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілерінің ауқымын кеңейту бөлігінде тиісті өзгертулер енгізу (сатып алулармен, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырумен және материалдыққаржылық ресурстармен байланысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, есепшілер, заңгерлер және басқа да тұлғалар)

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілеріне ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң ҚР Қылмыстық кодексінде келесі тұлғалар жатқызылған:

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты, сондай-ақ мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді мемлекеттік қызметке тағайындалғанға дейін уақытша орындайтын адам;

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектисінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

- лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен

Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері.

Заңшығарушы аталған субъектілерді сыбайлас жемқорлық қылмыстарының арнайы субъектілері ретінде құқықтық тұрғыда нақты айқындап кеткен. Осы санаттағы қылмыстарды тергеуде қылмыс субъектісі ретінде айқындау өткір мәселелерге айналуы құқық ғалымдары мен уәкілетті орган тарапынан жиі көтерілетін тақырыптардың біріне айналған.

Соның нәтижесінде 2019 жылы 26 қарашада ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңына сәйкес ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының 1-баптың 2-1-тармағына: «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам» деп тиісінше толықтырулар енгізілді.

Бұндай толықтырулар құқыққолданушыларға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің жекелеген санаттарын жатқызу (сатып алу, мемлекеттік бағдарламаларды және материалдық-техникалық ресурстарды жүзеге асыруға байланысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, бухгалтерлер, заңгерлер және өзге де тұлғалар) мүмкіндікті береді.

Алайда, көрсетілген заңнамадағы өзгерістер мен толықтыруларды заңшығарушы ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларға ие тұлғаның квазимемлекеттік секторда басқарушылық функцияларға ие болуы сынды шартты айқындаған. Осыған байланысты, әсіресе, квазимемлекеттік секторда әкімшілік-шаруашылық функцияларға ие тұлғалардың басқарушылық лауазымдарында болмайтындығын атап өту қажет. Бұндай жағдайда, оларды сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері ретінде тануға құқықтық тұрғыда тосқауылдар туындауы әбден мүмкін. Нәтижесінде, ҚР ҚК-де анықталған жазадан құтылу қағидасы бұзылып, осы саладағы ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы іс-қимылды тиімді ұйымдастыруға кедергілер туындайды.

Байқағанымыздай, арнайы субъектілердің еңбек қарым-қатынастарынан туындайтын функционалдық міндеттердің сипатымен өте тығыз байланыста болады. Қоғамдық қарым-қатынастардың дамуымен еңбек қарым-қатынастарын да дамуы заңды үрдіс, соған байланысты жаңа институттар мен үрдістер пайда болып, алмасып жатыр. Квазимемлекеттік және корпоративтік сектордағы еңбек қатынастарындағы сондай жаңашылдықтардың бірі «аутсорсинг» және «аустаффинг» институттары болып табылады. Осы институттардың мәні талдау арқылы квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жаңа бағыттарын алдын-алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл құқықтың болжамдық мәнімен де үйлеседі. Құқықтану әлеуметтік ғылымдардың саласы ретінде қоғамдағы үрдістердің даму тенденциялары мен өзге де өзгерістерге ұшырау мүмкіндіктерін мәліметтер мен ақпараттарды зерделеу негізінде құқықтық болжамдық әлеуетке ие бола алады. Бүгінгі ғаламдану үрдісінде, қоғамдық қатынастардың жылдам және жиі өзгерістерге ұшырауы құқықтану ғылым да шет қала алмайды, себебі, бұл ғылым саласы әлеуметтік қатынастармен тығыз байланысты [70].

Алдында аталған институттардың мәнін ашуға келсек, бірінші олардың тілдік мағыналарына тоқталу қажет. Бұл ағылшын сөздері «аутсорсинг» мәміледе ескертілген қос тараптардың арасында кәсіпкерлік үрдістерді (шағымдардың өндеуі мен төлем тізімдемелер) мен қаржылық-операциялық атқарымдардың (инфрақұрылымның басқаруы және өндеу өнеркәсібі) табыстауын білдіреді. Американдық Глоссарий бойынша 1981 жылдан бастап “аутсорсинг” ұғымы “сыртқы ресурстарды, пайдалану, қолдану” мығынасын беріп, әлі күнге дейін қолданылуды. Бүгінде аутсорсингке бір компаниядан екінші компанияға қызмеркерлер мен активтердің, өндіріс күштерінің өтуі, табыстауы тежатады. Сонымен қатар, аутсорсинг мемлекеттік қызметтің басқаруын жеке меншік кәсіпорынға беру тәжірибесін білдіреді [71].

Заңды тұлғалар көбінесе аутсорсингті белгілі бір шығындарды қысқарту үшін қолданады. Мысалы, перифериялық немесе “бейінді емес” шығындар, жоғары салықтар, жоғары қуат шығындар, шамадан тыс мемлекеттік реттеу/мандаттар, өндіріс және еңбек шығындар. Шетелдік компаниялар аутсорсингті копроративтік салықтар мен міндетті аударымдар үшін (әлеуметтік қамсыздандыру, медициналық көмек, қауіпсіздік қорғау) ынталандырады. Сол мезетте, компаниялар аутсорсингті әкімшілік мен басқару шығындарды төмендету үшін қолданбайды. Мысалы, 2007 жылы Америка Құрама Штаттарында атқарушы бастықтардың орташа жалақысы басқа жұмысшылардың жалақысына қарағанда 400 есе көп болды. Бұл айырмашылық 1965 жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда 20 есе көп [72].

Оның бірнеше жіктелуі аталуда, аутсорсингке ішкі және шетел келісім-шарттарға қоса “оффшоринг” (бизнес процессті алыс елге орналастыру) пен “ниаршоринг” (бизнес процессті көршілес елге табыстау) жатады. Өнеркәсіптік, ақпараттық технологиялық, корпоративтік басқару сынды аутсорсинг турлері кеңінен таралған. Бұның отандық корпоративтік секторда, оның ішінде квазимемлекеттік секторда ақпараттық-технологиялық, бухгалтерлік, заңгерлік

фанукциялар бағыттары бойынша қолданылуда. Тіптен, мемлекеттік сектор саласында да қолдануға құқықтық негіздер жасалған.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін алдынғыдай, тек басқарушылық функцияларға ие тұлғаларға ғана таралуы, соңғы заңнамаға өзгерістерден кейін әкімшілік-шаруашылық функцияларды да атқарушы тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершілікке тарту мүмкіндігі пайда болды. Бұл осы саладағы сыбайлас жемқорлықпен күресте қосымша тетіктерді, оның ішінде басшылық пен оған қызмет бабымен бағынысты тұлғалардың алдын ала сөз байланысып, тіптен қылмыстық ұйымдасуға қарсы әрекеттеріне тиімді күресуге мүмкіндіктер беруі мүмкін. Себебі, ҚР Жоғарғы сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 13-тармағына сәйкес: пара алу субъектісі болып табылмайтын адаммен сөз байласып адамның пара алуға байланысты жасаған әрекеттері адамдар тобымен алдын ала сөз байласуымен пара алуы ретінде бағаланбайды деп анықталған. Енді квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасауға сөз байланысу деп тануға болады, жоғарыда аталған өзгерістерге деін бұл мүмкін емес еді.

Алайда, квазимемлекеттік сектордағы аутсорсинг және аутстаффинг қатынастарында жоғарыда аталған субъектілерге оларды жатқызу мәселесі құқықтық қиындықтар туғызады. Мәселені ашу үшін алдымен, бұл институттардың мазмұнын зерделеу қажет. Алдымен, «аутсорсинг» ұғымына тоқталсақ, ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 1-бап 2-17-тармақшасына сәйкес орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингі деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын шарттар жасасу арқылы жүзеге асыру үшін оларды бәсекелес ортаға беру түсініледі деп анықталған [73].

Алайда, осы заңнан туындайтын нормаивтік құқықтық акт ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №70 «Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға берудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес аутсорсер ұғымы келесідей анықталған – мемлекеттік орган функцияларының жекелеген түрлері аутсорсинг арқылы орындауға берілетін кәсіпкерлік субъектілері мен оның бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар [74].

Байқағанымыздай, аутсорсинг ұғымы отандық құқықтық жүйеде мемлекеттік сектор және оның функциясынан туындайтын қатынастарда реттеліп анықталып жатса, квазимемлекеттік секторда бұл институт нақты бір нормативтік құқықтық актімен реттелмеген. Алайда, азаматтық құқықтық қатынастарды негізгі реттеуші Азаматтық кодекспен реттеледі жалпы незіндерінде реттеледі. Яғни шарттық негізде квазимемлекеттік сектор субъектісі өзінің қаржы-шаруашылық қызметінің қандай-да бір бөлігін аутсорсингке немесе аутстаффингке (қызметкерлер санатынан шығару) беру жағдайында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының арнайы субъектісі ретінде

саралана ма деген құқықтық сипаттағы мәселеге қатысты келесідей көзқарасымызды негіздеуді жөн санаймыз.

Біріншіден, аутсорсинг және аутсофтинг ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңындағы квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамға немесе мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамға да жатпайды. Алайда, шарттық негізде квазимемлекеттік сектордың субъектісінің кейбір қаржы-шаруашылық қызметінің функцияларын орындау барысында әкімшілік-шаруашылық функцияларды іс-жүзінде атқарғанмен, ҚР ҚК және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңында аталған субъектілер ұғымына жатқызу қиын себебі бұл тұста құқықтық олқылыққа жол берілген. Мәселен, аутсорсинг және аутсофтинг квазимемлекеттік сектор субъектісімен азаматтық құқықтық сипаттағы екі жақты шарт ҚР Азаматтық кодексі мен өзге де нормативтік құқықтық актілер негізде жасалады. Яғни, әкімшілік -шаруашылық функциялар мазмұнынан туындайтын ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық ұғымы заң шығарушымен заңмен анықталған тәртіпте деп тым тар ауқымда анықтауы іс жүзіндегі жағдайға келіспейді. Осы құқықтық олқылықты жою мақсатында ҚР ҚК-нің және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңында әкімшілік-шаруашылық функциялары ұғымын – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық деп анықтау қажет. Бұл ұсынылып отырған өзгерту сыбайлас жемқорлық қылмыстарын қудалау барысында аутсорсинг компания тұлғаларының сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі ретінде саралауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ҚР Қылмыстық кодексте бекітілген қылмыс үшін жазаның бұлтарпастығы қағидасына үлеседі.

Осы тұста, алдағы уақытта мемлекеттік секторда аутсорсинг институтының кең етек алатынын ескерсек, ұсынылып отырған өзгерту сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының алдын алудағы сипатқа ие тетіктердің бірі болады [75].

Бұл сонымен қатар, бүгінгі таңда квазимемлекеттік және корпоративтік сектордағы кең пайдаланылып отырған «аутстаффинг» немесе «қызметкер санатынан шығару» («outstaffing» ағылшын тілінде - жұмыскер ретінде сыртқа шығару деген мағынада) тетігіне де қатысты болмақ. Бұнда компания қызметінің бір бөлігін басқа жалдамалы заңды тұлғаға емес, негізгі компания қосымша мердігерді сырттан тартпай, компания ішіндегі қызметкерді өзін жеке дара белгілі бір қызмет түрін атқаруға жалдайды.

Осы жағдайда, сыбайлас жемқорлықпен күресте жаңа олқылықтар туындауы мүмкін. Мәселен, квазимемлекеттік сектордың субъектісінің тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу қызметінде жеке дара қызмет шартымен жалданған тұлға сыбайлас жемқорлық қылмыстарына барып, әшкере болып жатқанда, қылмыстың саралануында құқықтық қиыншылықтар туындауы мүмкін. Себебі, «аутстаффингпен» жалданған тұлға ҚР ҚК-не сәйкес сыбайлас

жемқорлық қылмыстарының субъектісі болып табылмайды, яғни оның әрекетінде сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамы болмауы мүмкін. Оның әрекеттері заңды тұлғаның мүдделеріне қарсы бағытталған қылмыстар санатында саралануы мүмкін. Бұл санаттағы қылмыстар үшін тағайындалуы мүмкін санкциялардың төмендігін ескеру қажет. Егер, бұл тұлғаның квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларға ие тұлғамен сөз байласқан жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмыстары жасалған жағдайда, бұл әбден мүмкін, олардың әрекетін саралауда сөз байласу болмайды, себебі, ҚР Жоғарғы сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 13-тармағына сәйкес: пара алу субъектісі болып табылмайтын адаммен сөз байласып адамның пара алуға байланысты жасаған әрекеттері адамдар тобымен алдын ала сөз байласуымен пара алуы ретінде бағаланбайды деп анықталған.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында квазимемлекеттік сектордың, әсіресе ұлттық компаниялардағы қызметкерлердің санының қысқаруы туралы жар салуда. Алайда, бұл үрдіс нақты осы «аутстаффинг» тетігі арқылы жүзеге асырылуда, бұнда қызметкерлер тізімі қатарынан шығарылып, жеке дара шарт арқылы жалданумен орын алады [76].

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең бір тиімді құралдары қатарындағы оны жекешелендіру мәселесі туралы мемлекеттік стратегиялық құжаттарда анықталған. Осыны ескере отырып, жоғарыда аталған институттардың жекешелендірудің «өтпелі кезеңі» ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Соған байланысты, ондағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарына күресті құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету құқыққолданушыларға кең мүмкіндіктері беретіні анық.

Сонымен қатар, алдында көрсетілгендей мемлекеттік секторға да қолданылып жатқандықтан бұл мәселенің құқықтық өзектілігі тек арта түспек.

Осы мәселеге қатысты кейбір шетел тәжірибелеріне тоқталу орынды болар. Ресей Федерациясы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының басым бөлігінде мемлекеттік сатып алулар саласында орын алатындығын және жоғарыда аталғандай сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілеріне қатысты мәселелердің өткір тұруына байланысты 2018 жылы 23 -сәуірде «Ресей федерациясының Қылмыстық кодексіне және Қылмыстық процестік кодексіне өзгертулер енгізу туралы» № 99-ФЗ федералды Заңына сәйкес, РФ ҚК 200.4 – бабында контрактілік қызмет жұмыскерлері, контрактілік басқарушылар, сатып алулар жөніндегі комиссия мүшелеріне, контракті бойынша сатып алуларды қабылдайтын адамдар үшін ұйымға аса ірі мөлшерде зиян (9 миллион рубль) келтірген жағдайда 1 миллион рубльге дейін айыппұлға немесе 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Осы әрекеттерімен егер аса ірі көлемде (2,25 миллион рубль) немесе адамдардың алдын ала сөз байланысуы бойынша жасалса, 200 мыңнан 1 миллион рубльге дейін айыппұлға немесе 7 жылға дейін бас брстандығынан айыру және 3 жылға дейін белгілі бір қызмет түрімен айналысуға тыйым бекітілген [77].

Алдыңғы тарауда квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың басым бөлігі (55 пайыз) тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алулар саласында жасалатынын, және ондағы сатып алулардың мемлекеттік сатып алулардың 5-8 есеге дейін артық болуын ескергенде оған қарсы заңнаманы жетілдіруді ауадай қажет етуде.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1 бабының 2-2 тармақшасына: «Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындауға жалдамалы нысанда қызмет ететін адам» деп толықтыру қажет. Ол мемлекеттік ұйымда, квазимемлекеттік секторда болсын сыбайлас жемқорлықпен күресте сырт қалатын «аутсорсинг» және «аутстаффинг» жағдайындағы тұлғаларға жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыруға мүмкіндік берер еді. Осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттырып, қоғам мен мемлекет мүддесіне қызмет етеді.

Осы бағыттағы келесі шетел кейбір тәжірибелерін талдасақ, мәселен, ЕО-тың 2014 жылғы 26 ақпанда қабылданған 3 жаңа Директивасы: 1) ЕО-тың 2014/23 концессиялық келісімдерді жасасу туралы Директивасы; 2) ЕО-тың 2014/24 жария сатып алулар туралы (2004/18/ЕС Директивасы орнына); 3) ЕО-тың 2014/25 сумен, энелетикамен, көлікпен және почта байланысымен қамтамасыз ету салаларындағы жария сатып алулар (2004/17/ЕС Директивасының орнына)

Жоғарыда аталған ЕО директивалары негізінде Эстония өзінің ұлттық заңнамасына тиісті өзгерістер енгізген. Сонымен, 2017 жылы 14 маусымда жаңадан қабылданған «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңында қылмыстық-құқықтық санкциялармен қатар жария сатып алулардың қатысушыларына өзінің шаруашылық қызметіне байланысты жалған әрекеттері үшін қаржылық жауапкершілік тетіктері қарастырылған.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуларға немесе халықаралық тәжірибедегі жария сатып алулар институтының қылмыстандырылуына қатысты негізгі екі бағыттағы тенденцияларды атауға болады: біріншісі, жоғарыда атағандай бұні қылмыстандыру қажет деп тапса, екіншілері, сатып алуларды қылмыстандыру қажет емес деген ұстанымда. Соңғылары осы бағыттағы жемқорлық қылмыстылығымен күресте қолданыстағы қылмыстық құқықтық нормалардың жеткіліктілігін алға тартуда.

Осыған байланысты біздің ұстанымыз, арнайы «кәсіп түрін қылмыстандырудың» орынына қолданыстағы қылмыстық заңдағы қылмыс құрамдары аясында қылмыс субъектілер шеңберін кеңейтумен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бағытын қолайлы деп табамыз. Сол себепті де, ұсынысымыз бөлек сатып алулар саласын «қылмыстандыруды» емес, сол салағы тікелей қатысты тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері ретінде қарастыруды қажет деп санаймыз.

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ең жоғары сегменті бұл сатып алулар саласы болып табылуына байланысты іс-шаралардың басым бөлігі осы арнаға бақыттау қажет.

Сатып алулардағы әлеуетті компания квазимемлекеттік сектордың субъектісі ретіндегі тапсырыс беруші арасындағы келісім шарттарды жасасудағы заңды тұлға мүддесі үшін бір тарап болса, екінші тараптан шешім қабылдаушы тұлғаның жеке басына пайда табу пайда мақсатында болады, үшінші тарап ретіндегі квазимемлекеттік сектор субъектісі – заңды тұлға, яғни мемлекет мүддесі арақатынасында шоғырланған. Осындай жағдайда, пара беруші заңды тұлға өкілі параны өз мүддесін шешу мақсатында емес, тапсырыс алушы – заңды тұлғаның мүддесі үшін берелетіндігі әрқашан ескеріліп отырылмайды да, ол заңды тұлғаға қатысты құқықтық салдар тудырмайды. Соған байланысты, алдағы уақытта тиімді контрактілерді алуда заңды тұлға пара беруге жүгінеді. Оның бұндай әрекеттеріне қандай-да бір тежеуші тетік қарастырылмаған. Ол өз кезегінде осы саладағы сыбайлас жемқорлық қаупі мен зардабын күшейтуде, заңды тұлға қызметін коммерциялық негізде жүзеге асыратындықтан, пара сомасының – коммерциялық шығын ретінде, тауар мен қызметтің құнына қосу арқылы, экономикадағы қосымша инфляция факторына айналады. Ал, пара экономикадағы есепке алынбаған қаражат ретінде «көлеңкелі экономиканы» арта түсіреді. Мемлекеттің қаржы-экономикалық әлеуетін әлсіретіп, биліктің халық алдындағы әлеуметтік міндеттерін орындауға тосқауыл болып, арты қоғамның мемлекеттік билікке деген негізді наразылығына әкелуі әбден мүмкін.

ҚР ҚПК-нің 113 бабындағы қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қатарында адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттің себептерін де деп айқындау қажеттігінен туындайтын мәселелердің бірі заңды тұлға мүддесі үшін сатып алуларды пара беруде заңды тұлғаның құқықтық жауапкершіліктен тыс қалуы сыбайлас жемқорлықпен күресте үлкен олқылық болып қалуда. Әрине, заңды тұлғаға қатысты қылмыстық жауапкершілікті тарату мәселесі шешімін таппай жатқан күрделі мәселеге айналғанын ескереміз. Оған қатысты құқықтанушы ғалымдар арасында нақты бірізділіктің жоқтығы да, ол бойынша шешімнің жоқтығын білдірмейді. Оны соза берудің салдары, мемлекет пен қоғам үшін «тым қымбатқа» түсуде. Ресми есептілікте құрғақ сандардың артында өзге де есепке келмейтін сапалық көрсеткіштердің жатуы мүмкіндігін де ескерген жөн. Мәселен, сатып алуларды пара беру жолымен тиімді контрактілерге қол жеткізген компания, пара бермеген бәсекелесін жолын кеседі, алайда нарықтық экономика заңдары бойынша сатып алуларды олардың бәсекелесуі баға және сапа және өзге де көрсеткіштер бойынша бәсекелесу қажет еді. Оның салдарынан сапасыз қызмет пен жұмыстан қоғам зардап шексе, бәсекелестік ортаның дамымауынан кәсіпкерлік жапа шегіп, мемлекеттің экономикалық саясаты алға баспайды, ол өз кезегінде салықтық және басқа да түсімдерді төмендетіп, мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындауға кедергілер тудыруы мүмкін.

Нарықтық экономикаға негізделсе де, әлемнің көптеген мемлекеттерінде мемлекеттік компания сынды жартылай нарықтық «квази» заңды тұлғалар әрекет етуде. Олар: мұнай-газ, тау-кен қазба байлықтар саласы мен медицина, әлеуметтік сақтандыру және т.б. салаларды шоғырланған. Бүгін мемлекеттік кәсіпорындардың әлемдегі үлесіне ірі компаниялардың 22 пайыз үлесі жатады

және олардың ғаламдық бәсекелестер ретінде маңызы артуда, себебі нарықтардың шектері географиялық шектерден асып түсуде. Көп жағдайда олар мемлекет пен қоғамға стратегиялық маңызға ие салаларда жеке фирмалар ретінде әрекет етуде.

Сондай-ақ, мемлекеттік кәсіпорындар әлемдік экономикада электр қуаттарын өндіру, көлік және коммуникация секторларындағы тауарлар мен қызметтерді көрсетумен маңызды рөлді ойнауда. Олар әлемдік экономиканың 10 пайыздық үлесіне ие болса, дамушы мемлекеттер жалпы ішкі өнімінің 50 пайызына ие болса, әлемдік нарықтың капитализациялануының 20 пайызын шоғырландарған [78].

Әлеуметтік, экономикалық даму ұйымының 2014 жылғы мәліметтері бойынша, тек 1999-2013 жылдар аралығындағы тергелген істердің пара көлемінің 81 пайызы осы мемлекеттік кәсіпорындар үлесіне тиесілі екен. [79].

Байқағанымыздай, мемлекеттік кәсіпорындардағы жемқорлық тәуекелдері өзге де мемлекеттерде де жоғары екен, бұл жағдай бұндай шаруашылық субъектілерді жартылай мемлекеттік функциялары мен нарықтағы монополиялық жағдайы туғызуда. Сондай-ақ, бұл мемлекеттің экономикалық субъект ретінде функцияларын орындаудағы бірден-бір арнасы болып қалуымен тығыз байланысты болуда.

Бұл экономикалық сегменттің әлемдік экономикадағы маңызы мен көлемін, ондағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары болуы ескере отырып, халықаралық деңгейде оларға қарсы іс-қимыл қажеттігі уақыт талабына айналған. Солардың, қатарындағы кейбір талаптарға тоқталып өтсек, мәселен

Әлеуметтік экономикалық даму ұйымының 1999 жылы қабылдаған «Корпоративтік басқару принциптері» әлемдік деңгейде шаруашылық субъектілер үшін жемқорлықтың алдын алудағы жоғары стандарттар ретінде қабылданған болатын.

Бұл принциптер әлемнің көптеген ірі компанияларымен, оның ішінде трансұлттық компаниялармен де қызметтеріне ендірілген. Алайда, аталған «принциптерді» сыбайлас жемқорлықтың жаңа «корпоративтік» деңгейіне қызметтің бір бөлігі ретінде жемқорлық сипаты өзгеріп шыға келген. Мәселен, сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ірі аты-шулы істердің бірі 2006 жылы «Siemens» неміс концернімен орын алған халықаралық қылмыстық іс болды. Ол бойынша корпорация әлемдік нарықтағы үлесін көбейту мақсатында өзінің қаржылық теңгерімінде өзінің өкілдіктерінің «арнайы шығыстар» сыныптамасын енгізіп өзге мемлекеттердің лауазымды тұлғаларына «тиімді контрактілер» үшін пара ұсынған, артынан бұл «корпоративтік қулықтың» шығысы 1,4 миллиард АҚШ долларына жеткен.

Бұл жағдай 2001 жылы «Siemens» Нью-Йорктік қор нарығына листингті енгізу барысында АҚШ-ның 1977 жылы қабылданған «Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы» Заңының объектісіне айналып, кейінен компания 2003 жылдың қараша айынан бастап «Сарбейн-Оксли» заңдарын сақтау бойынша міндеттемелерін орындау негізінде әшкере болды.

Қылмыстық қудалау бойынша «Siemens» 1,6 миллиард АҚШ доллары көлемінде айыппұл төлеген, оның 800 миллионы АҚШ Үкіметіне тиесілі болды.

Бұл «Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы» заңының тарихындағы ең ірі сома болатын [80].

Бұл қылмыстық істің маңызды тұстарының бірі корпоративтік коррупцияға тиісінше өткір қарайтын құқықтық жүйелердің бірі АҚШ, іс жүзінде қылмыстық қудалауды көрсету арқылы, корпоративтік деңгейде жемқорлықпен күресу қажеттігін жай ғана айтып қоймай нақты іспен дәлелдеуді көрсетті.

Біздің ойымызша, бұл «ережесіз ойнайтын ойыншылардың» елдің экономикалық қозғаушы күші кәсіпкерліктің тірегі бәсекелестікті қорғау арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау ниетінен туындаған.

Кәсіпкерлік пен квазимемлекеттік сектор саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ретінді Қазақстан кәсіпкерлерінің жемқорлыққа қарсы хартиясы 2016 жылы қабылданған. Хартияда сыбайлас жемқорлықпен кәсіпкерлік ортаның күресу, қызметтерінде оларды тудыратын себептерді жою, іскерлікті адал да ашық жүргізу қажеттігі айтылған. Шын мәнінде бұл, қандай да бір құқықтық салдары жоқ, құқықтық жауапкершілікті тудырмайтын декларативті құжат деп атауға болады.

Кәсіпкерлік ортадағы сыбайлас жемқорлықтың айқын көрінісі мемлекетпен қарым-қатынасында байқалады. Ол: сатып алуларды, рұқсаттық-лицензиялау қатынастарында, бақылау-қадағалау және мемлекеттік қызметтерді алу барысында орын алып жатады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік немесе квазимемлекеттік және де жекеше секторлардағы сатып алулар экономикадағы тауарлар, қызметтер мен жұмыстарға деген сұранысты тудыру арқылы нарықты одан әрі дамытуға ынталандыру тетігі болуда. Өз мәнінде бұл кәсіпкерлік субъектілердің осындай қаржы көздеріне жетуде бәсеке негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Алайда, сыбайлас жемқорлық тетіктері тараптарға заңсыз әрекет ету арқылы бәсекелестік ортаны шектеуде жол ашуда. Өз кезегінде ол экономиканың қозғаушы күштерінің бірі саналатын бәсекелестік институтын шектеп, мемлекеттің кәсіпкерлікті дамыту саясатын жоққа шығаруда. Бәсекелестік бірінші кезекте, нарықта контрагенттердің сапа немесе баға сынды көрсеткіштер негізінде басымдыққа ие болуды меңзесе, жемқорлық оларды жоққа шығаруда. Осыдан, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қоғамдық қауіптілігі мен қылмыстық қолсұғушылық объектілері қатарына бәсекелестік ортаны жатқызуға болады. Бұндай әрекеттердің қауіптілігі жүйелік сипатында жақсы көрініс табады [81].

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың дәстүрлі болып саналатын мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен тығыз байланыста болуы мен одан мемлекет пен қоғамға келетін зиянның арту үрдіс әлеуметтік-экономикалық дамуды кері тартуына байланысты халықаралық деңгейде қарсы тұру мақсатында ынтымақтастық қатынастары өзекті мәселелерге айналды. Осы мақсатта Европалық Кеңестің 2002 жылы күшіне енген Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенциясы өзекті бола бастады, бүгінде Конвенцияға 46 мемлекет қатысушысы болып табылады. Бұл нормативтік құқықтық акт сыбайлас жемқорлықты криминализациялау бағытындағы халықаралық ынтымақтастықтың консенсусы болып табылады.

Негізгі жемқорлық қылмыстарымен қатар мүдделер қақтығысы, бухгалтерлік есеп пен қаржыны жылыстату сынды әрекеттерді қылмыстандырған. Осы Конвенцияның 24-бабына сәйкес, конвенция шеңберіндегі міндеттемелерді орындау бойынша бақылау мониторингінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы (ГРЕКО) әрекет етуде. Сонымен қатар, осы бағыттағы келесі халықаралық нормативтік құқықтық акті 1997 жылы қабылданған Әлеуметтік-экономикалық даму ұйымының халықаралық шарттарды жасасудағы шетелдік мемлекеттік қызметкерлері сатып алуға қарсы күрес туралы Конвенциясы. Аталған конвенция әлемнің 40 мемлекетімен ратификацияланған (Қазақстан ратификацияланбаған.) Конвенцияның басты мақсаты халықаралық саудадағы жемқорлықпен күрес болып табылады және де осындай әрекеттерді өз ұлттық қылмыстық заңдары деңгейінде қылмыс деп танып, оларды жазалау қажеттігі алға тартылған [82].

Халықаралық деңгейдегі бұндай ынтымақтастық қалыптасқан мүшкіл жағдайды түбегейлі өзгертуге қауқарсыздығы сарапшы-ғалымдарымен мойындалуда [83].

Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық нормативтік құқықтық актілерден бастау алып, артынан ұлттық заңнамасына қажетті қосымша құқықтық тетіктерді енгізу және қоғам, мемлекет, бизнес жан-жақты қосылу негізінде жемқорлықпен күресте оң нәтижелерге қол жеткізуге болатыны сөзсіз. Сондай тәжірибенің айқын көрінісі ретінде Дания мемлекетін қарастырып өтсек, әлемдегі жемқорлық деңгейі бойынша ең төмен мемлекеттер қатарындағы мемлекеттер тізімін бастауда. Бұл тізім халықаралық коммерциялық емес ұйым Transparency International қалыптастырылған. Осындай жетістіктердің негізгі келесі кілттері аталған: біріншіден, Данияда «Danida» есімді халықаралық даму агенттігі парақорлық төзімсіздік саясатын ұстанып оны дәріптеумен айналысады, оның жүзеге асырылуы мемлекеттік және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік мәміле, шарттарының мазмұнына жемқорлыққа қарсы ережелерді енгізу және қадағалаумен айналысады. Екіншіден, экспорттық операцияларды несиелеу бойынша Даттық агенттік несие алушыны қаржыландырмаc бұрын парақорлықтың қолданбайтындылығы туралы декларацияға қосылуға шақырады. Декларацияны бұзған жағдайда, аталмыш агенттікке айыппұл төлеп, арнайы тізімге ену қаупі бар. Үшіншіден, Данияның сауда кеңесі сыртқы экономикалық сауда қатысушаларына бағытталған және дамушы мемлекеттердегі өндіріске қаражат салу, қарыз беру, жарғылық капиталда қатысу жағдайларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жоғары талаптарын қояды. Бұндай шаралар инвестициялық жобаға тартылатын қаражаттардың жымқырылу қаупін алып, нақты мақсатқа қаражаттың жұмсалыуына негіздер тудырады [84].

Аталған жолдармен Данияда билік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мейлінше ашық жүйе құрған және оған шаруашылық субъектілердің қызметіне мониторинг жүргізуде халықаралық, мемлекеттік, жеке институттарды тарта білген.

Осы бағытта озық тәжірибелері қатарына Ұлыбританияның мен АҚШ-ның «Сарбанс-Оксли» 2002 жылы және парақорлық туралы 2010 жылы қабылданған

заңдары жатқызуға болады. Корпоративтік сектордағы жемқорлыққа тосқауыл қоюда маңызды қадамның белгісі ретінде «Сарбанс-Оксли» заңы мемлекеттік және корпоративтік мүдделерді қорғаудың симбиозына айналды. Ол бойынша аудиторлардың тәуелсіздігі, корпоративтік жауапкершілік, толық қаржылай ашықтық, мүдделер қақтығысын болдырмау сынды өзекті мәселелер реттелген. Аталған принциптер тек декларативті жариялау ғана емес, нақты құқықтық жауапкершілікті тудыратын тетіктерге ие жүйесі енгізілген. Мәселен, аталған заңның 906-бабына сәйкес, қаржылық есептерге директордың (басшының) қол қоюы және де бұл негізгі қаржылық аспектілердің толықтылығы мен шынайылығын білдіреді. Нақты осы баптың талаптары бұзылған жағдайда 1-5 миллион АҚШ доллары көлемінде айыппұл және 10 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылу жазасы қарастырылған [85].

Осы ретте, айта кететін мәселе бұл АҚШ заңдардың «тікелей әрекет ету» тетіктері қарастырылады. Яғни, бұл сала қатынастарын реттеуге арналған заңдарда қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын нормалар болуы мүмкін, ол үшін арнайы кодификацияланған қылмыстық кодекске сілтеме жасалып бланкеттік норма сипатына ие болмайды. Жоғарыда аталған заңның 906-бабы сонын айқын көрінісі. Заңның басты мақсаты корпорациялар мен өзге коммерциялық құрылымдардан халық пен мемлекетті жемқорлық пен алаяқтық әрекеттерден сақтау болып табылады. Алайда, бұл заңның талаптары барлық коммерциялық құрылымдарға таралмайды, тек АҚШ-ның қор нарығына шыққан компаниялар мен оларға қарасты заңды тұлғаларға ғана арналған.

Осы ретте, қаржы нарығының қатысушылары болып табылатын отандық жеке коммерциялық құрылымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарына тосқауыл ретінде «Сарбанс-Оксли» заңындағындай қылмыстық құқықтық ықпал ету тетіктері қажет. Ол өзіне айыппұл мен бас бостандығынан айыру жазаларын

Жемқорлықпен күрестегі озық тәжірибелері қатарындағы келесі Ұлыбританияның 2010 жылы 8 сәуірде қабылданған «Парақорлық туралы» (The UK Bribery Act 2010) заңын атауға болады. Ол корольдік санкцияға қарамастан 2011 жылы 1 шілдеде заңдық күшіне енген. Бұл заңның экстерриториалды сипаттағы нормативтік құқықтық акт, яғни ол бойынша заңның таралу аясы тек Британдық кәсіпкерлік субъектілеріне ғана емес, сондай-ақ өзге мемлекеттерде тіркеліп Ұлыбританияда қызмет еткен жағдайда да таралады. Осы сұраққа қатысты құқықтық ортада нақтылық байқалмаса да, аса ірі көлемдегі алаяқтыққа қарсы Басқарманың ұстанымы бойынша ағылшын қаржы қорына қатысуға мүмкіндік алған және де Ұлыбританияда өкілдіктері бар заңды тұлғалар қарастырылады. Бұл деген, қаржылық қорға қатысушы компанияның Ұлыбританияның аумағынан тыс жерде тиімді контрактілерге пара арқылы жеткен жағдайда заңның әрекетімен қылмыстық қудалауды білдіреді. Себебі, заңның қорғайтын қоғамдық қатынастары қатарында әділеттік бәсекелестік жатыр. Яғни, Ұлыбританияда кәсіпкерлік қызметті асырған келсе әділ, таза, парасыз жұмысынды жүргізу қажет, тіпті оның аймағынан тыс қызметінде де сол қағиданы ұстануға міндеттеледі. Бұл талап бұзылған жағдайда жоғарыда аталған Басқарма соттық қудалауды жүзеге асырады.

Бұл заңның қабылдануына кәсіпкерлік ортадағы сыбайлас жемқорлықтың сандық және сапалық көрсеткіштерінің артып, қоғамдық қарым-қатынастардың басым бөлігіне зиян-зардаптардың артуы себеп болды. Жалпы құқық негіздері бойынша жауапкершілікті көздейтін Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңы уақыт талабына жауап бермейтін көптеген күрделі нормаларды қамтығандықтан жаңа парақорлықпен күрес заңы өзектілігін танытты. Сонымен қатар, бұл заң АҚШ-ның шетелдегі жемқорлық туралы заңынан қатаң, ол тек лауазымды тұлғаларға қатысты емес, сондай-ақ, жеке тұлғаларға, заңды тұлғалардың жауапкершілігін қарастырған. Сонымен қатар, бұл заң сыбайлас жемқорлықпен қаржы-кредиттік институттар арқылы күресудің тетігін қарастырған. Оның мәні бойынша, Ұлыбритания аймағында жұмыс етуші компаниялардың шаруашылғының тазалығы тексеріліп, кредиттік шарттарында осы заңның талаптарын бұзбайтындығы туралы нормалар қарастырылған, оларды бұзған жағдайды ірі көлемде айыппұл төлеп, келесі несие алуға «қара тізімге» енеді.

Ұлыбритандық «Парақорлықпен күрес» заңы компаниялардың географиялық орналасуына қарамастан 4 қылмыс үшін қудалануы мүмкін, олар: белсенді және белсенсіз парақорлық, шетелдік лауазымды тұлғаға әсер ету, коммерциялық ұйыммен парақорлықтың алдын алмау. Параға қатысты құқықтық режим ұғымына – параны беруге, алуға сөз берудің өзі қылмыс қатарына жатқызылған. Аталғандардың қатарындағы ерекше орынды коммерциялық ұйымның парақорлықтың алдын алмау әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін қылмыстық жауапкершілікті заңды тұлғаға қолдану болып табылады. Бұл заңның кең ауқымда әрекет етуі заңды тұлға әріптесінің мүддесі үшін де тиімді контрактілер алу мақсатында пара беру жағдайында да қылмыстық жауапкершілік туындайды. Бұл құқықбұзушылық үшін британдық және де британияда қызметін жүзеге асырушы шетелдік заңды тұлғалар жауап береді. Аталған 4 түрлі құқықбұзушылықтың алғашқы 3 үшін жеке және заңды тұлғалар жауапкершілікке тартылуы мүмкін болса, төртінші құқықбұзушылық түрі бойынша тек заңды тұлғалар жауап береді. Осы 4 құқықбұзушылық үшін жауапкершілік олардың жасалған жеріне қарамастан пайда болады. Тіптен, компания олардың теңестірілген тұлғалары үшін де жауапты болуы мүмкін. Бұл ұғымға қызметкерлері, агенттері, кеңесшілері, еншілес және тәуелді компаниялары, делдалдары, мердігерлері, әріптестері, бірлескен кәсіпорындары мен косорциумдары жатқызылады. Сонымен, қатар бұл бап бойынша қылмыстық қудалау үшін пара беру не алу үшін сотталу міндетті шарты емес. Компания басшылығына, коммерциялық құрылымның мүддесі үшін өкілдерінің жемқорлығына талаптар, тіптен олардың заңсыз әрекеті туралы білмеген жағдайда да қойыла береді. Тағы да маңызды тұстарының бірі, ол параның төменгі шегінің болмауы, барлық жағдайда жауапкершілік толығымен таралады. Заң талаптарының сақталмауы үшін құқықтық салдары қатаң. Ол қомақты айыппұл санкциялары шектелмеген, жемқорлық арқылы алынған пайда, табыстардың тәркілеуі қатар орын алады.

Компанияның жемқорлығы үшін құқықтық салдары аталғандармен шектелмейді, сонымен қатар, ондай компания автоматты түрде барлық Еуро

Одақ мемлекеттік сатып алулар контрактілерінен шектетіледі. Ал, бұндай жағдайда жеке тұлғалар үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Ұлыбританиядағы корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен сондай қатаң заңмен күресу, бір жағынан мемлекеттің жемқорлықпен күресудегі функциясының бір бөлігін коммерциялық құрылымға беру немесе міндеттеу осы бағыттағы шаралардың жаңа кезеңіне өткізді. Сондай-ақ, заңды тұлға үшін қылмыстық жауапкершілік қарастыру қылмыстық-құқықтық доктринасында бір көзге, жат элемент юлып көрінген мен уақыт пен қоғам талабына өзгеру мүмкіндігін көрсетті. Бұл қылмыстық-құқықтық доктринаның қатып қалған жүйе емес, тіпті англо-саксондық жүйенің негізгі белгісі прецеденттік соттық жүйе қалыптасқан Ұлыбританияның өзінде осы мәселеде түбегейлі өзгерістердің мүмкіндігін дәлелдеді. Қоғамдық қатынастардың дамып өзгерістерге ұшырауы айналып өтпейтін құбылыс сияқты құқықтық-доктринаның өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс. Осы ретте, отандық құқықтанушылармен заңды тұлғаға қатысты қылмыстық жауапкершіліктің мәселесі қызу талқыланатын тақырып екенін ескеріп терең үңілмей, бұл сұрақта сыбайлас жемқорлықпен күресте британдық модельге негізделген, алайда отандық шындықпен жанасқан басқа өзгеше ұстанымызды келесідей негіздейміз.

Корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күресте ірі жетістікке жеткен кейбір елдердің тәжірибелері ол саладағы кәсіпкерлік қызметті жүргізудің жоғары стандарттарын жай ғана декларативті сипатта жариялап қана қоймай, нақты азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық сипаттағы жауапкершілік нысанындағы құқықтық салдарды бекіткен.

Оған қатысты ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының 16-бабында кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл атты арнайы бапта: кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

3) мүдделер қақтығыстарын болғызбау;

4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;

б) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды. Сондай-ақ, осы баптың 2-бөлімінде кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін деп анықталған.

Байқағанымыздай, бұл баптың кәсіпкерлік субъектілерімен сақталмауына қатысты қандай да бір құқықтық салдар қарастырылмаған, яғни, декларативті

сипаттағы жариялау ғана. Осындай құқықтық нормалардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда тиімді нәтиже күту аңызға айналады. Сол себепті де, құқықтық ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қабылданып жатқан шаралардың көздеген мақсатқа қатысты сандық, сапалық көрсеткіштері мен нақты мән-жайдың тиімділігін тексеретін жемқорлыққа қарсы аудит енгізу мәселесін жиі көтеруде [86].

Мемлекеттік деңгейде жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көп шаралар қабылданып жатыр, жан-жақтан сарапшы-мамандар тартылып, қомақты қаржы бөлініпте жатыр, алайда, ауыз толтырып айтатын нәтижелер көп емес. Отандық ғалымдар қатарында жекелеген аспектілерінде болмаса, жалпы алғанда оның тиімсіздігін айтуда [87].

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ең жоғары сегменті бұл сатып алулар саласы болып табылуына байланысты іс-шаралардың басым бөлігі осы арнаға бақыттау қажет.

Сатып алулардағы әлеуетті компания квазимемлекеттік сектордың субъектісі ретіндегі тапсырыс беруші арасындағы келісім шарттарды жасасудағы заңды тұлға мүддесі үшін бір тарап болса, екінші тараптан шешім қабылдаушы тұлғаның жеке басына пайда табу пайда мақсатында болады, үшінші тарап ретіндегі квазимемлекеттік сектор субъектісі – заңды тұлға, яғни мемлекет мүддесі арақатынасында шоғырланған. Осындай жағдайда, пара беруші заңды тұлға өкілі параны өз мүддесін шешу мақсатында емес, тапсырыс алушы – заңды тұлғаның мүддесі үшін берелетіндігі әрқашан ескеріліп отырылмайды да, ол заңды тұлғаға қатысты құқықтық салдар тудырмайды. Соған байланысты, алдағы уақытта тиімді контрактілерді алуда заңды тұлға пара беруге жүгінеді. Оның бұндай әрекеттеріне қандай-да бір тежеуші тетік қарастырылмаған. Ол өз кезегінде осы саладағы сыбайлас жемқорлық қаупі мен зардабын күшейтуде, заңды тұлға қызметін коммерциялық негізде жүзеге асыратындықтан, пара сомасының – коммерциялық шығын ретінде, тауар мен қызметтің құнына қосу арқылы, экономикадағы қосымша инфляция факторына айналады. Ал, пара экономикадағы есепке алынбаған қаражат ретінде «көлеңкелі экономиканы» арта түсіреді. Мемлекеттің қаржы-экономикалық әлеуетін әлсіретіп, биліктің халық алдындағы әлеуметтік міндеттерін орындауға тосқауыл болып, арты қоғамның мемлекеттік билікке деген негізді наразылығына әкелуі әбден мүмкін.

Аталғандардың негізінде, саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ретінде заңды тек коммерциялық мүдде үшін пара берушіні ғана емес, сол заңды тұлғағада қатысты құқықтық ықпал ету тетіктерін қарастыру қажет.

Мәселен, ҚР ҚПК-нің 113-бабында қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қатарында адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттің себептері деп айқындалған, сол себепті де алдында аталған жағдайда пара беруші өзінің жеке мүддесі үшін емес, бірінше кезекті сатып алу барысындағы заңды тұлғаның мүддесі болатындығын ескерсек, заңды тұлғаның құқықтық жауапкершілік тетіктері қарастырылу қажет. Осы тұста бұл заңды тұлғаға қатысты азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық-құқықтық жауапкершілікті заңнамада қарастыру тек корпоративтік секторда емес,

сонымен қатар мемлекеттік сатып алулардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқықтық жауапкершілік ретінде бұндай заңды тұлғаға пара құнынан көп еселенген көлемде айыппұл тағайындау, бұндай қылмыстық әрекеттерге баруға ниеттерін басып қана қоймай, нарықтағы заңда бәсекелестікке жағдай жасай отырып, заңды тұлғаны бірінші кезекті технологиялық, кәсіби тұрғыда даму жолдарын таңдауға бағыттайды. Алдында атап өткендей, бұл мәселе құқықтанушылар ортасында қызу дискуссия тудырып, ол бойынша қылмыстық-құқықтық доктринаға қайшылық тудыратынын алға тартуда. Құқықтың мемлекет пен қоғам мүддесі үшін қызмет еткенде ғана құқықтық тұрғыда алға жылжимыз.

Ал, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті аталған жағдайда енгізу мақсатында пара беруге барған заңды тұлғаға сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу және де әлеуетті өнім беруші лицензия немесе өзге де арнаулы рұқсат негізінде қызметін жүзеге асырған жағдайында, бұндай арнайы рұқсатынан уақытша тоқтату немесе айыруды қарастыру тетігін заңнамалық тұрғыда бекіту қажет.

Бұл алдағы уақытта басқа да сатып алуларға қатысу мүмкіндігіне кедергі болып, заңды тұлғаның кәсіби беделін таза ұстауға бағыттап, бәсекелестік ортаны қалыптастырып, заңды тұлғаның мүддесі мақсатында берілетін пара сомасы сатып алулардағы тауарлар мен қызметтердің құнынан шегеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған мәселелердегі отандық заңнаманы жетілдіруге халықаралық нормативтік құқықтық актілерде толық негіздер берілген, мәселен Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Заңының 26 - бабына сәйкес, әрбір Конвенцияға қатысушы мемлекет, атап айтқанда, осы бапқа сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тартылатын заңды тұлғаларға қатысты, ақша санкцияларын қоса алғанда, қылмыстық немесе қылмыстық емес тиімді, мөлшерлес және тежейтін ықпал ететін санкцияларды қолдануды қамтамасыз етеді деп бекіткен. Яғни, жоғарыда аталған ұсынысымыздың халықаралық нормативтік құқықтық актілер мен озық шетелдік тәжірибелерімен толық негізде ұштасады. Осы мақсатта ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабындағы кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары қатарына: «Кәсіпкерлік субъектісінің мүддесі үшін оның өкіліне қатысты сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық үшін айыптау үкімі немесе әкімшілік ісі бойынша қаулының күшіне енген жағдайда кәсіпкерлік субъектісіне қатысты заңнамада қарастырылған тәртіпте жауапкершілік туындайды» деп толықтыру қажет. Яғни, бұл бланкеттік норма болғандықтан, сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік сатып алулар туралы заңының 6-бабындағы мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер қатарына: «Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары бойынша заңды тұлға мүддесі үшін өкіліне қатысты немесе жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметінің мүддесіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуларға

қатысу мүмкіндігі 3 жылға дейін шектеледі» деп өзгерістер енгізу орынды болады.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектордағы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алулар ережелеріне де тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу қажет. Алайда, ондай ережелер нормативтік құқықтық актілер қатарына жатқырмағанын айта кету керек.

Аталған ұсыныстан туындайтын келесі өзгерістер мен толықтырулардың ҚР «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы заңының [88] 45-бабындағы рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (оны қайтарып алу) негіздері қатарына: «заңды тұлға немесе жеке тұлға егер қызметін рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша негізінде жүзеге асырып сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары бойынша заңды тұлға мүддесі үшін өкіліне қатысты немесе жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметінің мүддесіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда ондай қызмет түріне рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша қолданысы 3 жылға тоқтатылады» деп толықтырулар енгізу қажет.

Ұсынылып отырған заңнамаға өзгерістер квазимемлекеттік сектор мен корпоративтік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда декларативті жариялаудан нақты құқықтық салдары бар шараларға өту арқылы бұндағы жемқорлықты күрт төмендетуге мүмкіндік береді. Экономикалық тұрғыда таза, адал бәсекелестік орта қалыптасады, ұснынылға бұл тетік кәсіпкердің таза беделі нарықтың валютаға айналуына негіздер жасайды. Яғни, бұл шаралар коммерциялық құрылым алдында «бір реттік тиімді контракт» немесе 3 жылдық қызметінің тоқтауы сынды балама таңдаулар тұратын болады. Бұл шаралар бірінші кезекте, жүйелі ірі көлемдегі парақорлықтың алдын алудағы превентивтік шараға айналады, бұл экономикалық тұрғыда жемқорлықты «тиімсіз» етеді.

БҰҰ-ның сатып алу туралы үлгі Заңы, ДСҰ-ның Мемлекеттік сатып алу жөніндегі келісіміне сәйкес, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына іліккен компаниялардың озық халықаралық тәжірибесіне сай мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді. Байқағанымыздай, аталмыш тетік кең таралған озық тәжірибе ретінде қарастыруды қажет етеді [89].

Байқағанымыздай, халықаралық тәжірибе де корпоративтік сектордағы жемқорлық мәселесінде заңды тұлғаны «құқықтық тәрбиелеу» тек салдармен күрес емес, сонымен қатар, превентивтік тетік ретінде де қарастыруда. Ондай қадамдардың негізділігі келесідей түсіндіріледі, заңа тұлға мүддесі үшін жемқорлыққа барған оның өкілі ол үшін сотталған жағдайда, «ережесіз» ойнайтын заңды тұлға нарықта қала бермек, және де сотталған қызметкердің орнына жаңа қызметкерді алып алдыңғы әрекеттерге қайта баруы мүмкін. Бұнда заңды тұлға мен оның коммерциялық мүдделері жетудегі заңсыз әрекеттері сыбайлас жемқорлықты тудырушы фактор ретінде қарастырылған. Осы ретте, жоғарыда аталған Ұлыбританияның осы бағыттағы тәжірибесі толық қоштарлық.

Қазақстанның ДСҰ-ның қатысушысы ретінде сатып алулар саласында бұндай ережелердің қабылдануы уақыт талабына айналып отыр. Осыған

қатысты құқықтық тұрғыдағы ұсынысымыз тек квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықты емес, сондай-ақ, мемлекеттік және жеке корпоративтік сектордағы сатып алулардағы құқықтық тұрғыда «сауықтыруға» мүмкіндік беруі мүмкін. Ол өз кезегінде, бәсекелестік ортаны қалыптастырып, кәсіпкерліктің адал дамуына жаңа серпін беріп, экономикамыз бен қоғамды жағымды мультипликативті эффект беруі мүмкін.

2.2 Заңсыз баюдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық тетігі ретінде мәселелері

«Заңсыз баю» кей дерек көздерде «негізсіз баю» құқықбұзушылық ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралардың ерекше түрі ретінде алғашқыда көне Рим дәуіріндегі аристократияға қарсы қолданылған. Солардың көрнекті өкілі Марк Аврелий: «Адамның құны, оның айналысатын ісінің құнына тең» деген, сол арқылы империяда белең алған жемқорлық дертінің тамырын дәл анықтап, арнайы статут шығарған, ол бойынша әрбір бай шенеуліктің өмірден қайтқан соң, оның тірі кезінде жинаған байлығының тең жартысын мемлекет қазынасына кері қайтаратын болған [90].

Бұл өз кезегінде шенеуліктің балаларына байлық қалдыруға емес, ғылым-білім мен дұрыс тәрбие беруге ынталандыруға тиіс еді. Екінші жағынан, байлықтың жартысын ғана алуы, ол байлықты жасыруға ғана емес толығымен «көлеңкеден» шығаруға» ынталандырған. Сырт көзге бір қарағанда, бұл «сыбайлас жемқорлық пен мемлекеттің келісуі» болып көрінгенмен жемқордың басты мақсаты мемлекеттік билік арқылы пайдакүнемдік мақсатта игіліктерді жинауға тосқауыл бола білген.

Осы ретте «заңсыз баю» құқықбұзушылық ретінде, бірінше кезекте жемқорлықтың салдарымен күресумен бағытталғанымен, оның алдын-алу, яғни, превентивтік шара ретінде әлеуеті зор екенін атап өту қажет. Бұл жағдайда, жемқор түсінеді: жылдап тергені бәрі заяға кетуі мүмкін екенін және де оған ұмтылудың мәні жоқ екенін түсінеді. Нәтижесінде билік арқылы «баю» ниетінен бас тартып, ол мақсатына басқа «адал» жолдармен жету жолдарын қарастырады.

Бүгінде отандық құқықтық тәжірибеде сыбайлас жемқорлықпен күресте превентивтік әсер ретінде оған тосқауыл беретін жаза түрлерінің тиімділігі төмен екендігін жиі негізді көтерілуде. Сондай-ақ, жазаның превентивтік сипаты ретінде ҚР ҚК-нің 39-бабының 2-бөлігінде жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Яғни, жаза басқа адамдарға да қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауына тежеуші фактор болуы тиіс.

Ал енді сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тағайындалып жатқан жазалардың жоғарыда аталған баптағы жаза тағайындаудың мақсатына қол жеткізілу мәселесіне арнайы тоқталып өтсек. Себебі, жаза тағайындау практикасы бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың бірі сатысы ретінде қарастырылады.

Жаңа қылмыстық кодекстің қабылдануымен сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін пара көлеміне еселенген айыппұл тағайындау жазасына құқықтық негіздері қаланды. Жемқорлық қылмыстары үшін айыппұл тағайындау тәжірибесі кәсіби және азаматтық ортада талқыға, кейде сынға түсіп жатыр. Мәселен, тек 2019 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан зиян мөлшері 9 миллиард теңге жеткен. Алайда, 2018 жылдың қаңтар-шілде айларында бұл көрсеткіш 3,5 миллиард теңге болған немесе 2019 жылмен

салыстарғанда 2,5 есе төмен. Мамандардың пікірінше, бұл жазаның қылмыстарға тосқауыл болу белгісінің болмауынан туындаған салдар деп бағалануда. Сонымен қатар, бұл жағдайға қатысты Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы экономикалық даму мен әріптестік ұйымы – Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардың Стамбұлдық жоспарының 4 раунд мониторингінің баяндамасында: сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қаржылық компенсациямен шектелу тиісті деңгейде тосқауыл болмайды, сондықтан ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстылық профилактикасына әсерлі болу ішін міндетті түрде бас бостандығынан айыру жазасын қарастыруды атаған [91].

Шын мәнінде сыбайлас жемқорлықпен күрес шаралары жаңа жемқорлықтың түрлері мен тәсілдерін қоздыратын күшке айналууда. Бұл фактіні мамандар мен сарапшылар да мойындауда. Осы бағыттағы іс-қимыл шараларын күшейту мемлекетке де, оның салық төлеушілеріне де арзан түспеуде, ондай шығындар көлемі жыл сайын арту үстінде. Мәселен, бұл көрсеткіш 2017 жылы – 13 718 701; 2018 – 13 827 037; 2019 – 12 814 226; 2020 – 12 742 226; 2021 – 12 742 226 мың теңгені құрайды [92].

Жоғарыда аталып өткендей, сыбайлас жемқорлық зияны да жыл сайын арту үстінде, бірақ, бұл тек қана сыртқы зияндар себебі, көптіліктің пікірі бойынша жемқорлық бұл екі тараптың «беруші мен алушының» қатынасы және де оған біздің қатысымыз жоқ деу қылмысты одан әрі таратумен пара-пар. Мысалы, 1999 жылғы 27 қаңтардағы Еуропалық Кеңестің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенциясында: жемқорлық заң үстемдігіне, демократияға, адам құқықтарына қауіп төндіреді, тиісті мемлекеттік басқару принциптеріне нұқсан етеді, теңдік пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын жояды, бәсекелестіктің дамуына, экономикалық дамуды тежейді, демократиялық институттардың тұрақты дамуына қауіп төндіреді және қоғамның құндылықтарын құрытады деп баяндалған.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының нәтижесінде жиналған материалдық құндылықтар, активтер уақыт өте келе заңдастыру немесе «жылыстату» сынды келесі қылмыстық әрекеттерді туғызады, ондай болмаған да, жемқорға не қажеті болады ондай активтерді жинап, оның «жинау үшін жинамайтыны» анық нәрсе. Соған байланысты, түрлі активтерді сатып алу, әртүрлі қайырымдылық қорлар арқылы оларды жылыстату көздерін іздей бастайды, жалған мәмілелер жасау арқылы, заңды кәсіпкерлікке қаржы құю арқылы одан табыс ретінде заңды активтерге айналдыру басқа да әрекеттерге барады. Осы ретте, халықаралық нормативтік құқықтық актілеріде, конвенцияларды «заңсыз баю» (негізсіз баю), сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен байланысты табыстарды заңдастыруды «жылыстату» қылмыс құрамы ретінде тану тәжірибесі қалыптасқан. Мәселен, БҰҰ 2003 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Конвенциясының 20-бабы «заңсыз баюды» қылмыс ретінде тануды атаған. Оған сәйкес, өзінің конституциясын және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптерін сақтаған жағдайда әрбір Қатысушы мемлекет жария лауазымды адамның заңсыз баюын, яғни оның

заңды табыстарынан елеулі түрде артып кетуін, ол ақылға қонымды ретпен негіздей алмаған қылмысты қасақана жасаған кезде оны қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қажет болатын осындай заңдық және басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады деп анықталған. Бұл конвенцияның Қазақстан 2008 жылы 4 мамырда толығымен ратификациялаған болатын, толық мәтінде деп атауымыз кездейсоқ емес, себебі, Ресей Федерациясы нақты Конвенцияның 20-бап «заңсыз баюға» қатысты ескертпесінде, осы бапқа қосылмайтындығын білдірген.

Ал, Еуропалық кеңестің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Конвенциясында нақты «заңсыз баю» сынды бап болмаса да, оған мәні жағынан ұқсас 13-бапта сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар табыстарын заңдастыру «жылыстату» қылмыс құрамы қарастырылған. Осы тұста айта кететін маңызды мәлімет, бұл осы конвенция бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстарының аясы «дәстүрлі» мемлекеттік сектордағы жемқорлық қана емес, сонымен қатар, жеке сектордағы жемқорлықты, заңды тұлғаға қылмыстық жауапкершілікте белгілей отырып қамтылған.

Байқағанымыздай, халықаралық құқықтық деңгейде сыбайлас жемқорлықпен күресте оның негізгі қозғаушы күші пайдакүнемдіктің түп мақсаты мемлекеттік билік арқылы «баю» әрекетіне құқықтық тұрғыда тосқауыл қою арқылы оған қарсы түрде өзгеше бағыт ретінде құқықтық негіздері қаланған.

Тіптен, халықаралық нормативтік актілер болмай тұрып та, кей мемлекеттерде «заңсыз баю» қылмыс құрамы ртеніде танылып, қылмыстық қудалауға ұшыраған. Солардың қатарындағы көрнекті мысалға Гонконг мемлекетін атауға болады.

1974 жылға дейін Гонконг әлемдегі ең жемқорлыққа батқан мемлекеттердің бірі еді. Елде жемқорлықтың белең алғаны соншалық, тіптен, өртті сөндіруге келген өртсөндірушілер үй тұрғындарынан пара алмағанша өртті сөндірмеген сол уақытта «Ақша болмаса, су жоқ» шынайы әзіл пайда болған. Ал, мемлекеттік аппараттағы жемқорлық 94 пайызға жеткен [93].

Осы жылдан бастап елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат күшейіп, түбегейлі өзгерістер орын алған. Солардың қатарындағы «in rem», яғни кінәлілік принципіне негізделген «Парақорлықтың алдын алу туралы» Ордонанс қабылданып, ол бойынша бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатарына жатқызылмаған жаңа қылмыстар қосылды. Солардың қатарындағы заңсыз баю бабы жемқорлықпен күресте жаңа кезеңді ашты. Оған сәйкес, мемлекеттік шенеуліктердің табыстары мен шығыстарының артуы жағдайында, табыстарының заңды жолмен табылғандығын дәлелдеу ауыртпалығы пайда болады, оны дәлелдеу мүмкін болмағанда заңсыз жолмен алынған мүлік ретінде тәркіленіп, қызметкер үлкен айыппұлға жазаланады.

Бұл жемқорлыққа жасалған үлкен соққы еді, себебі, оның ең осал тұсы – пайдакүнемдік баю мақсатына бағытталған болатын. Сондай-ақ, байқағанымыздай жаңа сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасауға тосқауыл, тежеуші факторға айналған. Заңның атауының өзі «Парақорлықтың алдын алу»

деп аталуы да кездейсоқтық емес. Заңшығарушының ойы бойынша жемқорлықтың алдын алуға бағытталып оның салдарымен де тиімді күресуге мүмкіндік берген. Идеалды жаза теориясы тұрғысынан нақты әмбебап құралға айналған [94].

Алайда, осы қылмыс құрамы превентивтік тетік ретінде де әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруде де әмбебап құрал болып көрінгенімен оған қатысты құқықтық ортада өткір пікір таластар орын алуда. Нақтылансақ, қылмыстық құқықтағы конституциялық нормаға айналған кінәсіздік презумпциясының заңсыз баю бабына қатысында сақталмауына байланысты ұстанымдар [95].

Осы мәселеге қатысты құқықтық жауапкершіліктің қылмыстық, азаматтық, әкімшілік нысандары әр түрлі қолдануда. Қытай халық Республикасы, Гонконг, Сингапур сынды мемлекеттерді қылмыстық жауапкершілікті белгілесе, Еуропаның бір қатар мемлекеттері азаматтық-мүліктік жауапкершілікпен қатар әкімшілік айыппұлды да қатар қолдануда.

БҰҰ-ның 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Конвенциясының 20-бабына байланысты АҚШ және кейбір ЕуроОдақ елдерінде ұлттық заңнамаларына имплементация жасамаған (АҚШ, Нидерланды, Франция, Италия, Швейцария, Португалия, Испания, Швеция, Финляндия, Дания). Бұндай жағдай бірінші кезекте, бұл мемлекеттерді салық және азаматтық заңдарының бұл институтқа қатысты тиімді әрекет ету тетіктерінің жеткіліктілігімен түсіндіріледі. Сондай-ақ, қылмыстық жолмен табылған активтерді заңдастыру, жылыстатуға қатысты қарастырылған заңсыз баю фактілерімен күресі жетік дамығандығымен түсіндірілуде. Осы Конвенцияны ратификациялау барысында аталған мемлекеттер осы 20-бапқа қатысты қандай-да бір ескертпелер мен мәлімдемелер жасамаған [96].

Аталғандардың қатарынан қылмыстық құқықтық жауапкершілікті белгілеген Нидерланды мемлекетінде заңсыз баюға қатысты ерекше тәжірибе қалыптасқан. Конвенцияның 20-бабының жүзеге асырылуы бұл мемлекетте Қылмыстық кодекстің 36е-бабында көрініс тапқан, онда табыстардың шығу көздерінің заңсыздығы жағдайында оларды тәркілеу қарастырылған. Оны анықтау мақсатында Нидерланды Әділет министрімен бекітілген «Тәркілеу туралы» нормативтік хатымен бекітілген тәртіпте арнайы қаржы-қылмыстық тергеу жүзеге асырылады. Осы тергеу нәтижесі бойынша прокурор табыстар, активтер қылмыстық немесе заңсыз жолмен табылғандығы туралы қорытындыға келсе, ол сот оларды тәркілеу туралы өтініш-хатпен шығады. Осы ретте, нақты қылмыстың орын алғандығы туралы дәлелдеу қажет етілмейді. Тиісті күдіктің негізділігін айқындау қажет болады. Осы мақсатта, тұлғаның кәсіби қызметі мен оның табыстары және шығыстары арасында байланыстың жоқтығын дәлелдеу міндеттеледі. Осындай жағдайда, тұлғаның кінәсіздігін дәлелдеу ауыртпалығы қорғау тарбына түсіп, ол табыстардың заңды жолмен табылғандығын дәлелдеу қажет [97].

Заңсыз баюды қылмыстық құқықтық тетікте тәркілеу жағдайында кінәнің анықталуы сотқа міндеттелген. Сот алдында сот отырысы айыптау мен қорғау тараптарының сайыспалылығы қағидасында жүргізіледі. Осы жағынан алғанда

Нидерландының бұл тәжірибесі кінәсіздік презумпциясының сақталуының өзіндік нұсқасын құрап, сыбайлас жемқорлықпен күресте мемлекет пен қоғам мүддесін тиімді қорғаған. Мамандардың пікірінше, заңсыз баюға мұндай тиісінше әрекеттер әлеуметтік әділеттілікті қалыптастыруға ынталандырады. Негізінде, баю - заңсыз емес, тек, заңды жолмен баю рұқсат етіледі деген пікір Нидерланды қоғамында қалыптасқан. Яғни, қоғамның көпшілігі адал еңбек пен заңды жолмен баю әлеуметтік әділеттіктің көрінісі деп бағалаған.

Заңсыз баю қылмыс құрамы ретінде кейбір мемлекеттердің қылмыстық заңнааларында нақты осы нұсқада аталмаған. Алайда, Конвенцияның 20-бабының мәніне жақын қылмыстық құқықтық нормаларды нормаларды қамтыған жағдайлар баршылық, соның бірі Ирландия мемлекеті. 2001 жылы қабылданған Prevention of Corruption (Amendment) Act және Proceeds of Crime (Amendment) Act 2005 жылғы нормативтік құқықтық актісінің 23-бабы қылмыстық активтер Бюро ұйымына пара ретінде күдік тудырған жағдайда алуды жүргізу құқығы берілген. Бұл заңға сәйкес, Ирландияның Жоғарғы Соты жемқорлыққа қатысты активтерді өзінің жарлығымен тәркілеуге, не оны пайдалануға шектеу қоюға құқылы. Мәселен, 2006 жылы шілде айында криминалды активтер бойынша Бюро Jackson Way Properties Limited ұйымының € 53 млн шартын қозғалыссыз, қатырып тастаған. [98].

Осындай нормалар Данияның Қылмыстық кодексінің 144-бабында Конвенцияның 20-бабын жүзеге асырудың өзіндік қолданылуын қалыптастырған. Оған сәйкес, Данияның немесе өзге мемлекеттің, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда өзінің қызметтік міндеттерін атқаруда заңсыз сыйақыны алса немесе қандай-да бір өзге пайда алуға сөз берсе, талап етсе айыппұлға немесе алты жылға дейін бас бостандығынан айырылу жазасы қарастырылған [99].

Сондай-ақ, Данияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы өзіне 20 шақты нормативтік құқықтық актілерді қамтып жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті белгілеген.

Оңтүстік Кореяның сыбайлас жемқорлықпен күресте тиімді тетіктерінің бірі болып табылатын Open бағдарламасы кінәлілік презумпциясының тәртіптік қудалаудың жаңа нұсқасын қалыптастырды. 1999 жылы қабылданған бұл бағдарлама бойынша азаматтар, кәсіпкерлер мемлекеттік қызметкерге жемқорлық сипатындағы арыз-шағымы түссе қызметтен босату шарасының қолданылатындығы барлық әкімшілік қызметкерлерінің еңбек шарттарына арнайы бөліктерді қамтылған. Яғни, шарттар келісім болғандықтан, қызметкер кінәлілік презумпциясынан өз бетінше бас тартатынын білдіреді. Бұл бағдарлама ашықтыққа негізделген халық пен мемлекет қарым-қатынасының эталонына айналған [100].

Заңсыз баюға қатысты конвенцияның 20-бабы жұмсақ нысандағы норма және ол мемлекеттердің құқықтық егеменділігі институтынан туындайтын қағидаға толық негізделіп, қандай да бір императивтік сипатқа ие емес. Осы негіздер де кейбір мемлекеттер ұлттық заңнамаларында қылмыстық құрам ретінде қарастырмаған. Солардың бірі Ресей Федерациясы Конституцияның 49-

бабындағы кінәсіздік презумпциясына қайшы және 51-баптағы азаматтың өзіне және жақын туыстарына қарсы куәлік бермеу құқығына қайшы деп тапқан [101].

Осы пікірді Ресей заңгерлерінің басым бөлігі ұстанады. Алайда, оған өзге ұстанымдар бар Дамаскин О. және Волков А. Конституцияда жарияланған кінәсіздік презумпциясы мемлекеттік қызметкерлерге қатысты кейбір шектеулер болатындығын алға тартуда [102].

Сонымен қатар, РФ Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 20 наурыздағы № 169-О-О ұйғарымында, мемлекеттік билік органдарына, өзін-өзі басқару органдарына, соның ішінде судьялық лауазымға да заңда көзделген ретте арнайы талаптардың адамдарға қойылуы еңбек түрін таңдау, өзінің мүмкіндіктерімен ерікті болу, мамандықты таңдау құқығын шектеу болып табылмайды. Аталған конституциялық құқығын жүзеге асырғысы келген РФ азаматы, жария-құқықтық мәртебесімен байланысты шектеулер мен басымдықтарды ерікті түрде қабылдайды. Бұдан, ерекше мәртебемен байланысты тыйымдар мен шектеулер адамның конституциялық құқықтарын заңсыз шектеу болып табылмайды [103].

Сондай-ақ, РФ Конституциялық сотымен РФ Конституциясының 55-бап 3-бөлігінде бекітілген жария мүдделер үшін құқықтар мен бостандықтарды құқықтық шектеуді, егер олар әлеуметтік ақталған мақсаттарға сәйкесінше пар-пар болғанда негізді болуы мүмкіндігін атаған [104].

Байқағанымыздай, заңсыз баюды қылмыстандыруға жеткілікті құқықтық негіздердің болуын Ресейдің ғалымдары жиі көтеруде. Алайда, РФ БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының нақты осы 20-бапқа ескертпемен ратификациялаған болатын. Осының өзін де, РФ Конституциялық соты жария-құқықтық қызметпен байланысты заңдағы шектеулерді азаматтың ерікті еңбек түрін таңдау бостандығына шектеу болып табылмайтындығын атаған.

Осы тұста, жоғарыда аталған 1999 жылы Оңтүстік Кореядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған OPEN бағдарламасындағы мемлекеттік қызметкерлердің еңбек шарттарында жемқорлық белгілері бойынша қоғамдық негізді айыптау жағдайында өз еркімен қызметтен кету ережелері – жария құқықтық лауазымдардың жалпы жағдайлардан қарағанда шектеулердің болуы орынды және негізді болып табылады.

Сыбайлас жеморлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңындағы қаржылық шектеулер шаралары қатарында: 1) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны; 2) кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсыну қарастырылған. Өз құқықтық табиғатында бұл заңсыз баю институтының қылмыстық емес сипатындағы көрінісі болып табылады. Алайда, іс жүзінде бұл квази, яғни жартылай шектеу болып қалуда. Себебі, бұл нормаларды заңнамаға енгізудегі мақсаты сыбайлас жемқорлық алын алу мен салдарымен күресудің құралына айналуы тиіс еді. Іс жүзінде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оның заңсыз баю сияқты салдарымен де күресте нәтижесі жоқтың қасы.

Жария қызметкерлердің табыстары мен кірістерін жариялау сынды декларациялау әлемнің 150-ден астам мемлекетінде бар [105].

Заңсыз баюды нақты қылмыс құрамы ретінде бүгінде әлемнің 48 юрисдикциясында танылған. Сонымен қатар, бұндай қадамға басым бөлігінде сыбайлас жемқорлықпен күресте түбегейлі, ымырасыз күресуге шешім қабылдаған мемлекеттер баруда [106].

Алайда, заңның тиімді қолданылуы оның нәтижелілігінің бағасы болып саналады. Осыған байланысты, жоғарыда аталғандай заңсыз баюды қылмыс ретінде таныған 48 мемлекеттің ішінде жемқорлық деңгейі жоғары деңгейде қалып отырғандар да бар. Тиісті заңның болуы жемқорлық деңгейінің төмендігін көрсетпейді десек те болады. Мәселен, әлемнің кейбір дамыған мемлекеттері тіптен БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификацияламаған. Олардың қатарында Жапония, Германия, Жаңа Зеландия мемлекеттері бар. Жемқорлықты қабылдау деңгейінің индексі рейтингісінде Жаңа Зеландия, Даниямен көшбастаушы мемлекеттер ретінде бірнеше жыл қатар бөлісуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте жетістікке жетудің нақты бір нұсқасы жоқ. Алайда, ол кешенді ұйымдық-құқықтық, әлеуметтік-мәдени шараларды кешенді, жүйелі түрде жүзеге асырумен қол жеткізіледі. Осы тұрғыдан алғанда елімізде осы бағытта ауқымды шаралар жүргізілуде. Тіптен, атап отырған заңсыз баюға қарсы кейбір кірістер мен мүліктерді декларациялау, активтер мен міндеттемелерді декларациялау міндеттеліп, жүзеге асырылуда. Алайда, бұл шаралардың сыбайлас жемқорлықты қоғамда азайтуға әсер етті деп айтуға келмейді.

Заңсыз баюды қылмыс құрамы ретінде тануға қатысты теріс әсерлерінде ескеріп өткен жөн. Жемқорлықпен күресте басқа жемқорлықты тудыру қаупі де жоқ емес. Еліміздің құқыққорғау және соттардағы жемқорлықтың жоғары деңгейі заңсыз баюмен күресті лауазымдық өкілеттіктерін теріс немесе асыра пайдалануға әкелу тәуекелі жоғары екенін де мамандар айтуда. Осы ретте, заңсыз баюдың қылмыстық құқықтық нысанда қудалануы емес, өзге де құқықтық жауапкершілік түрлерін енгізу қажеттілігі өзекті болып қала бермек. Бұған байланысты, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі заңшығару органға бірнеше заң жобаларымен шыққан еді. Бұл келесідей негіздермен анықталған: алдымен, агенттік заңсыз баю үшін белгіленетін жауапкершілікті енгізуді ұсынған. Әзірге әңгіме активтері заңды кірістерге сәйкес келмейтін мемлекеттік қызметшілерге қатысты қаржылық және мансаптық санкциялар жайында болып отыр. Бұл шығыстарды кешенді түрде мәлімдей отырып, сыбайлас жемқорлықтың негізі— заңсыз табыс алуға ұмтылуды жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілердің шығыстарды декларациялаудың орындылығы және тиісті декларацияларды міндетті түрде жариялау туралы пікір айтылды.

Мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстарын міндетті түрде декларациялау осы деректерде айырмашылық болған жағдайда, не істеу қажет деген сұраққа міндетті түрде жауап беруді талап етеді. Сондықтан өмір сүру деңгейі заңды табыс көздеріне сәйкес келмейтін лауазымды тұлғаларға тиісті

санкциялардың қолданылатындығы туралы нормалар заңнамада нақты жазылуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік төрағасы Алик Шпекбаев заңсыз байығандардың жауап беретін кезеңі әлі алда екенін жиі айтып жүр. Тіпті былтыр, келер 2020 жыл – бай-бағландардың сәні мен салтанаты үшін есеп беретін жылы деп күттілген еді. Бірақ тапқан табысы, жиған мүлкі аражігі туралы айтылып қалғанымен, біздегі бай-манаптар мүлкі мен байлығын ашық жария етуге асығар емес. Осыған орай, қарапайым халықтың арасында олардың заңға сәйкес байып жатқанына күмән мен күдік басым. Күмәнді жою үшін, оған, бізге әрекеті мықты заң керегі айқын.

Бұл ретте еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі мәжіліске заңсыз байығандарды жазалайтын заң жобасын ұсынғанына біраз болды. Аталмыш агенттік басшысы Алик Шпекбаев бұған қатысты, ең біз заңсыз жолмен байығандар үшін жауапкершілік енгізуді ұсындық. Дүние-мүлкі заңды табыстарына сай келмейтін мемлекеттік қызметкерлерге алдымен әзірге қаржылай және қызметтік жаза қолданылады. Шығындар декларациясын енгізумен бірге, бұл жемқорлықтың тамырын жұлуға мүмкіндік береді деген болатын.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 15 жылдан бері заңсыз баю жағдайларына жауапкершілік енгізу туралы айтып келеді. Бірнеше елдерде бұл талап жемқорлыққа қарсы іс-қимылда негізгі индикаторлардың бірі ретінде қарастырылады. Ал біздің елде кінәсіздіктің анық-қанығына жетуге байланысты конституциялық құқық бар. Осыныған орай, парламенттің мәжілісінде қарауда жатқан заң жобасы негізінде заңсыз байыған азаматтарға азаматтық-құқықтық, қаржылық жауапкершілікті енгізуді ұсынылған. Оған сәйкес, кірісі мен шығысының арасында айырмашылық бар шенеулік белгілі бір уақыттың ішінде мүлкінің заңды негіздегі табыстарға, кірістерге алынғанын негіздеуі керек.

Негізінде, аталған заң бүгінде біздің қоғамға қажет. Дегенмен ағымдағы жылдың сәуір айының соңында заңсыз байығандарды жауапкершілікке тартуға қатысты заң жобасын заңшығарушы қабылдамай тастады. Басты себеп – кінәсіздіктің анық-қанығына жетуге байланысты конституциялық құқықтың болуы.

Осылай уәкілетті органның мамандары ел мәжілісіне 15 жыл бойы заңсыз байығандарды құқықтық жауапкершілікке салатын әдеуеті мықты заң жобасын қабылдата алмай келе жатыр. Енді бұған не себеп болуда?! Заң нормасының «қисынсыз» тұсы қайсы? Мүмкін, бұл біреулердің назарына батып, жоспарларын бұзатын заң нормасы ма екен?

Осыған қатысты мамандар, Қазақстан әлі мұндай заң нормасын қабылдауға даяр емес. «Шынын айту керек, мұндай заңды қабылдауға үкімет әлі дайын емес. Себебі бұған құқықтық мәдениетіміз жетпейді. Бұл тек қана мемлекеттік қызметкерлерді жазалайтын заң болмауы керек. Жалпы, елдегі жемқорлық саласына тұсау салатын норма болуы қажет. Мысалы, бізде кәсіпкерлерді алайық, олардың көбі салық төлемеу үшін табысын жасырады, түсімін дұрыс көрсетпейді. Егер заңсыз байығандарды жазалауды

бастап жіберсек, бұл арада көлеңкелі бизнес мәселесі шығады. Байлардың басым бөлігі тапқанын банкке емес, қолма-қол ақшамен жасыруы мүмкін. Өзінің атына емес, дүние-мүлкін өзгенің атына жазу көріністері одан әрі артуы ықтимал.

Осы ретте, бұл заңды кезең-кезеңімен енгізу қажеттігі де айтылуда. Алдымен әкімшілік құқықтық жауапкершілік, одан кейін барып қылмыстық жауапкершілік енгізіп, заңды қатайту керек.

Жалпы, деректерге жүгінсек, қазір көптеген елдер бай-манаптар қалай байыған, адал еңбек, маңдай терімен дәулетке қол жеткізді ме, болмаса тағы басқа жайттар әсер етті ме? деген мәселеге айрықша назар аудара бастаған. Ал біздегі заңсыз байығандар турасында сөз еткенде мамандардың дені Кеңес өкіметінің тұсында облыстық басылымдарда бір ауданның басшысы жайлы, оның шалқыған әл-ауқаты жайлы жазылатын болса, оны дереу тексерудің астына алатын. Егер жазылған жайт шындыққа жанасатын болса, әлгі басшы дереу орнынан алынып, партиядан қуылатын. Кеңес өкіметінің бір жақсы жері – олар бай-манаптарға бақылау қоя білген деседі.

Жалпы, біз тілдескен мамандар заңсыз байығандарды жауапкершілікке тарту дегеніміз – революция жасау, баяғыдай бай-құлақты жою емес, барынша өркениетті жолмен жүруге тырысу екенін алға тартты.

Ең абзалы, біздің қоғам үшін қазір құрғақ қасық ауыз жыртады деген түсініктен арылу маңызды болып отыр. Себебі мұның астарында халықтың, қоғамның, тұтас бір мемлекеттің дамуы жатқаны анық.

Қазір біз үшін халықтың тұрмысын теңестіру маңызды. Ол үшін бай-манаптарды, мемлекеттік қызметкерлерді бақылау керек. Осы арқылы монополистік үстемдіктерге ие субъектілер тарапынан қоғамның орынсыз қаналуына жол бермеген жөн. Бұдан соң, біз үшін маңыздысы – заңсыз байығандарды анықтап, оларға заңды қатайтып, қарапайым халықтың жағдайын жасау тетігін іске қосу керек. Ол үшін байдан алып, кедейге бер деген шведтердің тәсілін ұстану қажет. Шведтер байлардан алады да, қолайсыз, өркендеуі төмен аймақта тұрып жатқан халыққа мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақы тағайындайды. Канада елінде, басқаны қойғанда, Оңтүстік Африкада осы тәсіл бар. Құнарсыз, суы тапшы, нәрсіз жерлерде тұратын жандарға олар байлардың үлесінен төлемақы төлеп тұрады. Бұл үрдіс жағдайы төмен деңгейдегі Үндістанның өзінде жүзеге асып отыр. Сондықтан осындай халыққа қажетті бағдарламаларды қазіргідей қиын кезде қайта қолға алу керек.

Сондай-ақ, келесі бағыттағы пікірді де есекере кеткен жөн болар: Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын 2008 жылы ратификациялаған болатын. Конвенцияның 20-бабында қатысушы мемлекеттер өзінің құқықтық жүйелерінің қағидаларын сақтай отырып, жария лауазымды адамның заңсыз баюы үшін қылмыстық жауапкершілікті қолдану мүмкіндігін қарастыра алу жайлы айтылған. Осындай жаза біздің құқық жүйемізге қарсы келмейді. Қазірдің өзінде қылмыстық заңнамада осыған ұқсас нормалар да бар. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 197-бабымен мұнай өнімдерін оның заңды жолмен шығарылғандығын дәлелдейтін құжаттарсыз тасымалдау, иемдену үшін жауапкершілік көзделген. Мұнай өнімдерінің ұрлығы көбейіп, алайда

қылмыскерлерді ұрлық барысында ұстау қиынға соққандықтан, осы норма бұл саладағы қылмыстарды алдын алуға септігін тигізеді. Себебі қылмыскер мұнайды білдірмей ұрлап алса да, оны тасымалдағаны үшін жазасын алады. Дәл осылай жемқорларға да жаза бар. Лауазымды адам пара алып, жазасыз қалса да, ол қаражатты иемденгені үшін жауапкершілікке тартылады. Бұл – заман талабына сай өте қажетті норма.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерді дәлелдеу қиынға соғады. Оған қоса, мемлекет барлығын өз назарында ұстай алмайды. Заңсыз баю институтын енгізудің тағы бір жақсы жағы – жария лауазымды тұлғалардың қаражаттары мен мүлкі барлығына ашық болады. Бірақ заңсыз баюға қатысты заңнамаларға өзгерістер енгізілгенімен де, оның болашақтағы тиімді жұмыс істеуіне кепіл жоқ. Біздің елде бір мәселе туындаса, оған қатысты жауапкершілікті үлкейтуді бірінші ойлайды. Қазір бар заңдарды жақсылап іске асыру мәселесі талқыға түспейді. Отто фон Бисмарк айтқандай: нашар заңдармен және жақсы шенеуніктермен елді әбден басқаруға болады. Бірақ шенеуніктер нашар болса, ең үздік заңдар да көмектеспейді». Бүгінгі күнге дейін қаншама іс-шаралар атқарылды, заңдар қабылданды, бірақ өзгеріс жоқ. Себебі шенеуніктер жаңа заңға өзінің ескі әдеттерін дағдылайды. Қазірдің өзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заңдар жұмыс істесе, елімізде жемқорлық деңгейі жоғары болмас еді. Мәселен, Мемлекеттік қызмет туралы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдар 2015 жылы жергілікті мамандар мен Еуроодақ мамандарының қатысуымен жасалған болатын. Бұл заңды құрастыру үшін Еуро одақ мамандарының қызметіне 4,6 млн евро төленді. Бұған қоса, біздің мамандардың шетелге шыққан іс сапар шығындары бар. Бұл тұста ең бастысы, шығын емес. Осыншама күш кетіп жасалған заңдардың нәтиже бермей жатқаны алаңдатуы тиіс. Қорыта айтсақ, заңсыз баю – ол халықаралық тәжірибеде өз орнын алып, БҰҰ тарапынан қолдау тапқан институт, яғни әлем мойындаған тәжірибе. Бұл заң біздің елге ауадай қажет. Тек ол қабылданса, оны қаншалықты тиімді қолдана алатынымыз ойлантады [107].

Заңсыз баю институтының қылмыстық құрамы немесе өзге де құқықтық жауапкершілікті тудыратын нұсқалары соңғы 15 жыл бойы заңнамалық деңгейде көтеріліп жоба күйінде қалып отыр. Алайда, инвестициялық, трансұлттық корпорациялардың алтын ережесіне айналған ағылшын-саксондық құқықтық жүйесі отандық құқықтық жүйеге енуі осы бағытта жаңа көкжиектерді ашуы мүмкін. Олай деп атауымыз, бірінше кезекте, ҚР Президентінің 2015 жылғы 19-мамырдағы №24 Жарлығымен құрылған Астана халықаралық қаржы орталығының қызметімен тығыз байланысты [108].

Өз қызметі аясында Орталық Азия, Кавказ республикалары, Еуразиялық экономикалық одақ, Таяу Шығыс елдері, Батыс Қытай аумағы, Моңғолия мен Еуропа секілді орасан аумақты қамтитын Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) басты мақсаты – инвестициялық ахуалды оңтайландырып, елімізге шетелдік қаржы құралдарын тарту, Қазақстанда ғана емес, тұтас өңірде активтер мен капиталдарды басқару нарығын дамытуға ықпал ету. Осынау биік мақсат жолында қазіргі күні АХҚО жанынан құрылған Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет, АХҚО-ның тәуелсіз соты, Халықаралық

төрелік орталығы, АХҚО биржасы және Expat Centre өз жұмысын жүргізуде. Астана халықаралық қаржы орталығының аумағында Орталықты басқару жөніндегі кеңес – Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын алқалы орган тұрақты жұмыс істейді. Орталық – мемлекеттік және басқа да органдардан толық тәуелсіз. Яғни Орталықтың аумағында және оның қатысушыларына тек Астана халықаралық қаржы орталығы туралы заңның және оның органдары актілерінің нормалары ғана қолданылады.

Орталық органдарының актілері Англия және Уэльс құқығының қағидаттары мен нормаларына және әлемнің жетекші қаржы орталықтары өлшемдеріне, оның ішінде бірінші кезекте Дубай халықаралық қаржы орталығының нормативтік құжаттарына негізделеді. АХҚО-ның ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрме кешені аумағында, яғни астананың жаңа ауданынан орын тебуі – халықаралық қаржылық хабқа айналу мақсатында құрылып отырған орталық үшін маңызды ерекшелік.

Негізгі міндетінің бірі – әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілік болғандықтан Астана халықаралық қаржы орталығын құру барысында әлемдік озық тәжірибелер ескеріле отырып, оған қатысушылар қызметі үшін қолайлы әрі тартымды жағдайларды қамтамасыз ететін шаралар қарастырылған. Осыған байланысты орталықтың нақты белгіленген шекарасы шегінде ерекше құқықтық режим жұмыс істейді. Іргелі қаржылық құрылым аумағында сот төрелігін еліміздің сот жүйесінен оқшауланған, ағылшындық құқық негізінде 2016 жылдың 1 қаңтарынан жұмысын бастаған АХҚО тәуелсіз соты жүзеге асырады. Астана халықаралық қаржы орталығында, дүниежүзінде негізгі келісім-шарттар ағылшын заңына негізделгендіктен, инвесторлармен жұмыс істеу жеңіл болады. Ол инвесторларға қандай қауіп-қатер барын алдын-ала болжайды. Қандай да бір мәселе мен даулы жағдай туындап жатса, салдарын анықтап, шешу жолдарын көрсетеді. Сондықтан шетелдіктер үшін де түсінікті инфрақұрылымда жұмыс істеу қолайлы.

Қазіргі таңда дүниежүзінде бірнеше негізгі құқықтық жүйелер әрекет етуде. Оның бірі – конституция мен заңдардың баптарына сүйенетін романогермандық болса, екіншісі – ағылшын-саксондық құқықтық жүйе. Астана халықаралық қаржы орталығының ағылшын-саксондық жүйені таңдауы бекер емес. Құқықтық табиғатында қазақтың би-қазылар сотына келетін ағылшын құқық ережелерінің артықшылықтары көп. Инвесторлардың қаржысын негізінен осы жүйемен жұмыс істейтін қаржы хабтарына сеніп салатыны да сондықтан болса керек. Ағылшын құқығы барлық халықаралық қаржы орталықтарында, Дубай, Гонконг, Лондон, Нью-Йоркте қолданылады. АХҚО сотының төрағасы қызметіне Ұлыбританияда ғана емес, әлемге танымал, беделді заңгер, Англия, Уэльс, Катар, Гонконг сот жүйелері бойынша үлкен тәжірибе жинақтаған лорд Гарри Кеннет Вульф тағайындалды. Сондай-ақ сот құрамында әлемге танымал 9 судья бар. Солардың бірі, қаржылық құқықты жан-жақты меңгерген жоғары санатты заң кеңесшісі Кристофер Кэмпбелл-Холт осыдан бір жыл бұрын Қазақстанға көшіп келіп, орталықтың сот жүйесінің базасын жасақтады. Астана халықаралық қаржы орталығының ресми тілі – ағылшын тілі және бұл ТМД

елдері арасында ағылшындық құқық қағидатымен жұмыс істейтін тұңғыш қаржы институты болып отыр.

Қаржы орталығының басымдыққа ие бағыттары қатарында – жекешелендіру тетігі арқылы қаржылар тарту. Осыған орай, Астана халықаралық қаржы орталығы мен Самұрық-Қазына қоры арасында арнайы келісімге қол қойылды. Аталған құжатқа сәйкес, қор құрамындағы компаниялар IPO-ға шығарылады. Бұл жұмыс қаржы орталығының негізінде атқарылады. Биржаға Эйр Астана мен Қазатомөнеркәсіп ұлттық компаниялары бірінші болып шығады. АХҚО басшылығы Шанхай қор биржасымен және Nasdaq Inc. компаниясымен қаржы орталығын одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін келісім шарттар жасады. Оған сәйкес, Nasdaq пен Шанхай биржалары Астана қаржы орталығының стратегиялық әріптестері болады. Осылайша, биржа, қаржы қызметтерін реттеуші, арбитраж орталығы мен қаржы соты Астана орталығының басты органдары болады. Орталық нақты алты бағытқа басымдық береді. Олар – капитал нарықтарын дамыту, мемлекеттік активтерді басқару, жаңа қаржы технологияларын дамыту, жеке адамдардың әл-ауқатын басқару, исламдық қаржыландыру мен цифрландыруды дамыту болып табылады. Астана қаржы орталығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында инвестициялық компаниялар үшін ерекше тартымды жағдайлар жасалған. Атап айтқанда, салықтық, валюталық, визалық, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартудың оңтайлы режімі қарастырылған. Орталық органдарының, қатысушыларының және олардың шетелдік жұмыскерлерінің қатысуымен туындайтын дауларды қарау мен шешу халықаралық төрелік орталығының құзыреті болып табылады. Таяуда АХҚО Seedstars және MOST бизнес-инкубаторымен бірлесіп, Fintech Stars халықаралық акселерациялық бағдарламасын іске қосқандығын хабарланды. Инновациялық шешімдерді жинақтау және әлемдік финтех компанияларының өзара әрекеттесуіне арналған платформа жасау мақсатын көздейтін бұл бағдарламаға әлемдегі ең үздік он стартап-команда қатысатын болады. Жоғарыда аталып өткен шаралар Үкімет пен Ұлттық банктің Астана халықаралық қаржы орталығын құру және дамыту жөніндегі ұзақмерзімді кезеңге арналған бірлескен іс-қимыл жоспары аясында атқарылып жатқан үлкен шаруаның бір парасы ғана. Бірлескен іс-қимыл жоспары шетелдік инвесторлар тарапынан сенімді арттыруға, халықаралық деңгейдегі қаржы операцияларына араласуға, еліміздің экономикасын одан әрі өркендетуге бағытталған. Оны жүзеге асыру үрдісінде жыл сайынғы тікелей көрсеткіш 2025 жылға дейін көмірсутегін қоспағанда, жалпы ішкі өнімнің 1%-дық өсіміне жетеді (бұл Дубай халықаралық қаржы орталығы құрылғаннан бергі алғашқы 10 жылдағы нәтижесіне жақын) немесе 2015-2025 жылдар кезеңінде ЖІӨ-нің жиынтық өсімінің шамамен \$13,4 млрд көлеміндегі соманы құрайды. АХҚО-дан болатын қосымша әсерге қазақстандық капитал нарығына шетелдік тікелей инвестициялардың келуі, экономикалық тұрғыдан тиімді жаңа жобаларды іске асыру және еңбек өнімділігінің өсуі есебінен жалпы ішкі өнімнің жыл сайын орташа алғанда 1%-ға жылдам өсуі есебінен қол жеткізіледі. ЖІӨ-ге тікелей және жанама әсер етуді, сондай-ақ Орталықтың өңірлік өктемдігін ескере отырып, оның қызметі

нәтижесіндегі қорытынды жиынтық әсер 2015-2025 жылдар аралығындағы кезеңде шамамен 40 млрд АҚШ долларын құрауы мүмкін.

Астана халықаралық қаржы орталығына артқан үміт, күткен нәтиже орасан. Ол алып Еуразия құрлығында, оның ішінде ЕАЭО мүше мемлекеттердің, Орталық Азия мен Иран, Қытай елдерінің қаржы хабына айналуы тиіс. Орталықтың даму стратегиясын кезең-кезеңімен жүйелі жүзеге асыру болашақта Астананың әлемдегі 20 үздік қаржы орталығы қатарынан көрінуіне жол ашады [109].

АХҚО-на артылған үміт орасан зор. Оның құқықтық негіздерін жоғарыда аталған ҚР Президентінің Жарлығы, 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Астана халықаралық қаржы орталығы туралы ҚР Конституциялық Заңы құрайды. Оған сәйкес, Астана халықаралық қаржы орталығы – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын Нұр-Сұлтан қаласының шегіндегі аумақ деп айқындалған [110].

Конституциялық заң мәртебесіндегі құқықтық актімен қаржы орталығының қызметі реттелуі оның елімізге стратегиялық маңыздылығына ие екендігін көрсетеді. Сонымен, қатар Конституциялық заңның 4-бабында Орталықтың қолданыстағы құқығына мыналар жатқызылған:

- Астана қаржы орталығы туралы ҚР Конституциялық заңы;
- осы Конституциялық заңмен берілген өкілеттіктер шегінде Орталықтың органдары қабылдайтын, Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін Орталықтың осы Конституциялық заңға қайшы келмейтін актілерінен;
- осы Конституциялық заңмен және Орталықтың актілерімен реттелмеген бөлігінде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан тұрады.

Осы ретте, ҚР Конституциясының 4-бабында Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады деп анықталған. Жоғарыда аталған Орталықтың құқығына Конституциялық заңмен берілген өкілеттіктер шегінде Орталықтың органдары қабылдайтын, Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін Орталықтың осы Конституциялық заңға қайшы келмейтін актілері кіретіндігі Конституциямыздың 4-бабымен құқықтық тұрғыда қалай үйлеспек. Осы тұрғыда Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына негізделген нормалары мен прецеденттері ұғымына Ұлыбританияның құқықтық нормалары, актілері Орталық сотының қарауына жүгінгендерге таралуы мүмкіндігі қалай болмақ?

Алдында атап өткеніміздей, ағылшын заңнамасында сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық, қылмыстық құқықтық жауапкершіліктер

қарастырылған. Осы ретте, Астана халықаралық қаржы орталығы сот төрелігіне жүгінгендерге заңсыз баюдың ағылшын моделі немесе заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі сынды институттардың таралуы әбден мүмкін.

Бұл жағдайда Англия, Уэльс құқығының қағидаттары, нормалары мен прецеденттерінің отандық корпоративтік және квазимемлекеттік секторға таралуы еліміздің құқықтық егеменділігімен қалай жүзеге асырылады деген сұрақ бүгінде өзекті болмауы уақыт еншісінде. Себебі, осы орталықтың қатысушысы ретінде отандық квазимемлекеттік сектор ірі субъектілері ол сотқа жүгінбеген.

Аталған Конституциялық заңның 4-бабында Орталықтың құқығына Англия, Уэльс құқығынан басқа әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарын жатқызылған.

Әлемнің жетекші Нью-Йорк, Дубай, Лондон, Токио қаржы орталықтары ағылшын құқықтық жүйесіне негізделген. Онда сыбайлас жемқорлық мәселесінде Ұлыбританияның 2010 жылы 8 сәуірде қабылданған «Парақорлық туралы» (The UK Bribery Act 2010), сондай-ақ, АҚШ (Сарбонс-Оксли) заңдарының Орталықтың қатысушысы ретінде отандық корпоративтік секторға Орталық сотымен жемқорлық мәселесінде сұрақтар туындауы негізді болмақ. Бұл Орталықтың қатысушысы болған жағдайда үнсіз келсім ережесімен жүзеге асырылады. Яғни, қаржы қорының қатысушысы ретінде өзіне орталық сотының талаптарын қосымша келісімсіз қабылдайтындығын білдіреді.

Алайда, Конституциялық заңның 13-бабының 4-тармағына сәйкес, орталықтың соты әкімшілік және қылмыстық сот ісін жүргізбейді және келесілерге:

1) Орталық қатысушыларының, Орталық органдарының және (немесе) олардың шетелдік жұмыскерлерінің арасында туындайтын дауларды қарау мен шешуге;

2) Орталықта жүзеге асырылған және Орталықтың құқығына бағынысты кез келген операцияға қатысты дауларды қарау мен шешуге;

3) тараптардың келісімі бойынша Орталықтың сотына берілген дауларды қарау мен шешуге қатысты айрықша юрисдикцияға ие болады.

Болжамды түрде, осы орталықта жүзеге асырылған қаржылық операцияға байланысты орталық сотымен қарау барысында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары орын алғандығы анықталып жатқанда, Ұлыбританияның 2010 жылы 8 сәуірде қабылданған Парақорлық туралы (The UK Bribery Act 2010) қалай шешілуі тиіс, Англия, Уэльс құқықтық нормалары мен прецеденттері бойынша сотпен осы заңға сәйкес тиісті шаралары қабылдануы тиіс. Сол сияқты, жоғарыда аталған жетекші қаржы орталықтарының да стандарттары соны талап етеді. Мәселен, 2013 жылы Лондон қор биржасындағы орын алған отандық алпауыт ENRC-ге қатысты Ірі қаржылық алаяқтықтарға қарсы қызмет (Serious Fraud Office) күдігі бойынша компания өзінің Қазақстандағы, Африкадағы қызметінің процесінде жемқорлыққа барғаны үшін қудаланған [111].

Орталықтың соттық дауларын қараудағы құқық көзі ретінде Англия, Уэльс құқық нормалары мен прецеденттері және жетекші қор орталықтарының стандарттары қолданылуы корпоративтік және квазимемлекеттік сектордағы

сыбайлас жемқорлықпен күресте жаңа кезенді бастауы мүмкін. Алайда, оның жүзеге асырылуында нақты құқықтық реттеу тетіктері жоқ.

Осы ретте, болжамды түрде Астана қаржы орталығы еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзіндік ершелікке ие болуы мүмкін. Себебі, Конституциялық заңға сәйкес, орталықтың соты құқықтың қайнар көзі ретінде Англия және Уэльс құқықтық нормалары мен прецеденттері қолданылады. Ол бизнесті жүргізудегі жемқорлық мәселесінде қатаң ұстаныммен танылған мемлекеттер қатарында. Тіптен, жемқорлық үшін заңды тұлғаға құқықтық жауапкершілік пен заңсыз баю үшін қаржылық (айыппұл) жауапкершілікті 2010 жылы енгізген. Бұл бірінші кезекте Ұлыбританияның көлеңкелі экономикамен күрес және ұлттық экономикасының субъектілерін адал бәсекелестікпен қорғау үшін жасалған болатын.

Жоғарыда аталған алғышарттар корпоративтік сектордағы жемқорлық мәселесінің өзектілігін негіздеп отыр. Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектор мен жеке сектордағы жемқорлық мәселесі де ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2020 жылдарға арналған стратегиясында 4.3. квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл деген арнайы тарауымен айқындалған. Алайда, құқықтық тұрғыда жеке сектордағы жемқорлық мәселесі әлі де болса, пысықтауды қажет ететіндігі туралы алдындағы тарауларда атаған болатынбыз.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрес көлеңкелі экономикаға да қарсы соққа болатындығы айқын. Осыған байланысты, жоғарыдағы стратегияға негізделіп, ҚР Үкіметі 2015 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар кешенін өз қаулысымен бекіткен болатын. Онда осы мәселеге қатыста келесі бағыттар бойынша іс-шаралар қарастырылған:

- Мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор объектілерінің сатып алу туралы деректерінің негізінде мемлекеттік сатып алу шеңберінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бағаларының шашыраңқылығын болдырмайтын электрондық мемлекеттік сатып алу ақпараттық жүйесінің бағалар модулін пысықтау;

- Квазимемлекеттік секторда ішкі аудит қызметтерінің жүйесін жетілдіру, оның ішінде корпоративтік басқару шеңберінде олардың өкілеттіктері мен функцияларын кеңейту;

- Олардың ашықтығын арттыру мақсатында квазимемлекеттік сектордың сатып алу тетігін, оның ішінде тауарды немесе көрсетілетін қызметті егжей-тегжейлі сипаттай отырып, тендерді ұтып алған тұлға, баға туралы толық ақпаратты, сондай-ақ өндіруші туралы ақпаратты жариялау жолымен жетілдіру тетіктерін енгізу;

- ҚазАгро ҰБХ АҚ кредит беруші ұйымдарына агроөнеркәсіптік кешен субъектілері беретін кредиттік өтінімдерді ресімдеу және өндеу, оның ішінде оны электрондық үкіметтің веб-порталымен интеграциялау рәсімдерін автоматтандыру.

Байқағанымыздай, аталған шаралар, шын мәнінде, осы саладағы сыбайлас жемқорлықпен күресте батыл қадамдарды қамтыйды деп айтуға бармайды. Ұлттық басқарушы холдинг ҚазАгро қатысты Есеп комитетінің қорытындысы, тіптен жаға ұстатын жағдайда. Мәселен, холдинг үш тәуелді компания, 2000-ға жуық қызметкері бар. Тек 2017-2018 жылдары холдинг қызметі экономикалық тұрғыда тиімсіз, шығындармен аяқтаған, алайда, соған қарамастан, өз қызметкерлеріне 4,3 миллиард теңге көлемінде сыйақы тағайындалған. Есеп комитетінің аудит нәтижелері жалпы 47,1 миллион теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықтаған, қаржыларды тиімсіз пайдалану 392,5 миллиард теңгені құраса, оның экономикалық шығындары 206,6 миллиард теңге болып, таза шығыны – 107 миллиардқа жеткен, өткізіп алынған табыс – 2,5 миллиардты құраған. Бұл сандық көрсеткіштер тек бір ҚазАгро бойынша алынған, отандық квазимемлекеттік сектордың көлемінде бұл тек 1/10 деп атауға болады [112].

Шынында, бұл Қырғызстан немесе Тәжікстан сынды мемлекеттердің жылдық бюджетіне тең көрсеткіштер.

Нарықтық экономика заңдары бойынша бұндай экономикалық теріс көрсеткіштерге ие компаниялар банкрот болуы тиіс еді, алайда, олар бюджеттен қаржылай қоректенуін қояр емес. Тіптен, бюджеттен бюджеттік инвестициялық жобаларға, шағын және орта бизнесті қаржыландыруға деп бөлінген қаражатты игере алмай, әлде қасақана игергісі келмей мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда тосқауыл болуда. Алдындағы тарауда айтылғандай, «Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру» және «Бірыңғай зейнетақы жинақтау қоры» субъектілеріне қатысты заңнамада арнайы рұқсат етілген «уақытша бос қаражаттар» ұғымын енгізу арқылы табыс табуға ұмтылып қаржы құралдарына салып, табыстан гөрі шығынға бату қаупі болып жатса да, заңнамалық тұрғыда неге шектеулер қойылмауда. Бұндай қаражаттардың қайтарымыз жоғалуы мемлекеттің халық алдындағы міндеттемелерін орындауға саботаждауда. Бұл қаражаттарға мыңдаған әлеуметтік нысандар салуға келер еді.

Қазақстаннан сыртқа шығарылып жатқан капиталдың басым бөлігі осы квазимемлекеттік сектордан шығып жатқанын алдында айтқан едік, егер осы компаниялардың қызметі экономикалық тұрғыда шығынды деп сарапшылармен бағаланып жатса, сұранатын қорытынды көлеңкелі экономиканы туғызушы сыбайлас жемқорлықтың өзі осы салада заңдастырылған сипатқа ие. Олай атауға толық негіздер де бар, сатып алу үрдісі, ақпараттық ашықтың «коммерциялық құпия қалғанымен» жабылуы, уақытша бос қаржылар ұғымының заңнамалық тұрғыда бекітілуі, бюджеттік қаражаттарға деген шексіз қолжетімділік, тіптен, жылдық қорытынды бойынша игерілмеген қаражаттардың екінші деңгейдегі банктердегі есеп шоттарында қалып жатса да, бюджеттік қаражаттардың үсті-үстіне алу мүмкіндігі және т.б. факторлар егемендігімізге қауіп төндіруде.

Коммерциялық емес ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған квазимемлекеттік сектор заңды тұлғасының, өзінің құрылуындағы негізгі мақсатынан тыс, өзге де қаржылық тәуекелдері жоғары қаржы құралдары нарығында, арнайы қорлардың «уақытша бос қаражаттарын» орналастыруының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызатынын айтып өткен жөн. Мәселен, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры АҚ қызметі ҚР Міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы 2015 жылы 16 қарашада қабылданған заңмен реттеледі. Осы заңға сәйкес, заңды тұлға акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып тұрады, яғни ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес, акционерлік қоғам өзінің қызметінің мақсаты ретінде пайда табуды алға қоймайды. Сонымен қатар, аталған заңның 20-бабына сәйкес, қор уақытша бос тұрған қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыруға құқылы деп анықталған, алайда осы заңның 4-бабының 5-тармағында қор қызметінің қағидаттарына қатарында қордың активтерін тек қана міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге пайдалану деп көрсетілген. Осы ретте, қағидаттардың жалпы құқықтық нормалардан қарағанда құқықтық басымдықта болатындығын және ұйымның коммерциялық емес заңды тұлға екенін ескерсек, қорға уақытша бос қаражаттарды қаржы құралдарына орналастыруға мүмкіндік берілмеуі тиіс. Себебі, квазимемлекеттік сектордың өзге субъектілерінің осындай уақытша бос қаражатты қалай орналастырып, қайда жұмсалған ащы тәжірибесін көріп жатырмыз, ол туралы алдыңғы тарауда тоқтылып өткенбіз. Және де бұл заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысаны коммерциялық, яғни, пайда табу бағыттағы ұйым болып табылатынын ескеріп өткен жөн.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда халықтың мұң-мұқтажы әлеуметтік саладағы жемқорлықпен күресте басты назарды аудару қажеттігі туралы сарапшылық ортада жиі орынды көтерілуде, әсіресе, адамның өмірі мен денсаулығына қатысты сұрақтарда. Бұл адамның фундаменталды конституциялық құқығынан туындайтыны анық. Осы ретте, М. Билинская, В. Моисеев, В. Ницевич сынды ғалымдармен толық келісуге болады, яғни, денсаулық саласындағы жемқорлық бұл шын мәнінде қоғамдық құндылықтардың көрсеткіші ретінде қабылдауға тұрарлық өлшем, себебі, мемлекет пен қоғам үшін адам, оның өмірі мен денсаулығы бірінші кезекті тұруы қажет, ал егерде ол сыбайлас жемқорлықтың кезекті мүмкіндігі ретінде қолданылып жатса, бұл жемқорлықтың қоғам мен мемлекетті жеңгендігін айқындайды [113].

Жоғарыда аталғандардың негізінде, БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 20-бабындағы заңсыз баю институтын отандық деңгейде тек мемлекеттік қызметтегі шенеуліктерге ғана емес, квазимемлекеттік сектордағы әкімшілік-басқарушылық, ұйымдастыру-өкімдік функцияларға ие тұлғаларға да таралуын қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатта, ҚР Қылмыстық кодексіне тиісті бапты енгізіп, оған ірі көлемдегі айыппұл мен бас бостандығынан айыру жаза ретінде анықтау қажет. Бұл шара осындай жүйелі, ірі сипаттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы превентивтік және тікелей әсер етуші тетік болар еді. Мемлекеттік бағдарламалар қаражаттарының талан-таражға түспеуіне, бағдарламада анықталған мақсаттарға жетуге, ол өз кезегінде халықтың әл-ауқатының артып, мемлекеттік билікке деген сенімін нығайта түспек. Ал, заңсыз баюға кінәсіздік презумпциясы кедергі болады деген ұстанымдарға, бұл құқық абсолютті емес, яғни, мемлекеттік қызметке немесе жария билікке келерде, қандай да бір шектеулерді қабылдаумен, оның ішінде

қылмыстық қудалауға да қатысты, жағдайлардың болашақ қызметкердің өз еркімен қабылдауы негізді болуы мүмкіндігін де қарастырған жөн дегіміз келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның 1998 жылы қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңының (заңды күші жойылған) 5-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестік принциптері қатарында Қазақстан Республикасы Конституциясы 39-бабының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқа да адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану деп атап өткен. Егер осы тұрғыдан алатын болсақ, заңсыз баюға қатысты кінәсіздік презумпциясының абсолютті емес, салыстармалы болатындығын аңғаруға болады, және осындай тұжырымды жоғарыда аталған РФ Конституциялық сотының нормативтік қаулысының түсіндірмесінен аңғаруға болады. Бұндай реттегі түсіндірме алдында аталған Оңтүстік Кореядағы OPEN бағдарламасынан табуға болады.

Ата Заңда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін деп айқындалған. Сонымен қатар, саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 11, 13-15 баптарында, 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26 бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмейді деп жарияланған. Бұл азаматтық, жеке бас бостандығы, өмір сүру, өзін-өзі анықтау, қажетті қорғаныс, қадір-қасиетке қол сұғылмау, ар-ождан бостандығы, меншікке қол сұғылмаушылық құқықтар болып табылады.

Байқағанымыздай, кінәсіздік презумпциясына қатысты Конституцияның 39-бабында аталмаған. Бұдан оның абсолютті емес, салыстырмалуы болуы мүмкіндігін болжауға болады. Яғни, заңмен нақты бір қызмет түріне, оның ішінде мемлекеттік немесе жария қызметке де қатысты, қандай-да бір қажетті талаптар мен шектеулерді қойылуы адамның еңбек, кәсіп түрін таңдау мен еңбек ету конституциялық құқығына шектеу болып табылмайды. Қызметкер өзінің жария, мемлекеттік билік институттарымен байланысты қызмет түрлеріне тағайындағандар алдында өзіне, ерікті түрде мүліктік сипаттағы шектеулерді қабылдауы, сондай-ақ, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына байланысты талаптарды орындауы әбден орынды. Бұндай талаптардың әлемнің көптеген елдерінің заңнамаларында айқындалған.

Заңсыз баю институтына қатысты қылмыстық, әкімшілік, азаматтық болсын жауапкершілікті заңнамалық тұрғыда белгілеу уақыт талабына айналды деуге болады. Бүгінгі таңдағы бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуеті сыбайлас жемқорлықпен, әсіресе заңсыз баюға да қатысты халық арасында орынды сұрақтарды туғызуда. Оларды әрі қарай елемеу күрделі мәселелерге айналуы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарынан халық өзінің қалаулыларының өмір сүруі салты мен қымбат мүліктерінің шығу тегіне қатысты

орын сұрақтарды жиі қоюда. Олардың табыстары мен шығыстарының арасындағы алшақтық, халықтың наразылығын тудырып, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылындырына көңілдерінің толмауына әкелуде. Тіптен, шенеулік балаларының әлеуметтік желілердегі өмір сүру салтының көпшілік назарына қойылуы сыбайлас жемқорлық мәселесін күрделілендіруде. Осы ретте, ондай баюдың арғы жағында сыбайлас жемқорлықтың тұрғанын көпшілікпен назарға алынуда.

Сырт көзге бұл күнделікті қылмыстың бірі болып көрінгенімен оның қоғам мен мемлекетке келтіріп жатқан зардабы орасан зор болуда. Қоғамдағы әділеттілік ұғымын шайқап, мемлекеттің халық алдындағы орындап жатқан міндеттемелерін жоққа шығаруда, азаматтардың өмір сүру сапасын төмендетіп, қоғамдық құндылықтарды құртып, билік институттарына деген сенімін жоғалтуда, түбінде мемлекеттің қауіпсіздігі мен егемендігіне қауіп төндіруші факторға айналуға.

Бұндай жағдайда Конституциямыздың 39-бапта анықталған негіздерді тауып шенеуліктер мен квазимемлекеттік сектор басшыларының кінәсіздік презумпциясына қатысты шектеулерге жол беруге болар еді. Сонымен қатар, бүгінгі мемлекеттік қызмет жауапкершілік презумпциясына негізделген деген пікірді де жөн деп табамыз [114].

Аталған жауапкершілік презумпциясының кейбір элементтерінің белгілерін ҚР Мемлекеттік қызмет туралы заңының 59-баптың 3-тармағында мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтату негіздері қатарында мемлекеттік саяси қызметші өзінің кірістері және өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсыну жағдайы аталған, сондай норма мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қатысты аталған заңның 61-бабында анықталған [115].

Мәні мен мазмұны бойынша аталған нормаларда заңсыз баюға тәртіптік нысандағы құқықтық жауапкершілікті қарастырылған. Бұдан, өзінің мүлкінің шығу тегін негіздеу міндеттемесі лауазымды тұлғаның құқықтарын бұзу емес, керісінше, оның тікелей міндеті болып табылады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР Конституциясы мен басқа заңдардың негізінде, жария билік қызметкерлеріне қатысты кінәсіздік презумпциясы шектелуі мүмкін және солай болуы тиіс. Сонымен бұл жағдайда, керісінше, кінәлілік презумпциясы бұл санаттағы тұлғаларға қатысты енгізілуі қажет.

Шектелген тұлғаларға қатысты бұны жүзеге асыру үшін заңсыз баюға қатысты сонымен қатар Қылмыстық іс жүргізу кодексіне де өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. ҚР Қылмыстық процесілік кодексінің 19-бабындағы ешкім де өзінің кінәсіздігі дәлелдеуге міндетті емес нормасына сәйкес кез келген мемлекеттік қызметкер оның мүліктерінің шығу көздерін дәлелдеу міндетінен бас тартып, айыптау тарапына жүктеуі мүмкін. Осыған байланысты аталған норманың заңсыз баюға қатысты таралмайтындығын қарастыру қажет.

Ұсынылып отырған өзгерістердің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қауіп төндіруші фактор ретінде анықтау түбегейлі дұрыс емес. Ол келесідей негіздермен түсіндіріледі:

- кінәлілік презумпциясы тек заңсыз баюға қатысты болмақ. Конституцияда меншіктің шектелмейтіндігі нормасы заңды мүлікке қатысты таралады, және де заңсыз жолмен табылуы тиісті құқықтық салдардың туындатуын білдіреді;

- сандық арақатынаста алсақ, жария биліктегі қызметкерлер көп емес, жалпы халық санынан салыстырмалы алғанда 2-3 пайыз болуы мүмкін, және де мемлекеттік аппаратты қысқарту мен квазимемлекеттік секторды жекешелендіру саясатын ескерген жағдайда бұл көрсеткіш одан да төмен болуы мүмкін;

- сыбайлас жемқорлықпен күресте сапалық тұрғыда жаңа жоғары сатыға өту мүмкіндігі;

- бұл тетік сыбайлас жемқорлықтың себептері мен де салдарымен де күресу құралына айналуы мүмкін;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарының залалдарын орны толтырып әлеуметтік әділеттіліктің орнығуына септігін тигізуі мүмкін және т.б.

Заңсыз баюдың келесі бағыты корпоративтік сектордың жемқорлығы тек коммерциялық субъектінің мүдделеріне ғана емес сондай-ақ, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік мүдделеріне қарсы бағытталған. Бірінші кезекте бұл, көлеңкелі экономиканы тудырушы факторлармен байланысты. Экономикалық сегменттегі сыбайлас жемқорлық деңгейінің жоғары болуы міндетті түрде «көлеңкелі экономиканың» дамуына әсер етеді, ол өз кезегінде жаңа сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады, сонымен бұл тұйық шеңберге айналуға. Кейде тіптен, оларды сиамдық-егіздер деп те атайды.

Көлеңкелі экономика әр түрлі аталады: бақыланбайтын, бейресми, жасырын, сұр, қара. Көлеңкелі экономиканың феноменінің аты сияқты, оны қалыптастыратын көптеген факторлар бар: салық төлеуден жалтару, заңнамада көрсетілген белгілі стандарттар мен әкімшілік істерді орындаудан жалтару және т.б. Көлеңкелі экономиканың негізгі салдары - қоғамның нақты кірістерін аздаған артықшылығы бар топтардың пайдасына қайта бөлінуі, бұл өз кезегінде қоғамның әлауқатының төмендеуіне ықпал етеді.

Көлеңкелі экономиканың негізгі себебі - мемлекеттегі әлеуметтік топтар арасындағы сенімнің дағдарысқа ұшырауы және болашаққа сенімнің құлдырауы. Сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика - өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын түсініктер. Көлеңкелі экономика сыбайлас жемқорлықты тудырады, ал қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көлеңкелі экономиканың құнарлы жерін қалыптастырады. Көлеңкелі экономика саясат пен экономиканың барлық салаларында сыбайлас жемқорлық қатынастарды қалыптастырады. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі, көлеңкелі экономиканың көлеңкеде қалуына және түрлі заңсыз схемаларды жасауға мәжбүр етеді. Ең бастысы, көлеңкелі экономика - сыбайлас жемқорлықтың қаржылық негізі және сыбайлас жемқорлық - көлеңкелі экономиканың қаржылық негізі болып табылады. Қазақстанның мемлекеттік органдарының расталған мәліметіне сәйкес,

көлеңкелі экономиканың жыл сайынғы шығыны шамамен 30% -ды құрайды және бұл бағалау соңғы бес жылда өзгерген жоқ. 1991 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде 154 мемлекетте көлеңкелі экономиканың ауқымы туралы үлкен зерттеулер жүргізген Халықаралық валюта қорының сарапшыларының бағалауы көңіл көншітпейді. Олардың бағалауы бойынша, Қазақстанда көлеңкелі экономиканың орташа деңгейі - 38,88% [116].

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы көлеңкелі экономиканың үлесі 29,8%-ға артқан, ал Елбасының тапсырмасы бойынша үш жыл ішінде оның үлесі 40%-ға қысқаруы қажет. Мамандар қаржы ағындарының көлеңкеге кетуінің салдары ұлттық экономиканың жетілмегені, экономиканың бизнесті әкімшіліктік реттеуге бағытталауы, ұзақ мерзімді әрі қымбат бюрократиялық процедуралардың болуы, сондай-ақ салық және банк жүйесінің жетілмегенімен байланысты деп анықтауда [117].

Бұндай тенденцияның қылмыстық-құқықтық аспектілерін қарастырсақ, жоғарыда аталған бұндай заңсыз әрекет, басқа қылмысқа баруға итермелейді. Себебі, заңсыз активтерді заңдастыру мәселесі туындайды немесе оларды сыртқа шығару қулықтары орын алады. Бұл санаттағы қылмыстар дәстүрлі түрде «ақ жағалылардың» еншісі болып табылатындықтан қағаз-құжаттарда бұл әрекеттер заңды мәмілелер болып көрінгенімен бұл қылмысты жасырудың кезекті сатысы болып қалуда. Мемлекеттердің экономикалық негіздерін әлсіретумен қатар, оның негізгі функцияларының бірі болып табылатын әлеуметтік міндеттерді, табыс көздерінің төмендеуіне байланысты орындауды қиындатады.

Мемлекеттердің экономикалық негіздерін шайқайтын бұндай әрекеттер қылмыс құрамы ретінде танылып қудаланып та жатыр. Оған құқықтық негіздер де жасалған. Солардың қатарындағы қылмыстық жолмен алынған крістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР 2009 жылғы 28 тамыздағы заңын атауға болады. Осы заңға сәйкес, бұндай әрекеттер қылмыс құрамы ретінде танылып, ҚР ҚК-нің 218-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету қылмыс болып табылады.

Шын мәнінде аталмыш бап сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күресу қажеттігінен туындаған шара ретінде тиімділі төмен құралдарға жатқызуға болады. Бұл көріністі қылмыстық-құқықтық статистикадан байқауға болады. Мәселен, СДТБТ-не сәйкес, ҚР ҚК-нің 218-бабымен тіркелген және сотқа жіберілген қылмыстық істер саны, тіркелген предикаттық қылмыстар санынан айтарлықтай төмен. Тек 2015 жылы тіркелген қылмыстық істер 54 болса, олар

бойынша сотқа қаралғандар тек 22 қылмыстық іс болған. Бұл көрсеткіш 2016 жылы 64 болса, сотқа жеткені 56 іс, 2017 жылы 79 қылмыстық іс тіркелсе, олардың 56 бойынша сот үкімімен аяқталған, 2018 жылы 64 қылмыстық істің 47 сотта қарастырылған [118].

Осы санаттағы предикаттық қылмыстық істердің қатарына келесілер болған: ҚР ҚК-нің 262-бабы (Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу), 263-бабы (Қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу), 264-бабы (Трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу), 297-бабы (Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу), 302-бабы (Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар беру), 307-бабы (Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру), 361-бап (Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану), 366 -бабы (пара алу).

Тек, нақты ҚР ҚК-нің 218-бап бойынша 2017 жылы 2 қылмыстық іс бойынша сот үкімі шығып 5 адам сотталған.

ҚР ҚК-нің 218-бабының құқыққолдану тәжірибесін зерделеу басым бөлігінде, экономикалық сипаттағы қылмыстар бойынша қолданылу айқындап отыр.

ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің экономикалық қылмыстарды тергеу қызметінің нәтижелерін талдауда ҚР ҚК-нің 218-бабы бойынша 2017 жылдың 12 айында қылмыстық іс жүргізу өндірісінде 45 іс болса, олардың 23 ауыр санаттағы қылмыстарға жатқызылған, 37 қылмыстық іс бойынша өндіріспен аяқталған [119].

Байқағанымыздай, ҚР ҚК-нің 218-бабы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда әлеуеті бар болғанымен, іс жүзінде осы мәселеге қатысты тиімділігі төмен болып қалуда. Сыбайлас жемқорлық жолдарымен алынған активтер ерте ме, кеш пе оларды заңдастыруды қажет немесе сыртқа шығаруды қажет ететіні анық. Осы ретте, заңсыз баю институты өзінің өзектілігін тағы да дәлеледеуде.

Заңсыз баюдың қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) құрамынан бірнеше негізгі ерекшеліктері бар:

1) заңсыз баю жағдайында тек жария билік өкілдеріне қатысты таралуы немесе арнайы субъектілер шеңберінің болуы;

2) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру жағдайында предикаттық қылмыстардың орын алуын дәлелдеу қажет етсе, заңсыз баю мәселесінде бұндай сұрақтар туындамайды;

3) заңсыз баюда жария билік өкілінің кірістері мен шығыстары арасындағы негізді байланыстың болмауы басты назарға алынады;

4) заңсыз баю институты тек сыбайлас жемқорлық қылмыстарына таралуы;

5) кінәсіздік презумпциясына қатысты шектеулерге жол берілуі мүмкіндігі және т.б.

Бүгінгі таңдағы елімізде сыбайлас жемқорлықтың аса қауіпті деңгейге жетуі – ұлттық қауіпсіздігіміздің өзекті мәселесіне айналууда. Оған қарсы қабылданып жатқан шаралардың нәтижесі төмен болып қалуда. Бұны сыбайлас жемқорлық деңгейін зерртеуші халықаралық үкіметтік емес ұйым Transparency International мәлеметтерінен де байқауға болды. Онда Қазақстан 2019 жылы 180 елдің ішінен 113 орынға жеткен. [120].

Ең бастысы, мемлекет болсын, қоғам болсын жемқорлықпен ешқандай экономикалық даму болу мүмкін еместігін түсіну қажет. Осыған байланысты қоғам мен мемлекет игілігі үшін тек жария билік өкілдеріне қатысты кінәсіздік презумпциясына қатысты шектеулерге баруға болатындығы негізделеді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, БҰҰ Сыбайлас жемқорлықпен күрес конвенциясының 20-бабын және ҚР Конституциясының 39-бабын басшылыққа ала отырып ҚР ҚК-нің 15 тарауын заңсыз (негізсіз) баю қылмыс құрамын келесідей мәтінде енгізуге болады: «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңында анықталған тұлғалардың заңды табыстарынан активтерінің елеулі түрде артып кетуін, ол заңды жолмен алынғанын негізделмеуі және/немесе өзге тұлғалар атына оны жасыру – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Баптың екінші бөлігін келесідей: « Мынадай: 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Осы ұсынылып отырған бапқа ескертпе ретінде тұлғаның заңды табыстарынан активтерінің елеулі түрде артып кетуі деп 50 мың айлық есептік көрсеткіштен асуы танылады және активтер қатарына: ақша, мүлктік және мүлктік емес құқықтар, криптовалюталар жатқызылады.

Сонымен қатар, ҚР ҚК-нің 50-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалып және мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу қажет.

Бұл ұсыныс еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жаңа нәтижелілігі жоғары сапалық деңгейге көтеріп, оның қоғамда, әсіресе жоғары деңгейдегі ұйымдасқан сыбайлас жемқорлықты құрықтауға мүмкіндіктер беруі мүмкін. Нәтижесінде, мемлекетпен қабылданып жатқан реформалардың сапасы артып, халықтың өмір сүру деңгейі өсіп жұртпен билік арасындағы сенімді, берік қатынастар нығаяуы мүмкін.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін дәстүрлі емес болып саналатын квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық мәселелері тың, аз зерттелген тақырыптардың бірі ретінде қарастырсақ, осы зерттеудің маңызы мен өзектілігі арта түспек.

Жемқорлық құбылысының қоғамдық қарым-қатынастардың көптеген салаларына әр түрлі жалдар мен нұсқаларда еніп, ғаламдық мәселелердің қатарына қосылуда. Қалыптасып қалған сыбайлас жемқорлық қалыптары уақыт өткен сайын мемлекеттік, биліктік саладан – корпоративтік, квазимемлекеттік сала қатынастарына трансформациялануда.

Квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық мәселелері тақырыбына арналған диссертациялық жұмыс сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелеріне арналған аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.

Экономикамыздың 60 пайыз активтерін және ЖІӨ-нің басым бөлігін өз қолына шоғырландырылған квазимемлекеттік сектор бүгінде сыбайлас жемқорлықтың үлкен тәуекелдеріне оралған. Тіптен, сыбайлас жемқорлықтың «жылыжайына» деп аталып жүр. Оның себептері қатарында: саладағы шешімдерді қабылдау үрдісіндегі ашықтық пен бақылаудың аздығы, сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, «көлеңкелі экономиканың» дамуына жағдайлардың жасалуы және т.б. Олардың салдарынан келтірілетін зиян мен залалдың көлемі миллиардтаған теңгемен есептелсе, жалпы экономикамыздың дамуына негізгі тежеуші факторлардың бірі болып табылады.

Осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрекеттері мемлекеттік деңгейде қабылданып жүзеге асырылуына, қарамастан бұл шаралар қомақты жемістерін бермеуде.

Диссертациялық зерттеу барысында мәселеге байланысты, салалық заңнаманы жетілдіру қажеттілігі анықталды, солардың қатарындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері, заңды тұлғалар мүдделері үшін жасалатын жемқорлық қылмыстары үшін оларға құқықтық ықпал ету, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы іс-қимылда заңсыз баю институтын ендіру мәселелері көтеріліп, олардың құқықтық мәні ашылып, шетел мемлекеттерінің осы бағыттағы озық тәжірибелерімен ұштастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсатында келесілер анықталған:

- квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері институтын құқыққолдану тәжірибесін ескерумен құқықтық олқылықтарды жетілдіруге ұсыныс енгізу;
- заңды тұлға мүддесі үшін жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін оған құқықтық салдар мәселесіне ұсыныс дайындау;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы іс-қимылда заңсыз баю институтының шетелдік тәжірибелерін зерделеу мен отандық ерекшеліктерді ұштастырумен заңнамаға толықтырулар енгізуге ұсыныс қарастыру;

Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша қойылған мақсаттардың келесілері шешілді:

- Квazимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық іс-қимылдың қылмыстық құқықтық тетіктерін жетілдіру және құқық қолданудағы қиындықтарды шеші мен заңнаманы жетілдіру мақсатында ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1 бабының 2-2 тармақшасына: «Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектiсінде әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындауға жалдамалы нысанда қызмет ететін адам» деп толықтыру қажет. Ол мемлекеттік ұйымда, квазимемлекеттік секторда болсын сыбайлас жемқорлықпен күресте сырт қалатын аутсорсинг және аутстаффинг жағдайындағы тұлғаларға жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыруға мүмкіндік берер еді. Осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттырып, қоғам мен мемлекет мүддесіне қызмет етеді.

- Заңды тұлға мүдделері үшін оның өкілімен сыбайлас жемқорлық қылмысына барған жағдайда заңды тұлғаға қылмыстық-құқықтық емес нысандарда ықпал жасау тетіктерін енгізу мақсатында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабындағы кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары қатарына: «Кәсіпкерлік субъектiсiнiң мүддесі үшін оның өкіліне қатысты сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық үшін айыптау үкімі немесе әкімшілік ісі бойынша қаулының күшіне енген жағдайда кәсіпкерлік субъектiсiне қатысты заңнамада қарастырылған тәртіпте жауапкершілік туындайды» деп толықтыру қажет. Яғни, бұл бланкеттік норма болғандықтан, сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік сатып алулар туралы заңының 6-бабындағы мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер қатарына: «Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары бойынша заңды тұлға мүддесі үшін өкіліне қатысты немесе жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметінің мүддесіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуларға қатысу мүмкіндігі 3 жылға дейін шектеледі» деп толықтыру. Бұл кәсіпкерлік субъектілерінің сыбайлас жемқорлықсыз адал, бәсекелестік ортада әрекет етуіне, экономикамыздың сапалық тұрғыда дамып, нәтижесінде халықтың әлауқатының артуына септігін тигізер еді.

- Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының жоғары латенттілігіне ие болуына байланысты онымен тиімді күресте негізгі күшті оның пайдакүнемдік іргетасына, яғни билік арқылы заңсыз баюға мүмкіндіктерді жоққа шығару қажет. Соның көрнекті нысаны ол «заңсыз баю» институты, сыбайлас жемқорлықтың тек салдарымен ғана емес, сондай-ақ, оның алдын алуға мүмкіндік берер еді. БҰҰ Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы конвенциясының 20-бабын және ҚР Конституциясының 39-бабын негіздерінде ҚР ҚК-нің 15 тарауына заңсыз (негізсіз) баю қылмыс құрамын келесідей мәтінде «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңында анықталған тұлғалардың заңды табыстарынан активтерінің елеулі түрде артып кетуін, ол заңды жолмен алынғанын негізделмеуі және/немесе өзге тұлғалар атына оны жасыру – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға

жазаланады. Баптың екінші бөлігін келесідей: « Мынадай: 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп енгізу қажет. Осы ұсынылып отырған бапқа ескертпе ретінде: «тұлғаның заңды табыстарынан активтерінің елеулі түрде артып кетуі деп 50 мың айлық есептік көрсеткіштен асуы танылады және активтер қатарына: ақша, мүлкі және мүлкі емес құқықтар, кез-келген материалдық құндылықтар, криптовалюталар жатқызылады.»

Баяндалғанның негізінде, зерттеудің алдына қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілгендігін атауға болады.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кейбір қылмыстық-құқықтық мәселелері қарастырылып, ондағы өзекті мәселелердің мәнін ашу негізінде заңнамалық тұрығыда жетілдіру жолдарына ұсынымдар берілген, сондай-ақ аталған ұсынымдардың теориялық және тәжірибелік тұрғыда ауқымды құқықтық зерттеу қарастырылған.

Зерттеудің басты мәселелерінің бірі квазимемлекеттік сектор саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қылмыстық-құқықтық әлеуеттің, жемқорлық қылмыстарын туғызушы себептер және оның салдарымен күресу құралдарымен өзара байланыста қарастырылды.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық аспектілеріне қатысты арналған мемлекеттік тілде отандық зерттеулер жоқтың қасы, бұл зерттеу солардың алғашқысы болып табылады, соның негізінде оның құндылығы арта түспек. Сонымен қатар, тақырып төңірегінде жазылған бірнеше ғылыми мақалаларды атап өту керек.

Зерттеу нәтижелерінен шығарылған заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар құқықшығармашылық қызметте, тәжірибеде құқыққолданушылармен қолдануға, квазимемлекеттік және корпоративтік сектор субъектілерімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдірінің анализін жасауда қолдануға болады. Сонымен қатар, құқықтық пәндердің сыбайлас жемқорлыққа мәселелері бойынша дәріс және тәжірибеде пайдалы болып, алдағы уақытта осы тақырып төңірегіндегі жаңа зерттеулерге негіз жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің ресми сайты. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.gosreestr.kz/ru/>
2. Н.Н. Турецкий. Правовые и организационные меры противодействия коррупции в Республике Казахстан // Российское право. Образование Практика. Наука. – 2017. - №3. – С. 62-65.
3. Информационный бюллетень правовых реформ Республики Казахстан выпуск 4. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35514157
4. Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің Стамбұлдық жоспары мониторингінің төртінші раунды аралық баяндамасы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Kazakhstan-Progress-Update-2019-RUS.pdf>
6. Суд считает, что журналисты должны были подать иск против Булата Бакауова. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://pravon.kz/post/view/54420>
7. Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>
8. Суд объяснил отказ в информации о гос заказе коммерческой тайной. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://bureau.kz/novosti/>
9. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік туралы 2015 жылғы 29 қазандағы кодексі. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
10. Казахстан попал в топ 15 стран худшими законами о доступе к информации [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.uralskweek.kz/>
11. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_
12. Александрова О.А. «Информационная открытость как составляющая противодействия коррупции». Автореферат на соискание к.ю.н. - Москва, 2012.
13. Адрианов В.Д. Коррупция как глобальная проблема современности // Маркетинг. – 2008. - №2 (99) – С. 3-23

14. Филиппова Т.В. Деактивация теневой экономики России. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://books.google.kz/books?id=5lilAwAAQBAJ&pg=PA150&lpg=PA150&dq>
15. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986/>
16. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://agkipr.kz/archives/1264/>
17. М.Д. Каражанов, Ж.К. Каражанова, Д.А. Жампеисов, Меры противодействия коррупционной преступности в квазигосударственном и частном секторах Республики Казахстан // Всероссийский криминологический журнал. – 2017. Т. 11. - №1. – С. 190–204
18. Мемлекеттік кәсіпорын туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңымен. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002335_
19. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000263_#z3
20. Развитию квазигосударственного сектора в РК препятствует коррупция – Шпекбаев. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.zakon.kz/>
21. «Эффективность квазигосударственного сектора: вопросы и предложения». [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://camonitor.kz/>
22. «Эффективность квазигосударственного сектора: вопросы и предложения». [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://agkipr.kz/archives/1264>
23. Transparency Kazakhstan: ТОО и АО с 100 % участием государства переведут в госпредприятия. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://dailynews.kz/>
24. Криминализация финансово-хозяйственных отношений в сфере государственных закупок (компаративистический анализ)// Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. – 2018. - №3. —С. 161-170
25. Авдеев В.А. Уголовно-правовая политика Российской Федерации в сфере противодействия преступлениям коррупционной направленности / В.А. Авдеев, О.А. Авдеева // Актуальные проблемы противодействия коррупционным преступлениям : сб. материалов Всерос. науч.-практ. конф., Хабаровск, 19 апр. 2013 г. / под ред. Т.Б. Басовой, К.А. Волкова. —Хабаровск : Юрист, 2013. — С. 8–12
26. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_
27. Г.С. Мауленов – О совершенствовании правовых мер, направленных на противодействие коррупции и организованной преступности в Казахстане Криминология: вчера, сегодня, завтра. – 2008. №2 (15). – С. 88-91

28. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стамбұлдық жоспар мониторингісінің 4 раунды. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Kazakhstan-4thRound-Monitoring-Report-RUS.pdf/>
29. Sutherland E.H. White Collar Crime / Edwin H. Sutherland. — Westport, Conn. : Greenwood Press, 1983. — 272 p.
30. Schneider F. Increasing Shadow Economies Allover the World. — Fiction or Reality / F. Schneider. — Mode of access. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://papers.ssrn.com>
31. Green S. Cheating, and Stealing: A Moral Theory of White Collar Crime / S. Green, P. Lying. — Oxford : Oxford Univ. Press, 2006. — 284 p. 11.
32. Н.А. Подольный, Н.Н. Подольная – Корпоративная коррупция: обоснование проблемы. Всероссийский криминологический журнал. – 2016. – № 3 (Том3). – С. 521–530
33. Клейнер Г.Б. К определению корпоративной коррупции в России / Г.Б. Клейнер // Стратегическое планирование и развитие предприятий : материалы 11-го Всерос. симпозиума. Москва, 13–14 апр. 2010 г. / под ред. Г.Б. Клейнера. — М. : Центр. экон.-мат. ин-т РАН, 2010. — С. 104–107
34. Красноусов С.Д. Коммерческий подкуп как форма коррупции в частном секторе: понятие и противодействие : автореф. дис. канд. юрид. наук : 12.00.08 / С.Д. Красноусов. — Владивосток, 2012. — 27 с.
35. Левченко П.И. Криминологическая и уголовно-социологическая характеристики коммерческого подкупа / П.И. Левченко // Юрист-правовед. — 2014. — № 5 (66). — С. 121–124.
36. Казахстан новый экономический рост. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.vsemirnyjbank.org/>
37. Квазигосударственный сектор Казахстана поставил под удар финансовую стабильность страны. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [-https://mk-kz.kz/economics](https://mk-kz.kz/economics)
38. Әкімшілік рәсімдер туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [/http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107_)
39. Мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға берудің кейбір мәселелері туралы ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №70 бұйрығы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019130#z110>
40. Госслужащих и сотрудников нацкомпании сократят. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [/https://newtimes.kz/](https://newtimes.kz/)
41. «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000008S>
42. Тайна КазМунайГаза. Кузнец нам не нужен. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [/https://www.caravan.kz/](https://www.caravan.kz/)

43. ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есептер Комитетінің информациялық қызметінің статистикалық есептері. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://qamqor.gov.kz/>
44. Деятельность Группы государств по борьбе с коррупцией (ГРЕКО). Официальный сайт Совета Европы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.coe.int/>
45. Зарубежный опыт противодействия коррупции (Доклад Московского бюро по правам человека). [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://argumentua.com/>
46. Аналитическая группа «Кипр». Эффективность квазигосударственного сектора: вопросы и предложения. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://agkipr.kz/>
47. Стамбұлдық жоспардың 4 рауд мониторингінің баяндамасы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.oecd.org/corruption/>
48. О штрафах за коррупцию. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.zakon.kz/>
49. ҚР Жоғары сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>
50. Наказание за взяточничество в разных странах мира. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://ria.ru/20081209/156824060.html>
51. В казахстане выросла средняя сумма взяток. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://kursiv.kz/news/>
52. «ҚазАвтоЖол» ҰҚ Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сыртқы талдау нәтижелері. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://gov.kz/memleket/entities/>
53. Управленцы из КазАгро получают по миллиону в месяц. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://kazakh-zerno.net/>
54. ТОО и АО с участием государства. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://tikazakhstan.org/>
55. Зарубежный опыт наказания за взяточничество [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://ria.ru/>
56. ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар Кеңесінің 2019 жылғы 24 мамырдағы материалдары [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://legalacts.egov.kz/>
57. Government procurement in the European Union. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://ru.qwe.wiki/wiki/>
58. 2011 Model Law-on-Public Procurement. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.uncitral.org/>
59. Борьба с коррупцией изменять ли ситуацию аресты чиновников. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://otr-online.ru/programmy/pravda/bor-ba-s-korrupciey-izmenyat-li-situaciyu-aresty-chinovnikov-32897.html>
60. Криминализация финансово-хозяйственных отношений в сфере государственных закупок (компаративистский анализ) Семькина О.И. Журнал

- зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. . - №3. – С. 162-170
61. Directive of the European Parliament and of the Council 2014/25/EU of 26 February 2014 on procurement by entities operating in the water, energy, transport and postal services sectors (and repealing Directive 2004/17/EC). [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://eur-lex.europa>.
 62. Русское государственное право. Т. 2. Часть Особенная. под ред. Коркунов Н.М. – СПб.: ИздатП, 1909. – 694.
 63. Квазигос устроили разнос. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://inbusiness.kz/>
 64. ҚР Бюджет кодексі 2008 жыл 4-желтоқсандағы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_
 65. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексі 2014 жыл 5-шілдедегі. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
 66. Айман Турсынхан. Борьба с коррупцией Foresight выпуск 3. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.youtube.com/>
 67. Борьба с коррупцией Foresight выпуск 3. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.youtube.com/>
 68. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агентігінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2019 жылғы ұлттық Баяндамасы» [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [http:// gov.kz/files/](http://gov.kz/files/)
 69. Қылмыстық құқық Ерекше бөлім. Ағыбаев А.Н. – Жеті жарғы, Алма-Ата, 2004. – 540 б.
 70. Шаргородский М.Д. «Прогноз и правовая наука» Вестник Ленинградский юридический институт. – 2014. - №4. – С. 176-189
 71. Аутсорсинг – уикипедия ашық энциклопедиясынан. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://kk.wikipedia.org/>
 72. Аутсорсинг ашық энциклопедиясы мәліметтері. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://kk.wikipedia.org/>
 73. ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [/http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107_)
 74. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №70 «Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға берудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [/http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019130#z110](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019130#z110)
 75. Госслужащих и сотрудников нацкомпании сократят. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://newtimes.kz/>
 76. Тайна КазМунайГаза – кузнец нам не нужен. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.caravan.kz/>
 77. Уголовная ответственность за нарушения в сфере госзакупок. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: [/http://guardinfo.online](http://guardinfo.online)
 78. Corruption in state-owned enterprises. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.unodc.org/>

79. Bobonis, Gustavo, Luis R. Cámara Fuertes, and Rainer Schwabe (2016). Monitoring Corruptible Politicians. *American Economic Review*, vol. 106, no. 8, pp. 2371-2405
80. Уроки масштабного коррупционного скандала Siemens десятилетие спустя. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://www.transparency.org/news/feature/25_corruption_scandals&prev=search
81. Becker G., Posner R. Government Regulation, Competition, and Corruption. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.becker-posner-blog.com/2012/10/government-regulation-competition-and-corruption-becker.html/>
82. Business anti-corruption portal. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.business-anti-corruption.ru/>
83. Даллакян М.С. Коррупция и конкуренция: размышления о связи и последствиях. Экономика: теория и практика. – 2015. – № 2 (38). – С. 88-98
84. Долгова А.И. Коррупция: состояние противодействия и направления оптимизации борьбы /Долгова А. И. и др.; ред. Долговой А. И. Москва: Российская криминологическая ассоц., 2015. – 360 с.
85. What is SOX? 2019 SOX Requirements &More. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://digitalguardian.com/>
86. Т.А. Загарских, Л.П. Домрачева – Антикоруptionный аудит как форма контроля эффективности антикоррупционной деятельности Вестник МФЮА. – 2018. - №1. – С. 80-97
87. Турецкий Н.Н. Антикоруptionная политика Казахстана на современном этапе развития // Актуальные проблемы экономики и права. – 2012. - №4. – С. 21-26
88. ҚР « Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202>
89. Типовой закон ЮНСИТРАЛ о закупках товаров (работ) и услуг с Руководством по его применению. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.uncitral.org/pdf/russian/texts/procurem/ml-procurement/ml-procure-r.pdf>
90. Григорий Кляйн Проект, избежавший коррупции. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://books.google.kz/books/>
91. Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы экономикалық даму мен әріптестік ұйымы – Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардың Стамбұлдық жоспарының 4 раунд мониторингінің баяндамасы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: www.oecd.org/corruption/
92. Более 38 миллиардов намерены потратить на единую антикоррупционную госполитику из бюджета РК в 2019-2021 годы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://zonakz.net/>
93. Independent Commission Against Corruption (Hong Kong). [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://ru.qwe.wiki/wiki/>

94. К.А. Сыч – Относительные теории наказания классической школы уголовного права и их востребованность современной доктриной // Научный форум. . – 2016. - №4. – С. 7-11
95. Н.В. Щедрин – Проблемы и перспективы криминализации незаконного обогащения публичных должностных лиц- Имущественные отношения в РФ. . – 2018. - №12. – С. 62-75
96. И.В. Стороженко - К вопросу о создании и применении института незаконного обогащения в России в контексте противодействия коррупции// Мониторинг правоприменения. – 2012. - №3. – С. 48-52
97. Краснова К.А. — Проблемы имплементации антикоррупционных норм в государствах-членах ЕС // Международное право. – 2015. – № 3. – С. 128 – 141
98. Prevention of Corruption (Amendment) Act. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.lawreform.ie/>
99. О мировой практике применения ст. 20 Конвенции ООН по борьбе с коррупцией [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://beyvora.ru/article/>
100. Борьба с коррупцией: от Швеции до Сингапура. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://argumentua.com/>
101. Михайлов В. Статья 20 Конвенции ООН против коррупции об ответственности за незаконное обогащение и возможные направления отражения ее идеи в правовой системе Российской Федерации // Уголовное право. – 2012. - №2. – С. 113–119
102. Дамаскин О.В., Волков А.Н. Актуальные вопросы законодательного обеспечения ответственности государственных служащих за незаконное обогащение // Современное право. – 2012. - № 4. – С. 37–45
103. Артемов С.Н. Незаконное обогащение // «Конституционное правосудие в странах СНГ и Балтии». – 2017. - № 13. – С. 28–34
104. Постановление Конституционного Суда РФ от 13.06.1996 № 14-П « По делу о проверке конституционности части пятой статьи 97 Уголовно-процессуального кодекса РСФСР в связи с жалобой гражданина В. В. Щелухина» // «Собрание законодательства РФ». – 1996. - №26. – С. 385-392
105. Декларации о доходах и имуществе: угроза для неприкосновенности частной жизни или мощный инструмент борьбы с коррупцией? [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/>
106. ОБСЕ: Руководство по борьбе с коррупцией <https://www.osce.org/ru>
107. Көкелер байыған сайын, қоғам кедейленіп барады, ал бұған заң не дейді. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.zhasalash.kz/>
108. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы ҚР Президентінің 2015 жылғы 19 мамырдағы №24 Жарлығы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000024>
109. «Астана» Халықаралық қаржы орталығы: артқан үміт, күткен нәтиже орасан. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://kazgazeta.kz/>

110. «Астана» қаржы орталағы туралы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000438>
111. Казахстан: Уход ENRC с Лондонской фондовой биржи ставит под сомнение эффективность управления. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://russian.eurasianet.org/>
112. 43 миллиарда премии выплатила КазАгро несмотря на убытки. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://tengrinews.kz/>
113. Современная коррупция: отечественная специфика и зарубежный опыт противодействия. Монография./ М.Н. Билинская, В.В. Моисеев, В.Ф. Ницевич. – М. – Берлин: Директ-Медиа, 2014. с.237
114. Тамерлан Ибраимов. Незаконное обогащение: нужно вводить http://mnenie.akipress.org/unews/un_post:103
115. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы заңы. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>
116. Shadow Economies Around the World. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.imf.org/>
117. Причины и условия возникновения теневой экономики в Казахстане обсудили в Атамекене. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://atameken.kz/>
118. ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің ресми ресурстары. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://qamqor.gov.kz/>
119. ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің мәліметтерінен. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://qamqor.gov.kz/>
120. Transparency International the global coalition against corruption. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://www.transparency.org/>